

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
6-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*



ТАШКЕНТ
2022

УЎК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Қоз)я72
Қ 17

Түзушілер:

У.А. Байкабылов, Д.У. Дуйсабаева,
А.Ж. Үмбетова, Г.А. Нишанова

Пікір жазғандар:

Саттарова Азима – Жоғары Шыршық ауданы
15-мектеп қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы.

Мирзахмедова Рахилия – Шыназ ауданындағы
12-мектеп қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– Ереже



– Үй тапсырмасы



– Жазылым



– Ойталқы



– Ойтүрткі



– Тыңдалым және айтылым



– Оқылым



– Артық болмас білгенің

Оригинал-макет «O‘zbekiston» баспа-полиграфия
шығармашылық үйінде дайындалды

Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды



ISBN 978-9943-8174-4-9

© Республикалық білім орталығы, 2022



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
I БӨЛІМ. МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР	8
Тіл – қатынас құралы.....	8
Қысқаша өмірбаян.....	11
Емхана.....	12
Отбасылық құндылықтар.....	16
Туысқан елдер.....	20
II БӨЛІМ. ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМДАРЫ	28
Таулар – жердің қазығы.....	28
Табиғатта судың пайда болуы?.....	30
Әлемдегі ғаламдық мәселе.....	34
Қайта өңделетін қоқыстар.....	37
III БӨЛІМ. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ!	44
Көз нұрын қорғайық.....	44
Мөлшерден артық тамақтанбау.....	46
Бауыр – ең еңбекқор мүше.....	51
Жүзуді білесің бе?.....	53
IV БӨЛІМ. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ	55
Қабілет және кәсіп.....	55
Диқан елді бағар.....	67
Компьютер графикасы.....	73
Мен тележүргізуші болсам... ..	78
V БӨЛІМ. ЖАС ЭКОНОМИСТ	82
Импорт немесе экспорт.....	82
Салық төлеу білесің бе?	85
Коммуналдық төлемдер.....	89
VI БӨЛІМ. ПӘН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	93
Электрондық пошта.....	93
Менделеев элементтері.....	109
Көркем табиғат және көрікті жерлер.....	123





VII БӨЛІМ. ТІЛ МЕН ДІЛ	132
Түркістан.....	132
Қабырғадағы жазулар.....	134
Саяхатшыларға гидтік жасау.....	137
Ағылшын тілі – әлем тілі.....	140
VIII БӨЛІМ. ТАРИХ ҚАЗЫНАЛАРЫ	143
Мұз дәуірі.....	143
Қонақжайлылық – ата дәстүр.....	151
Адамның бір қызығы бала деген... ..	162
IX БӨЛІМ. ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ	176
Ұлттық саз аспаптары.....	176
X БӨЛІМ. БІЗДІҢ ҚҰҚЫҚЫМЫЗ	179
Конституция – ата заңымыз.....	179
Тарихи тұлғалар тағылымы.....	188
Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.....	203
Өз депутатыңды танысың ба?.....	211
XI БӨЛІМ. ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДА ҚАЙТАЛАУ	215





АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

6-сыныпқа қош келдіңдер! «Қазақ тілі» сендердің сүйіп оқитын пәндерің екендігіне сенімдіміз. Өйткені сендер бұл пән арқылы өздеріңнің ана тілдеріңмен қатар, қазақ халқының тарихи жолдарын, ұлттық құндылықтарын, мәдениетін танып-білесіңдер. Қазақ тілін оқып-үйрену арқылы ана тілінің құдіретін, қадір-қасиетін ұғынасыңдар. Пәннің басты мақсаты – ана тілін құрметтеуге, оның тереңдігін мақтан тұтуға үйрету.

Тіл – қасиетті, құдіретті ұғым. Сендер бұл сыныпта тілдің құндылық екенін ұғына отырып, оның қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі қажеттілігін түйсінетін боласыңдар. Тіл арқылы ата-бабаларымыздың сан ғасырлық мәдени мұраларымен танысасыңдар. Қазақ тілін оқып-үйрену негізінде қазіргі таңда болып жатқан заманауи ғылыми, әлеуметтік жетістіктер туралы көптеген мағлұмат аласыңдар. Өткен сыныпта алған білімдеріңді жетілдіріп, енді 6-сыныпта қазақ тілінің бай қорымен жақын танысатын боласыңдар. Танымдық мәтіндер сендердің жас ерекшеліктеріңе сай құрастырылды. Орындауға ұсынылған сұрақтар мен тапсырмалар шығармашылық қабілеттеріңді дамытуға, жаңаша ойлауға, қандай да бір мәселе бойынша жылдам шешім қабылдай алуға жетелейтін жұмыс түрлерінен тұрады.

Сендер қолдарыңа «Қазақ тілі» оқулығын алып отырсыңдар. Қазақ тілі – ана тілің, ата-бабаларыңның тілі. Ана тілін сүйген азамат елін де, жерін де сүйеді. «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ. Мүсірепов). Бойында қазақтың қаны бар, намысы бар кез келген адам бабалардан қалған асыл мұрасы – ана тілін қадірлеуге, оны көздің қарашығындай қорғауға міндетті. Себебі тіл – ұлттың белгісі, мемлекеттің айбыны.

Ана тілін арға балаған қазақ киелі сөздің қадір-қасиетін терең ұғынған. Аталы сөзге тоқтаған. Ауыз әдебиетінің бай мұралары (тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, дастандар), ұлы Абайдың шығармалары, бүгінгі әдебиетіміздің жетістіктері – бәрі тіліміздің көркем де шұрайлы, нәрлі екенін көрсетеді.


Сондай тіліміздің нәрін бойына сіңірген, ойын ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білетін, ой-өрісі дамыған, түрлі орта-

да еркін қарым-қатынасқа түсуге бейім тұлға ретінде қалыптасу үшін «Қазақ тілі» оқулығымен дос болыңдар!

Оқулық жаңа бағытта, жаңа үлгіде жазылды. Оқулықтағы білім мазмұны танымдық оқу материалдарынан бастап, күнделікті тіршілікте қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі пайдалы кеңес, білімділік дағдыларынан құралады. Оқулық құрылымындағы тапсырмалардың көбі шығармашылыққа, ізденушілікке, топпен жұмыс істей білуге үйретеді. Сабақта қолданылатын интербелсенді әдістер, инновациялық технологиялар оқулықтағы тілдік білімді ұтымды меңгерулеріңе көмектеседі деп сенеміз. Ендеше «Қазақ тілі» деп аталатын ғажап әлемге басқан қадамдарыңа сәттілік тілейміз!


Ендеше, қазақ тілі әлемін бірге саяхаттайық, жас достар!

Оқулық авторлары





ЖАҢА ОҚУ ЖИЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БАЛАЛАР!



Сәлем саған, алтын ұя мектебім,
Саған айтар, алғыстарым көп менің.
Өзің берген біліміңмен сусындап,
Құшағыңда өркендедім, көктедім.

Сәлем саған, мектебімнің бақтары,
Өзінде өткен жастығымның шақтары.
Әлішер мен Мұқағали, Абайдың,
Ортақ тілді өлеңдерін жаттадым.

Сәлем бүкіл балаларым, баршаңа,
Өздеріңдей шәкірт ұшты қаншама.
Ұлы елде бақыттысың бәрің де,
Бүкіл әлем қарай берсін тамсана.

Білім деген толқып тұрған теңіздей,
Тәлім менен тәрбиеде егіздей.
Болашағы Ұлы елдің – өздерің,
Білім шыңын игеріңдер ерінбей.

(С. Иманбеков)

I БӨЛІМ. МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР

ТІЛ – ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ

Тіл – қарапайым, рухани мирасты сақтау және байытудың ең басты құралы. Материалдық және рухани мирас түсінігі. Оларды жарату, сақтау және байытуға тілдің маңызы. «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында сұхбат.

Тіл – халық қазынасы

Мәтіннің мазмұнын түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Ауызекі сөйлеу стиліндегі тілдік құралдарды табыңдар.



Сөйлеу – тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің көмегімен адамдар қоршаған орта туралы көптеген жаңа және қызықты нәрселерді біледі. Олар оқиды, ойланады, өз ойларын ортаға салады, білгенін айтады, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.

Ана тілім

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Бұл тіл саған өмірге келген күніңнен таныс. Анаң саған арнап осы тілде бесік жырын айтты.

Біздің тіліміз – өте бай тіл. Сен өз тіліңді құрметтеуге міндеттісің. Ана тіліне ұқыпсыз қарау – мәдениетсіздіктің белгісі.

Ана тілі сол тілде сөйлейтін халықпен бірге өмір сүреді және сол халықтың өкілдері үшін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тілінен айырылған халық өзіне тән барлық қасиетін жоғалтып, халық болудан қалады. Тіл ана тілі атануы үшін, бұл күнделікті өмірде ұдайы қолданыста болуға тиіс.

Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі – адамдардың бір-бірімен сөйлесу, бір нәрсе жайында пікір алысу үшін қызмет етуі. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылы жеткізуі. Үшінші қызметі – адам өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын, күйініші мен сүйінішін жақсы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы білдіруі.



1. Соңғы сөйлемді көшіріп жаз.
2. Сөйлемнің мағынасын қалай түсінетініңді айтып көр.
3. Сен тілдің көмегінсіз өз ойыңды түсіндіре аласың ба?
4. Ана тіліне байланысты ғибратты сөздерді оқып, өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тапқырлығы таңғалдырады. *(Василий Радлов)*

«Ана тілі» дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін ұмытқан адам, өз халқының өткенінен де, болшағынан да қол үзеді.

(Ғабит Мүсірепов)

...Жоғалып, өшіп кеткен тілдердің қайта тіріліп келмейтіндігі белгілі. Жаңадан тіл пайда болмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі біткен. Сондықтан қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек. *(Шыңғыс Айтматов)*

5. Ана тілінің адам өміріндегі маңызын «Кубизм» әдісімен талдаңдар. Суретте: «Қазақ тілінің қазіргі жай-күйі».

Салыстыр: «Басқа тілдермен салыстырыңдар».

Болжа: «Ана тілдің болашағы қандай болмақ?»

Талқыла: «Ана тілін білмейтін ұрпақ өсіп жатыр».

Жарияла: «Қазақ тілінің болашағы зор».

Қорытындыла: «Ана тілің – арың бұл».

6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Ғибратты сөздерде көтерілген мәселе бойынша нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

2. «Ғабит Мүсірепов – ұлт жанашыры» тақырыбында эссе жазыңдар.

КӨП ТІЛ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, тіл үйрену ешуақытта артықтық етпейді. Қазақ атамның осы сөзінің жаны бар секілді. Дәл қазір 6-сынып оқушысы болсам да, болашақта көп тілді меңгергім келеді. Көп адамнан «Сізге бірнеше тіл білу қажет пе?» деп сұрасаңыз, «жоқ» деп, жалтарады. Қазіргі таңда шет тілін меңгермесеңіз де, қазақ тілді ресурстардың жеткілікті екенін айтады. Өкінішке орай, мұндай адамдар, біз өмір сүріп отырған, қоғамда бар. Меніңше, тілдің пайдасы туралы оны білмейтін емес, білетін адамнан сұрауымыз керек. Себебі, «қуырдақтың нағыз тіл үйірер дәмін» оны татып көрген адам ғана бағалай алады.

Мен ағылшын тілін белгілі бір дәрежеде білемін. Шетелдік азаматтармен еркін тілдесіп, түсінісуге қауқарым жетеді. Дәл

қазір екінші тілді меңгеріп жатырмын. Ағылшын, орыс, мемлекеттік тіл өзбек тілінде, кез келген тақырыпта әңгіме айта аламыз. Мен бұл тұста нақты айтсам да, шынайы мағынасын өздеріңіз де түсініп отырған шығарсыздар. Кітап бір тілден екінші тілге аударылған кезде, көп өзгеріске ұшырайды. Соның салдарынан көп адам оның құнарын байқамайды.

Осы күнге дейін түсінгенім, ағылшын тілі асқан жинақылық пен ұқыптылықты талап етеді. Адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына көңіл бөледі. Мұны сөйлемнің кез келген жерінде, бас әріппен жазылатын «мен» («I») есімдігінен байқауымызға болады. Әңгімелесу барысында өзге тілді қолданған сайын, өзгеше ойлай бастайсыз.

Адамның қолынан келмейтін іс жоқ. Сіз де көп ұзамай бірнеше тілді меңгере аласыз. Бастысы, қалау екенін ұмытпаңыз!

Сейтқазин Архат



Ауызекі тіл – бірін-бірі көріп және есітіп тұрған адамдардың өзара қарым-қатынасы, әңгімелесуі.
Жазбаша тіл – адамдардың хабарды жазып беруі.



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өзге тілді меңгеру арқылы сен басқа әлемге енесің. Оған басқаша көзқараспен қарайсыз. Әлемді басқа қырынан танудың қандай пайдасы бар?
2. Біз өзгелердің мәдениетіндегі дүниені өзімізге сіңістіре аламыз емес пе?
3. Сен қанша тілді білесің?
4. Тіл үйренуге арналған қандай сайттарды білесің?



2-тапсырма. Мақалдарды оқы. Жаттап ал. Талда.

Білімдіге дүние жарық,
Білімсіздің күні кәріп.

Өнерлінің ырысы –
Жарқырап жатар жолында.

Көргеннен білгенің көп,
Білгеннен білмегенің көп.

Білімдіден ақыл шығар,
Ақылды қарттан нақыл шығар.

Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.





3-тапсырма. Сенің шетелде достарың бар ма? Сұрақтарға жауап бер.

- ❖ Сенің атың кім?
- ❖ Қай елде тұрасың?
- ❖ Қай тілде сөйлейсің?
- ❖ Сенің Қазақстанда танысың бар ма?
- ❖ Танысыңның аты кім?
- ❖ Қай қалада тұрады?



Үй тапсырмасы:

Тілге байланысты нақыл сөздерді пайдалана отырып мәтін жарату.

ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯН

(құжаттар: өмірбаян, пошта индексі, үй адресі)

Өмірбаян – адамзат өмірі мен қызметінің дәйекті сипаттамасы. Өмірбаянды жазу ережелері. Өзінің өмірбаянын жазу туралы тапсырмалар мен жаттығулар.

Өмірбаян (үлгі)

Мен Смағұлов Нұржан Нұрланұлы 1997 жылы Ташкент қаласында дүниеге келдім. Әкем Ержанов Нұрлан – құрылысшы, анам Ержанова Айжан үй шаруасымен айналысады. Жанұямыз 7 адамнан тұрады. Әкем, анам, 3 апам, ағам және мен. Үлкен апам тұрмысқа шықты.

1999 жылы Ташкенттегі №290 мектепке 1-сыныпқа бардым. 5-сыныпта Низами атындағы ТМПУ-дің лицейіне ауыстым. Мектепті жақсы деген бағамен бітірдім. Апайымның есімі – Салиха апай. Маған ЖОО-на түсуіме апайдың зор ықпалы болды. ЖОО-нан 118 балл алып, Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті бағытына грант негізінде оқу орнына түстім. Қазіргі кезде сол оқу орнында оқып жатырмын.

5-сыныпта өткендерді қайталау. Іс қағаз үлгілерін қайталау үшін тапсырмалар орындау.





1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Этикет мазмұнындағы хат үлгілері:

1. Құттықтау хаты туралы мәлімет білесің бе?
2. Алғыс хат қалай жазылады?
3. Кешірім хат дегенде нені түсінесің?

Үлгі: Тіл мерекесіне орай қазақ тілі, ағылшын тілі, өзбек тілі пәндерінен сабақ беретін ұстаздарыңа 3 тілде құттықтау хат жазыңдар.



2-тапсырма. Баяндау мазмұнындағы хат үлгілері бойынша өз пікірлеріңді берілген кестеге толықтырыңдар.

Хабарлама хат	Өмірлік хат	Қызмет хаты	Оқу туралы хат



Үй тапсырмасы:

1. Бұдан тыс және қандай іс қағаздар үлгілерін білесіңдер?
2. Жоғарыдағы 2-тапсырмада берілген кестені сайт арқылы іздеп тауып, толықтырыңдар.
3. Өз өмірбаяндарыңды, көркемдеп жаз.

ЕМХАНА

(емхана туралы мәлімет, қажетті дағдылар)

Кезекте тұрған уақытта және дәрігермен сұхбат кезінде қолданылатын тіл ерекшеліктер. Дәрігердің кеңесі (рецепт, нұсқаулары) мен байланысты мәтіндерді оқи алу және оларға жауап беруге арналған жаттығулар мен тапсырмалар.

Сөз таптарына ажыратуға байланысты өтілген тақырыптарды қайталау.

Сөздің мағыналылығы, тура және ауыспалы мағыналар.

Дәрігер қабылдауынан өту үдерісі, оны сипаттайтын шығармашылық мәтін құрау, онда мақтау мен алғыс білдіретін тіл дыбыстарының қолданылуы.

Лексикадан өткенді қайталау.



Лексика – белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығы. Сөздер заттар мен құбылыстардың аты (кітап, адам, күн), түр-түсі (қызыл, жасыл), саны мен сапасы (бес, алты, жақсы, жаман), қимыл-әрекеті (отыр, тұр, жазды) сияқты алуан түрлі мағыналарды білдіреді.



Тура мағына – сөздің белгілі бір ұғымды білдіретін бастапқы мағынасы, яғни әрбір заттың ұғымның өзіне ғана тән мағынасы.

Ауыспалы мағына – сөз мағынасының ауысып, өзге мағынада қолданылуы. Сөздің ауыспалы мағынасы, көбіне екінші сөзбен тіркескенде пайда болады.

ЕМХАНА

Емхана, (гр. *polis* – қала және клиника) – науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйінде сырқаттанып қалған адамдарға медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ, аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме. Емханада рентген, физиотерапия кабинеттері және басқа да арнайы кабинеттер мен лабораториялар болады.

Адам – көп қырлы физикалық және психикалық көріністері бар біртұтас жүйе. Әр адамның жан дүниесінің ерекшелігі, қоршаған ортамен және әлеуметтік тұрмыстық жағдайлармен байланысы ескерілген кезде ғана ауруды ұғынуға болады. Ауру тек бір мүшені ғана зақымдап қоймай, ол бүкіл ағзада өзгерістер туғызады. Бір ауру әр адамда әр түрлі өтуі мүмкін, яғни емдеу және күтім жүргізу әрқилы, жеке дара болуы керек. Мейірбикенің науқасты түсіне білуінің, оның уайымын сезінуінің маңызы зор. Қазіргі кездегі мейірбике ісінің мәні – бұл мейірбикелік тәжірибенің ғылыми әдісін, яғни мейірбикелік процесті қолдану арқылы науқасқа күтім жүргізу. Мейірбикелік үрдісті жүзеге асыру үшін, мейірбике білуі қажет:

- әртүрлі аурулардың қауіп факторларын, клиникалық көріністерін, асқынуларын, алдын алуды;
- шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету шараларын;



- ішкі мүшелер аурулары кезіндегі науқастардың мәселелерін, мейірбикелік үрдістің мәнін;
«Медициналық қызмет» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құраңдар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1-тапсырма.

1. Денсаулық саласын озық технологиялар енгізіліп,
2. Адамдар спорттың пайдалы екенін біледі,
3. Қазір адамдар Интернет материалдарын көп оқып,



2-тапсырма. Кестедегі сөздермен сөйлем құраңдар.

Зат есім	Етістік
шахмат	ойнау
дәрігер	емдеу
дәріхана	сатып алу
емхана	бару
спорт	айналысу
жеміс-жидек	жеу




3-тапсырма. Мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді пайдаланып, «Дені саудың – жаны сау» тақырыбына полилог құрыңдар.

- Мақал-мәтелдер:** 1. Денсаулық – зор байлық.
2. Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі.
Фразеологизмдер: 1. Тепсе темір үзеді.
2. Жүзіктің көзінен өткендей.



4-тапсырма. Сурет бойынша мақал-мәтел құрастырыңдар.

Денсаулық –





5-тапсырма. Эссе жазып үйренеміз.



Эссе мазмұны логикалық жүйелікте құрылып, ой нақты берілуі керек.

Лексикалық, грамматикалық және стильдік тұрғыдан сауатты жазылуы тиіс.

Адам өмірі дәрігердің қолында.

✓ «Ой ұшқындары»



✓ **Жоспар:**

I. Кіріспе

Дәрігердің қоғамдағы рөлі.

II. Негізгі бөлім:

1. Медицина саласындағы жаңалықтар. 2. Сапалы медициналық қызмет көрсету. 3. Дәрігер және адам өмірі.

III. Қорытынды

Тәжірибелі де білікті дәрігерлерге сұраныс жоғары.

✓ Тақырып мазмұны:

1-бөлім	Кіріспе Дәрігер мамандығы қоғамға қажет. Өйткені адам өмірі
2-бөлім	Негізгі бөлім Қазіргі уақытта еліміз халық денсаулығына ерекше көңіл бөлуде. Сондықтан да медицина саласында түрлі жаңалықтар болып жатыр. Атап айтқанда, Елімізде сапалы дәрігерлік қызмет көрсету үшін, алдымен Өйткені, дәрігер адам өмірі үшін
3-бөлім	Қорытынды Тәжірибелі де білімді дәрігерлер әрқашан қажет. Біріншіден, Екіншіден, Сондықтан.....



Үй тапсырмасы:

1. «Лексика» деген сөзге түсінік беріңдер.
2. Тіліміздің сөз байлығын көрсететін «Түсіндірме сөздіктен» мағыналы сөздер мен мағынасыз сөздерге бес-бестен сөз жинап, карточка жасаңдар.



6-тапсырма. Мына сөздердің құрамындағы дыбыстарды пайдалана отырып, лексикалық мағынасы бар сөздер құрап жазыңдар.

Үлгі: жазба – жаз, баз, бажа, азба, аз, аза.
Жазба, саналы, мейірім. Келіншек, достық.

• **Жазғандарыңды пайдалана отырып, сөздегі дыбыс пен мағынаның байланысын табыңдар.**

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

(отбасымен сұхбат, сәлемдесу әдебі, қажетті дағдылар)

Отбасымен сұхбат үдерісінде қолданылатын тіл дыбыстары, олардың қолданылу мен мағыналары.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей, Отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы



адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы – алғашқы қадам.

Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ деп ойлаймын. Отбасының басты қызығы, алтын тіреуі діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың, міндетін атқару ғана емес, береке – бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі.

Суреттер бойынша тақырыпты болжа:



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбын анықта.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарыңа, туған-туысқандарыңа деген сүйіспеншіліктен басталады.



2-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Балдан тәтті (...)
2. Қара шаңырақ иесі кім? (...)
3. Балаға кім сыншы? (...)
4. Әкеден балаға берілетін зат. (...)
5. Үйдегі алтын адам кім? (...)
6. Адам бойындағы ең асыл қасиет. (...)



3-тапсырма. Екпін түрлерін қолдана отырып, мәтінді оқы. Негізгі және қосымша ақпаратты анықта. Бірінші сөйлемді ой екпіні ережесіне сай бірнеше рет оқып, жұбыңмен талда.

ДАСТАРҚАН

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын, тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де, жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» деген ескертпелер мен мақал-мәтелдер де, куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да, халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік, үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да қазақ кең дастарқан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек, ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді білмеген, төрге шығарып, ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша өз ойыңмен бөліс.

+	Менің білгеніме сәйкес келеді.
–	Менің білгеніме қайшы келеді.
?	Түсініксіз, қосымша мәлімет алғым келеді.



5-тапсырма. Мәтіндегі ең қажетті ақпараттарды анықта. Сұрақтарға жауап бер.

- Халқымыз үшін дастарқанның маңызы қандай?
- «Ас – адамның арқауы» дегенді қалай түсінесің?
- Дефис арқылы жазылатын сөздер мәтінде қандай маңызға ие?



6-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіндегі ақпараттарды өз пікіріңмен дәлелде.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»



Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны ... түсіндіремін».

Үшінші сөйлем: «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен ... деген қорытынды шешімге келдім».



7-тапсырма. Берілген сөздерден мақал-мәтел құрастырып жазыңдар.

1. Ұя, ұшу. 2. Әке, ұл, ана, қыз, өсу. 3. Әке, тау, ана, бұлақ, бала, құрақ.



8-тапсырма. Төмендегі шағын мәтінге сүйене отырып, оқылым мәтінін құра. Сөйлемдердің ауызекі және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктеріне сай болсын.

Отбасы – тек ошақ қасы ғана емес, ол ең алдымен, Отанның ошағы. Отан, отбасы деген сөздердің түбірі «от» деген киелі ұғымнан бастау алған. От бар жерде өмір бар. Өмір болған соң, отбасы құрылады. Мың, миллиондаған отбасы Отан деген ұғымды құрайды. Отаның болу үшін жерің, үйің, елің, мемлекетің, дінің, тілің болуы шарт. Мемлекет отбасынан құрылса, отбасы туыс адамдардан құрылады.

(Балалар энциклопедиясынан)



9-тапсырма. Мәтіндегі өзің таңдаған сөйлемді екпін түрлеріне сәйкес оқып бер.

Балаға жаратылыс сұлулығынан ләззат алғызу. Жаратылыста неше түрлі сұлулықтың бәрі бар. Бала бұлақтың былдырын, судың сылдырын, жапырақтың сыбдырын, орманның күңіренгенін, теңіздің гүрілдегенін естісін. Жымыңдаған жұлдыздар себілген көк шатыр көкті, түрлі түсті кемпірқосағын, буыны жоқ бұраңдаған қайыңды көрсін. Жаратылыс сұлу. Бала сол сұлу жаратылыстың құшағында болсын. Балада сұлулық сезімдері еріксіз оянады. Тәрбиеші жаратылыстағы түрлі сұлулықтарға баланың іскерлігін аудару білу керек.

Баланың маңайындағы нәрсенің бәрі жинақы, ретті, таза болсын. Таза деген сөзді қымбат деп ұғу қате. Тегінде қымбаттың бәрі сұлу деп ұғу қате ғой.

Баланың маңайындағы нәрсе қымбат болмасын, таза, ретті, тәртіпті болсын. Үйдің іші, киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі таза болуға тиіс.

(М. Жұмабаев)



10-тапсырма. Өз отбасыңда сақталып келе жатқан дәстүрлерді, екпіннің түрлерін қолдана отырып баянда. Солардың ішінен өзіңе қандай отбасылық дәстүрлер ұнайтынын айт.



11-тапсырма. «Менің отбасымның мүшелері» тақырыбында ата-анаңа немесе іні-қарындасыңа құттықтау сөз жаз.



12-тапсырма. Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.



Диалог және оның тыныс белгілері

Диалог – бірнеше адамның бір-бірімен сөйлесуі немесе адамның өз-өзімен іштей сөйлесуі. Диалогта әр адамның сөзі жаңа жолдан және сызықшамен басталады. Мысалы:

- Қарағым, сен кімнің баласысың?
- Асанбайдың.
- Әкең қазір қайда?
- Қой бағып кеткен.

Диалогта төл сөз бен автор сөзі араласып келе береді. Мысалы:

- Асық ойнап жүрген бала келіп амандасқанда, Сапархан:
- Қарағым, сен кімнің баласысың? – деп сұрады. Бала:
 - Асанбайдың, – деп қысқа жауап қайырды.
- Сапархан енді балаға тіке қарап:
- Әкең қазір қайда? – деді.
- Бала да бұл кім болды екен дегендей:
- Қой бағып кеткен, – деп тесіле қарады.

ТУЫСҚАН ЕЛДЕР

Ұлт пен ұлыстарды өрнектейтін тіл дыбыстары және олардың емлесі. Тілдердің жоғалуы: себептер мен факторлар. Тілдің жаны бар ма? Тілралық теңсіздік.

«Интернет – тілдердің жасау шарты» мәтінін оқу, мәтін негізінде тапсырмаларды орындау. «Ана тілім – алтын қазынам?» тақырыбында шағын мәтін жазу.

Берілген мәтінмен танысу, оны мәнерлеп оқу, онда тыныс алу және дыбыс шығару, дыбыстардың ырғағы, жоғары-төмендегі, айтылудағы өзіне тәнділігін анықтау, әуен, кідіріс (паузадан) орынды пайдалана алу жаттығулары. Мәтіндегі сөздердің мағынасын, формасын, қарама-қайшылығын талдау арқылы тақырыптарға байланысты білімдерді қайталау.



«Мәнерлеп оқу дегеніміз – көркем шығарманы әдеби тілдің орфоэпиялық ережесін, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын түсініп, белгілі бір жылдамдықпен дауыс үнділігін, ырғағын сақтай отырып оқу».

Мәнерлеп оқудың мақсаты – дұрыс, тез, көркем оқуға үйрету, сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру, оқушының тіліндегі әр түрлі кемшіліктерді болдырмау, тыныс алу аппаратын, дауысын жолға қою, дұрыс, анық сөйлеуге үйрету.

Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

ӨЗБЕКСТАН – ӨЗ ЕЛІМ

Туған жерім – Өзбекстан өз елім,
Өтті сенде жастығым мен кемелім.
Шыр еткеннен кіндік қаным тамған жер,
Анам айтқан бесік жырын, өлеңін.

Елбасымыз қамқоршы боп халыққа,
Алып шықты ой – арманын жарыққа.
Егеменді елімізді ел танып,
Ұшан теңіз қол жеткіздік табысқа.

Еліміз бар сан ұлттардың мекені,
Өлкесінде достық желі еседі.
Құда-жекжат, той думаны аралас,
Ырысы мол, ынтымағы еселі.

Өрісі кең Өзбекстан – өз елім,
Мейірі мол анамдайсың дегенім.
Шалғай жүрсем ешбір елге тең келмей,
Сағынам да құшағыңа енемін.

Күншуақты Өзбекстан – өз елім,
Өзіңе арнап сөз маржанын теремін.
Туған елге тіл тигізсе кімде-кім,
Қаным тасып, мен қалайша төземін?

Асқақтасын атағың мен өренің,
Ұлы елге мен өзінді теңедім.
Жасым ұлы зейнеткердің болсам да,
Саған төгем поэзия өнерін.

Сапарбек Иманбеков

ӨЗБЕКСТАН – ОТАНЫМ

Гүл жайнаған Өзбекстан – Тұраным,
Жемісі мол кәусар суың, бұлағың.
Жүрегімнен қайнап шыққан жыр әннің,
Кең арнасын саған қарап бұрамын.

Біз кім едік, енді міне кім болдық,
Еркі өзінде егеменді ел болдық.
Елбасының арқасында мінеки,
Өркениетті елдерменен тең болдық.

Қай жеріміз кем боп жатыр шетелден,
Халқымыздың ақ ниеті өтелген.
Ел қуатты, ерім батыр болсын деп,
Спорт жағын жоғарыға көтерген.

Өзімізді шығып алтын, мұнайым,
Түрлі жеміс ашыт базар шырайын.
Жәннат мекен – Өзбекстан жеріне,
Тіл тимесін, көз тимесін, ылайым!

Елбасымыз, әрбір іске мән берген,
Жастарымды оқытуды жөн көрген.
Ынтымағы арта берсін елімнің,
Адаспасын осы барған күйінен.

Еліміздің тыныштығын сақтаған,
Өз борышын адалдықпен ақтаған.
Еліміздің қамқоршысы, қорғаны,
Шавкат аға, өзіңізбен мақтанам.

Анар Нәлібаева





1-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңдар.



2-тапсырма. Өлең мәтіні не туралы айтылғанын есте сақтаңдар.



3-тапсырма. Берілген суреттер бойынша «Өзбекстан» жайлы шағын мәтін құра.



4-тапсырма. Берілген суреттерден қандай қорытынды шығаруға болады?



5-тапсырма. Берілген суреттер арқылы нені аңғардыңдар?



6-тапсырма. Суреттер бойынша ойталқы жасаңдар.



Үй тапсырмасы. «Өзбекстан – Отаным» тақырыбында әңгіме жазыңдар.


ҚАЗАҚ ЕЛІ – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Түркілердің қара шаңырағы мәселесіне бүгінгі қазақ шежіре дәстүрінен жауап іздейтін болсақ, өте қызықты жайттарға куә боламыз. Қазақтарда көнеден келе жатқан «Түркімен – төр ағам, өзбек – өз ағам» деген мақал бар. Осы қанатты сөзді Мәшһүр Жүсіп

Көпейұлы шежіреге сүйене отырып талдағанда, бұл мақалға сай түркімендер, тек қана қазіргі Түркіменстанның түркімендері ғана емес, бұрынғы Османлы елінде тұрған барша түркі ру-тайпалары қазақтардан бес ата үлкен; ал өзбектер қазақтардан үш ата үлкен деп жазады. Сонда қазақтар түркі ағайындардың ең кенжесі ретінде қара шаңыраққа ие боп қалған болады. Қазақ санасындағы бұл түсінік Мағжан Жұмабаевтың өлеңінде де өз көрінісін тапқан:

*Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?*

Түркі мемлекеттілігі тарихы тұрғысынан қарасақ, негізінен Түркі мемлекеттілігін Түрік қағанатынан бастаған жөн. Өйткені Түрік қағанатынан бастап, барлық билеушілер қағанаттың басында тұрған Көктүрік әулетінен сайланған. Жалпы, біздің түркі аталуымыз да осы әулеттің атымен байланысты. Хазар билеушілері де, Қарахандар билеушілері де осы Көктүрік руынан еді. Ал енді кейінгі заманда осы алып қағанатты қалпына келтірген Шыңғыс хан болды. Шыңғыстан кейін барлық хандар Шыңғыс ұрпағынан шығатын болды. Олар төре деп аталды. Төре сөзі мен түркі сөзінің арасында байланыс бар екендігі өздігінен көрініп тұр.




1-сурет. Адамның сөйлеу аппараты.

I – мұрын қуысы; II – ауыз қуысы; III – дауыс түтігі; IV – тамақ (кеңірдектің кеңейген жоғарғы тұсы); V – өңеш (тамақ жүретін жол).

1 – тістер; 2 – еріндер; 3 – қатты таңдай; 4 – жұмсақ таңдай;

5 – тілшік (увула); 6 – жұтқыншақ; 7 – тіл (а – тіл алды,

б – тіл ортасы, в – тіл арты, з – тіл түбі)



2-сурет. Тамақ.

- а* – бойлық қиық: 1 – жұтқыншақ;
2 – жалған дауыс шымылдығы;
3 – қалқан шеміршек;
4 – нағыз дауыс шымылдығы;
5 – дауыс саңлауы; 6 – кеңірдек шеміршегі. *б* – көлденең кесік:
7 – желбезек шеміршек;
8 – сақина шеміршек.

Өйткені, төрелер сол көне түркі мемлекеттік дәстүрін жаңғыртқан болып тұр.

Шыңғыс ханнан кейін түркі мемлекетін жалғастырушы Жошының ұрпақтары, яғни Алтын Орда болды. Өйткені Шағатай мен Үгедей ұрпақтары парсы мемлекеттілік дәстүрінің ықпалында қалды, ал Төленің ұрпақтары Құбылайдан кейін Юань атымен қытай мемлекетінің жалғасы болып кетті. Төленің басқа бір ұлы Құлағу Иран мемлекетінің бөлшегі болып саналады. Ал Алтын Орда ыдырай бастағанда және Ресей Алтын Орда мұрагерлері Үлкен Орда, Қазан, Астрахань, Көшім, Ноғай және Қырым хандықтарын жаулай бастағанда, бұл басқыншылыққа 1847 жылы соңғы ханы Кенесары өлгенге дейін, төтеп берген. Қазақ хандығы – Алтын Орданың тікелей мұрагері еді.



Тапсырма: 1. Төмендегі сөздердің дыбыстарын мүмкіндігінше өзгертіре отырып, олардың сөз мағынасына тигізетін әсерін бақылаңдар.

Сал, жат, тас, тық, қаш, жан.

2. Төмендегі сөздердің дыбыс санын көбейту арқылы мағынасы басқа-басқа сөздер жасаңдар.

Ал, ат, у, ыс, ас.

3. Тіл деген сөзге назар аударыңдар және оның бірнеше мағынада жұмсалатындығына мысалдар тауып жазыңдар.

4. А. Байтұрсынов туралы білетіндеріңді айтыңдар.

5. Осы жаттығу барысында, адамның сөйлеу мүшелерін схема арқылы түсіндіріп өту.

(Немере ауылы) Сергіту сәті:

- Өзіл жұмбақ
Фонетикалық екі ұғым
Бірі мен бірі сыбайлас,
Бірі – айтылады да естіледі,
Екіншісі – жазылады да көрінеді.

(Дыбыс, әріп)

* * *

Өз құрамында үш буын, жеті әріп бар,
Жалпы қарауындағы әріптері,
Құрамындағыдан алты есе көп.

(Алфавит)

* * *

Бір ағашта отыз жеті алма,
Оны алып жемек болсаң,
Он шақтысы тамағыңнан еркін өтіп кетеді.
Қалғандары, қақтығып барып өтеді.

(Дауысты, дауыссыз дыбыстар)

2. Адасқан әріптерді орнына қой. Кім жылдам?

і, м, б, л, і ш, о, б, а, л, қ, а
к, р, е, м, т, е, е с, ұ, з, а, т
к, т, е, м, е, т, е а, л, а, д

Сөйлеу мәдениеті: дыбыстау мүшелерінің айтылу ережелеріне назар аудару.

Мәтін құрау әдісі: тақырыпқа тиісті «Ана тілінің құдіреті мен қызметі жайлы» мәтін құрастыру.

Жұмыс түрі: тақырыпқа тиісті жаттығулар орындау.



1-тапсырма. Дөңгелектер ішінде орналасқан буындардан сөз құрастыр.



✓ Осы құрастырылған сөздерден дауысты және дауыссыз дыбыстарды тауып, оларды үшке бөліп жаз.

Жуан:

Жіңішке:





Ашық: Қатаң:,
 Қысаң: Ұяң:,
 Еріндік: Үнді:,
 Езулік:

Тақырыпқа байланысты фонетикалық талдау

1. Фонетикалық талдау (үлгі)

Талдау реті:

1. Сөзді буындарға бөл, буындардың түрін ата.
2. Сөз құрамынан дауысты дыбыстарды тауып, олардың тілдің, жақтың, еріннің қатысына қарай талда.
3. Сөз құрамынан дауыссыз дыбыстарды тауып, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздың қайсысына жататынын анықта.
4. Сөз құрамындағы дыбыс пен әріп санын анықта.
5. Сөзде үндестік заңына сәйкес құбылыс бар ма?
 Бар болса түсіндір.

Талдау үлгісі:

Құлыншақ – құ-лын-шақ, үш буынды: 1-ашық, 2, 3-бітеу буын.

- қ – дауыссыз, қатаң
- ұ – дауысты, жуан, қысаң, еріндік
- л – дауыссыз, үнді
- ы – дауысты, жуан, қысаң, езулік
- н – дауыссыз, үнді
- ш – дауыссыз, қатаң
- а – дауысты, жуан, езулік, ашық

2. Сөзде 8 дыбыс, 8 әріп бар.

- а) сөздің 1-буынындағы **ұ** еріндік дауыстының әсерінен 2-буындағы **ы** дыбысы **ү** болып айтылады: құ-лұн-шақ.
- ә) сөздің үш буынындағы да дауысты дыбыстардың жуан болуы үндестік заңына жатады.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және талдау



II БӨЛІМ. ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМДАРЫ

ТАУЛАР – ЖЕРДІҢ ҚАЗЫҒЫ

(*таулар, таулардың қызметі*)


Экологияға байланысты терминдер, олардың айтылуы мен емлесі. Мәтін құрамында берілген терминдерді анықтау, олардың мағынасымен танысу, терминдер жәрдемінде сөздік жасау.

Сөзжасам, түбір бен қосымшалар. Берілген сөздерді түбір мен қосымшаларға ажырата алумен байланысты тапсырмалар мен жаттығулар. Тақырыпқа тиісті мәтін құрамындағы кейбір сөздерді түбір мен қосымшаларға ажырату, қосымшаларды жіктеу және олардың міндетімен танысу.

Сөздердің мағыналары. Бейнелеу (Тау көріністерін сипаттау): Тақырып байынша жаттығулар орындау.

Таулар – жер бетінің жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан қатпарлы және қатпарлы-жақпарлы құрылымды бөлігі. Ұзындығы жүздеген және мыңдаған км-ге дейін созылады. Негізінен түзу сызықты (Үлкен Кавказ, Пиреней) немесе доға тәрізді (Альпі, Карпат) көтерілімдер болып келеді.

Таулар алып жатқан көлеміне, құрылымына, жасына қарай: Жота, Тау Жүйесі, тау массиві, таулы қырат, таулы үстірт, тау сілемі болып бөлінеді. Аралықтарындағы аласа көтерілімдер, оларды бөліп тұратын ойпауыттардың (тауаралық ойпаңдар,






тау аңғарлары, т.б.) бір-бірімен үйлесуінен тілімделеді. Таулар жерсілкінулер мен жанартау атқылауынан жиі көтеріліп, әдетте тектоник аймақтарда қалыптасады. Пайда болуына қарай тектоник таулар – қатпарлы немесе қатпарлы-жақпарлы құрылымды, бірнеше км-ге көтерілуімен және жер бедерінің қарқынды қалыптасуы мен терең тілімделуімен ерекшелінеді; эрозиялық Таулар – неотектоникалық көтерілімдерге ұшыраған, өзен аңғарларымен және уақытша ағын сулармен тілімделген, жер бетінің үстірт тәріздес көтеріңкі бөлігі; жанартаулық Таулар – жас таулы аймақ немесе көне платформалық құрылым үстіндегі жанартаулық конус, жоғары көтерілген лавалық жабынды таулар болып бөлінеді. Таулар бедерінің негізгі элементтері – шыңы, басы, жоны, беткейі, етегі, өзен аңғарлары. Жазық жер бедерінен айырмашылығы тілімделуінің айтарлықтай тереңдігі мен уатылуы, барлық табиғат жағдайларының ала-құлалығы мен қарама-қарсылығының күшеюі. Таулы аумақтың негізгі географиялық заңдылығы – ландшафтың биіктік белдеулілігі (биіктік белдемділік) анық көрінеді.

Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

БИИК ТАУЛАР, БИИКПІН ДЕП ШІРЕНБЕ

Биік таулар, биікпін деп шіренбе,
 Бір күн құлап, сен де типыл боларсың.
 Терең теңіз, тәкаппарсып түнерме,
 Суың кепсе, сен де бір шөл боларсың.
 Таудағы аю, арыстан мен барыстар,
 Піл мен бір күн тышқан, шыбын алысар.
 Сең соғылса, Нілдегі нән балықтар,
 Құлаққа ұрған есекке тең боларсың.
 Қияметті болжап айтсам ұрпаққа:
 Қарау біткен жығылмақшы таяққа,
 Залым біткен тапталмақшы аяққа,
 Ғаріп біткен әділет шері боларсың.
 Тұлпар мініп, сұлу құшқан әуре жан,
 Не әкетпекші сонда мынау жалғаннан.
 Қор болмақшы ар-иманнан құр қалған,
 Ұятты жан, жарық нұрдай боларсың.
 Үлгі қылса, тыңдаған жан жұрт сөзіңді,
 Менменсімей, төмен ұста өзіңді,
 Ғалымға ерсең, күндей ашар көзіңді,
 Наданға ерсең, қараңғы көр боларсың.



Лұқмандай тапсаң дерттің дауасын,
 Рүстемдей жыртсаң жаудың жағасын,
 Іскендірдей алсаң дүние қаласын,
 Сонда да бір жермен-жексен боларсың.
 Мақтымқұлы, өлшеп сөйле сөзіңді,
 Асыңды бер қарай-қарай жайыңа,
 Дана тапсаң – басыңды қи жолына,
 Сонда өзің де кәміл адам боларсың.

Мақтымқұлы Түркімен ақыны

ТАБИҒАТТА СУДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ?

(қар, жаңбыр, жерасты сулары, өзендер)

Ауа-райын, табиғат құбылыстарын анықтайтын тіл дыбыстары және олардың айтылуы. Тыныс белгілерді білдіретін мағыналармен танысу.

Ауа райы жөнінде кесте, перфокарта көрінісінде берілген мәліметтерді оқуға байланысты жаттығулар мен тапсырмалар.

Қосымшаларды жіктеу және олардың міндеті. Негізгі және қосымша сөздер. Берілген мәтін құрамынан сөзжасамдарды ажырата алу. Сөзжасам, сөз тудырушы жұрнақтар, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғауларды ажыратуға тиісті жаттығулар мен тапсырмалар.

Бурабай ұлттық саябағы

1. Мәтінді оқып, қолданылған тілдік құралдар арқылы стилін (көркем сөйлеу не ауызекі сөйлеу) анықтаңдар.



Қазақстанның кең-байтақ жері әлі күнге дейін сыры ашылмаған, талай құпияларды бойына сақтап келе жатқан ерекше табиғаты мен танымал. Соның ішінде Бурабай ұлттық саябағындағы Оқжетпес тауының жөні бөлек. Атауының өзі ерекше. Оқжетпес туралы аңыздың бір нұсқасымен танысайық.

Бір ауылда ерекше бала дүниеге келіпті. Ол күн емес, сағат санап өседі. Он жасында оқ атса, көз жетпейтін биікке ұшып кетеді. Сондықтан оны адамдар Оқжетпес деп атайды.

Оқжетпес өзге балалар сияқты жан-жануарларды қатты жақсы көреді. Бір күні оған ата-анасы сыйлыққа пілдің баласын әкеп береді. Өмірінің соңына дейін піл оның жан досы, көмекшісі болып, ылғи бірге жүреді.

Тарихтан белгілі, қазақ елінің кеңдігіне, сұлу табиғатына, жерасты байлығына, таза ауасына, көз жасындай мөлдіреген көлдеріне, өзендеріне, жабайы жануарлардың көптігіне жаулар қатты қызыққан. Алайда Оқжетпес пілі екеуі дұшпандарды әрбір шабуыл сайын кері қайтарып отырған.

Бір күні жаулар айбарлы Оқжетпеске шабуылдап, жерін басып алмақшы болады. Ержүрек батыр ұзақ шайқасады, сенімді досы піл де оған көмек береді. Соңында Оқжетпес жеңіске жетіп, аз уақыт демалмақшы болып ұйықтап қалады. Жаулары қайта шапқанда, пілдің белгі беріп айғайлағанын да естімейді. Бір кезде оянып, шайқаса кетеді. Оқжетпес әлсірегенін сезіп, Жаратушыдан өзін жаулар келетін жолға тасқа айналдыруын сұрап жалбарынады. Оқжетпес піл досын жоғары көтереді де, сол сәтте тасқа айналады.

Біздің ата-бабаларымыз Оқжетпес жартасы мен оның шыңындағы пілге ұқсас тас туралы аңызды осылайша баяндайды.

(Толымбек Әбдірайым)



1. Оқжетпестің ерлігіне қандай баға бересіңдер?
2. Оқжетпес неге тасқа айналуы жалбарынып сұрады?
3. Аңызды қалай аяқтар едіңдер?



Тіліміздегі сөздер фонетикалық, морфологиялық және тарихи дәстүрлі ұстаным бойынша жазылады. Фонетикалық ұстаным бойынша сөз бөлшектері қалай айтылса, солай жазылады. Бұл сөздегі қосымшалардың жазылуында ескеріледі. Мысалы: адамдар, ағаштар, қартқа. Күрделі сөз бен сөз тіркестері айтылғанда, олардың кейбір дыбысы өзгеріске ұшырауы мүмкін, бірақ жазылуда морфологиялық ұстаным бойынша түбірлері өзгермей жазылады. Мысалы: *жер-көк (айтылуда жер-гөк), қоян-қолтық (айтылуда қоян-ғолтұқ)*. Тарихи дәстүрлі ұстаным бойынша қазақтың байырғы сөздері бұрын қалай жазылса, қазір де сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: *кейуана, миуа, қиуа*.

4. Оқылым мәтіндегі морфологиялық ұстаным бойынша жасалған күрделі сөз бен сөз тіркестерін жазыңдар.
Үлгі: Оқжетпес – Оғжетпес.
5. Оқжетпес шыңы туралы Ш. Уәлиханов жинаған әңгімелердің бірін тауып, оқыңдар. Ондағы фонетикалық және дәстүрлі принциптер бойынша жазылған сөздердің ережесін түсіндіріңдер.

2. Таулардан өзен ағар сарқыраған

Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Алдыңғы тақырыптағы мәтінмен салыстырып, мазмұндық және тілдік ерекшеліктерін анықтаңдар.



Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілің суын ішсең ашылады,
Дененде бар дертіңді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап жел мен бірге бас ұрады.
Он мың мал айдап өтсең, лай қалмайды,
Тасыса, су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.

(Ыбырай Алтынсарин)



1. Өзбекстан өзендері туралы қандай өлеңдер білесіңдер?
2. Өзендер өз бастауын қайдан алады?



3. Еліміздегі қандай өзен, тауларды білесің?
4. Сен тұратын мекенде қандай өзен бар?
5. Өлемге әйгілі тауларды ата.



1-таспырма. Өлеңде не туралы айтылады? Алғашқы бөліктегі айтылған ойды болжап, түсіндір.



2-тапсырма. Өзен-көл, тау туралы мақал-мәтелдерді сәйкестендіріп жаз.

Өзен талымен көрікті,
Таулы жер бұлақсыз болмас,
Тау мен тасты су бұзады,
Адам елінде көгерер,
Өзен жағалағанның,

Қоға көлінде көгерер.
Адамзатты сөз бұзады.
Сулы жер құрақсыз болмас.
Өріс малымен көрікті.
өзегі талмас.



3-тапсырма. «Тау» сөзіне бес жолды өлең құра.

- | | |
|-------------------------|---------------|
| 1. Зат есім. Не? | 4. Синоним. |
| 2. Сын есім. Қандай? | 5. Сөйлем ... |
| 3. Етістік. Не істейді? | |

Керекті сөздер: тау, тамаша, биік, мұнартады, жаңғырады, шақырады, асқақтайды, жота, шың, құз.



Сөздік

Қынарда – жағасында.

Өзен – өзінің табиғи арнасымен ағып жататын ағынды су немесе ағып жатқан тұщы судың табиғи жолы.




Белгісіздік есімдігі – затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді жорамалдап, тұспалдап көрсететін есімдіктің түрі. Олар: кейбіреу, қайсыбір, әлдеқайда, әлдеқайдан, біреу, әлдекім, бірдеңе, бірнеше т.б. Мысалы: *Біреу есік қақты. Кейбіреуі түсінбеген сияқты. Романды бірнеше күн оқыды.*

1. Есімдіктерді қатыстырып, Ы. Алтынсариннің «Өзен» өлеңін қарасөзбен жазып шығындар. «Сулы жер – нулы жер», «Өзен жағалағанның өзегі талмас», «Сағадағы ел су ішеді, аяғындағы у ішеді» деген даналық сөздер қалдырған ата-бабаларымыз теңіз тұрмақ, әрбір өзен, көл, тіпті құдықтарға дейін жау қолында қалдырмай, осы бір тіршіліктің көздерін ұрпағына табыстап отырған. Қазақ даласы онсыз да табиғи суларға аса бай емес.

(«Ана тілі» газетінен)

2. «Қазақ даласы табиғи суларға бай емес» деген пікірге келісу-келіспеу себептеріңді көрсетіп, эссе жазыңдар. Белгісіздік есімдіктерін кірістіріңдер.

3. Қазақстан өзендерінің орналасу картасын жасаңдар.



4. Ғаламтор ресурстары мен энциклопедиялардан өзендердің пайда болуы туралы материалдар тауып, жинақы мәтін жазыңдар. Есімдіктерді кірістіріңдер.

Әңгіме құрау: Тақырыпқа тиісті жаттығулар орындау.

ӘЛЕМДЕГІ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

(экологиялық қауіп-қатер туралы мәлімет)

Экологияға тиісті терминдер, олардың айтылуы мен емлесі. Мәтін құрамында берілген терминдерді анықтау, олардың мағыналарымен танысу, терминдер жәрдемінде сөздік жасау.

«Эколог – табиғат қамқоршысы» мәтіндегі сөздерді сөз таптарына ажыратуға байланысты тапсырмалар мен жаттығулар.

Экология-өмірдің жүрегі

Экология! Бөтен сөз, Тұтқасы бар әлемнің,
Бір туғаның бірақта. Бізше ғылым-логия.
Білгенге бұл көсем сөз, Онсыз мекен, жоқ ұя,
Мәңгі қалар құлақта. Жоқ киесі өлеңнің.
Эко дегені-үй, Отан, Өз үй-өлең төсегің,
Ежелден-ақ ерекше. Табиғат боп қалады.
Сөз патшасын ұнатам, Оған атқан кесегің
Жүрегіме гүл ексе. Өз басыңды жарады.

Мәтін. Табиғатты адамзат аялаған,
Егін егіп, мал бағып саялаған.
Қарасындай көзінің қорғай жүріп,
Қамқорлықты ешқашан аямаған.



Барлық тірі организмдер өзара бір-бірімен және сыртқы орта жағдайларымен үнемі байланыста болады. Сыртқы орта жағдайларының әсерінен тірі организмдер көбейеді, дамиды және қалыпты тіршілігін жалғастырып отырады. Табиғат – күллі тіршілік атаулысының құтты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі. Барша адамзат өкіліне ауа, су, жер ортақ. Сондықтан жердің қадірін, байлығын бағалай білу, жалпы табиғатты қорғау баршамыздың міндетіміз.



1-тапсырма. Экология нені зерттейтін ғылым?

(Тірі организмдердің өзара қарым-қатынасын және олардың орта жағдайларымен байланысын зерттейтін ғылым)



2-тапсырма. Жалпы экология ғылымының салаларын ата. (*факторлық экология, организмдер экологиясы (аутэкология), популяциялар экологиясы (демэкология), бірлестіктер экологиясы (синэкология), ғаламдық экология, тарихи экология.*)



3-тапсырма. Экологиялық факторлардың түрлерін ата.

(*Абиотикалық-климат, атмосфера, топырақ, су, жарық, t° т.б. Биотикалық-тірі организмдердің өзара қарым-қатынасы. Антропогендік-адамның іс әрекетінің табиғатқа әсер етуі.*)



4-тапсырма. Экологиялық апат дегеніміз не? Мысал келтір.

(Табиғат пен қоғам арасындағы қарым – қатынас әбден шиленісіп кеткен жағдайда байқалады. Бұл кезде табиғатта қалыптасқан эколг. тепе-теңдік мүлдем бұзылады, оны қайтадан қалпына келтіру мүмкін емес. Экол. апат адамның тікелей немесе жанама әсерінен болады. Өсімдіктер, жануарлар түрлері мүлдем жойылады. Басты экол. апат – ол биосфераның ластануы. 1945 ж. Хиросима, Нагасаки – атом бомбалары радиоактивті заттар таралады, 1986 ж Чернобыль АЭС – ең ірі апат болды.)



5-тапсырма. Су-тіршілік ортасының қандай ерекшеліктері бар?

(Су көптеген организмдер үшін қолайлы орта. Суда тіршілік етуге бейімделген тобы – гидробионттар. Судың қалың қабатында пелагостар тіршілік етеді. Су түбінде бенкостар. Судың беткі қабатында қалқып жүретін ұсақ организмдер планктондар. Суда жүзіп жүріп тіршілік ететіндер нектондар.)

6-тапсырма. Экология терминін ең алғаш ғылымға кім енгізді?
(1866 жылы, неміс ғалымы Эрнст Геккель)

7-тапсырма. Адам экологиясы нені зерттейді?
(Сыртқы орта жағдайларының адам организміне әсерін зерттейді)

8-тапсырма. «Маниторинг» деген ұғым нені білдіреді?

(Маниторинг – латынша «*monitor*» – сақтандыру, немесе бақылау жұмыстары, маниторинг арқылы белгілі бір аймақтың өзгерістеріне (ауаның, судың, топырақтың т.б) бақылау жүргізіледі)

9-тапсырма. Топырақ-тіршілік ортасы деген не?

(Топырақ құрамында минералдық және органикалық заттардың қосылыстары болады. Топырақ қабаты-педосфера, беткі қабатында ұсақ организмдер-бактерия, саңырауқұлақ, құрттар тіршілік етеді. Топырақта тіршілік ететін организмдер-педобионттар деп аталады.)

10-тапсырма. Адам іс-әрекетінің табиғатқа әсері.

(Адам саны күрт өсуі, өнеркәсіптің, ауылшаруашылығының дамуы, қуат көздерінің өндіруі, көлік түрлерінің пайдалануы. Экология мәселелерінің бірі – адам баласын тамақпен, тұрмыстық қажетті заттармен қамтамасыз ету. Жер бетінде адам саны 6,5 млрд. жетіп отыр. Атмосфераны тас көмір, мұнай, газ, автокөліктер. Автокөліктен шығатын күкірттің диоксиді мен азот оксиді – жауын-шашынмен қосылып қышқыл жаңбыр түрінде таралады. Өзендегі балықтар қырылып, ормандағы ағаштар құрайды.)



11-тапсырма. Экология және ғылым саласы болып қай ғасырда қалыптасты? (– ғасырдың бас кезінде)



12-тапсырма. Өсімдіктер экологиясы нені зерттейді?

(Өсімдіктердің өзара және қоршаған ортамен байланысын зерттейді)



13-тапсырма. Табиғи апаттарға не жатады?



(Жер сілкіну, жанартаудың атқылауы, сел жүру, қатты дауылдар, құйындар, қар көшкіні т.б)



14-тапсырма. Құрлық-ауа тіршілік ортасының ерекшеліктерін атаңдар.

(Бұл ортада тіршілік ететін организмдер – аэробиянттар деп аталады. Бұл ортаның тығыздылығы мен қысымы төмен. Ал оттегі мен жарық мол. Бұл организмнің тіршілігі үшін t° , ылғалдылық, жер бедері, жел, жыл мезгілдерінің алмасуы негізгі рөл атқарады).



15-тапсырма. Б. Комманердің экологиялық заңдарының қағидалары.

1. «Барлығы да бір-бірі арқылы байланысқан». Бұл заң биосферадағы тірі организмдердің бірінде болған өзгеріс міндетті түрде басқаларына да әсерін тигізеді.)

2. «Барлығы да өз орнын табу керек.». Барлық организмдердің өз орны бар, табиғатта қалдық болмайды.

3. «Табиғат жақсы біледі». Бұл заң адам баласының табиғат заңдылықтарын әлі де толық білмейді.

4. «Еш нәрсе бостан босқа берілмейді». Бұл заң табиғаттан алғанынан орнын толтыруды ұмытпа деген ұғымды білдіреді.

Б. Комманердің экология заңдары табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты үйлесімді түрде жүргізе білудің басты шарты екендігін ескертеді.

ҚАЙТА ӨНДЕЛЕТІН ҚОҚЫСТАР

(қоқыстар, қайта өңдеу, табиғатты қорғау)

Табиғатты қорғау, қайта өңделген қоқыстардан пайдалану бойынша өз жоспары мен ұсыныстарын презентация көрінісінде дайындау және қорғау.

Зат есімнің жасалуы. Зат есімнің бірігу, қосарлану, тіркесі арқылы байланысы. Зат есімнің жалпы және жалқы, деректі және дерексіз болып бөлінуі.

Тыныс белгілері: нүкте, сұрау белгісі, тырнақшалардың қолданылуы. Зат есімнің сөйлемдегі қызметі.

«Әжемнің өсиеті» тақырыбында берілген мәтінмен танысу, онда табиғатты қорғау және асырау түсінігіне байланысты мақал мен өсиетті сөздердің мағыналарымен жұмыс.

Табиғатты аялайық

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың оны айтатын тілі жоқ.

Табиғат! Осы бір жүрекке жылы, көңілге көтеріңкі сезім сыйлайтын салиқалы да салмақты сөзде қаншама терең тұжырым, ұлағаты мол ұғым, мағыналы да мазмұны ауқымды ой жатыр десеңізші!

Табиғат – тіршілік көзі. Табиғатты аялау, оған үнемі жана-шырлық сезіммен қамқорлық жасап отыру ата-бабаларымыздың ұрпақтарына ұран етіп қалдырған аманаты екендігін ешқашан да естен шығармауға тиіспіз. Табиғатты қорғау біздің парызымыз, оның әрбір бөлшегі әсерлі үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Табиғат бізге көп әсемдігін, таза суын, көк аспанын, будақ бұлттары мен мөлдір суын береді. Таудан аққан өзен дауысы, жасыл шөптің сылдыры да ғажап сұлулық сыйлайды. Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдыңа елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің. Табиғаттың бар әсемдігін, оның әрбір сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жаныңды тебірентеді. Бұлттары мақтадай, шөптері кілемдей төселген. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де табиғатты одан әрі әсерлендіреді. Табиғатты аялау, әр адам үшін маңызды.

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек.

Табиғат тіршіліктің құт-берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп-өніп, жетілген. Табиғат – ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен – мәселе. Бұл барлық дүние жүзінде қарастырылуда.





Табиғат – сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен қазір сол табиғат нашарлап, ластануда соның салдарынан адам өміріне қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет. «Бір тал кессең, он тал ек», «Жер құтты болса, мал сүтті болады» – демекші, айналамызда табиғаттан лас иісті, ауру тудырушы бактерияларды жоюшы тал, жасыл желек. Егер осы мәселе қаралмай қала берсе, төңірек ластанып кетеді. Мен өзімнің туған өлкеме қарағай, шырша, терек т. б. ағаш түрлерін ексе екен, – деймін. Табиғаттың зардаптарына төтеп беру үшін табиғатты ластамай қорғауымыз керек.

Табиғат дегеніміз – бізді қоршаған орта, оған аспан, су, ағаш, гүлдер, өсімдіктер, күн жатады. Табиғат өздігінен, адамның қатысуынсыз жаралған табиғи заңдылық. Ол тірі және өлі табиғат болып екіге бөлінеді. Тірі табиғатқа – ағаш, гүл, шөп, т. б олар өздігінен өседі. Өлі табиғатқа су, тас, құм жатады. Олар өспейді, дем алмайды, денесінде жаны жоқ. Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Біз оған ұқыптылықпен қарауымыз керек. Бау-бақшада және өсіп тұрған ағаштар мен гүлдерге қамқорлық жасау керек.

Мәтін

Табиғат – тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес еді. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар.

Табиғат жайлы өнегелі сөздер, мақалдар мен өлең-жырлар да аз емес. Оның керемет әсемдігін жырлаған, суреттеп жазған ақындар баршылық.

Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы («Жаз!», «Күз», «Қыс»), Сұлтанмахмұт Торайғыров («Шілде»), Қасым Аманжолов («Дауыл»), Ыбырай Алтынсарин («Өзен») сияқты ақындарды атауға болады.

*Шалғайын шалқар маушыған
Бұлт келді, көктем кір кетті.
Топырлап ұрған тамшыдан,
Топырақ иісі бұрқ етті.*



*Шілде мен тамыз пышаны
Шаң ғана болса,
Қалдырма
Терезелер құшағын*

Түгелдей ашшы жаңбырға, – деп Қадыр Мырза али атамыз әсем табиғатты жырлады. Табиғат көркемдігін ақ қағаз бетіне түсірген ақындарымыз оның құдіретін білген. Сол өлең жолдарын болашақ ұрпаққа, яғни бізге қалдырып отыр. Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді.

Табиғатты қорғау – табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

«Таза ауа – денсаулық кепілі»

- ❖ Оқушы ауаның қасиеті туралы тәжірибе жасап көрсетеді.
- ❖ Ауа туралы сөздер, тақпақтар айту:
 1. Ауа өсімдікке де, жануарға да, бүкіл тіршілік иелерінің бәріне керек. Ауа – тіршілік көзі.
 2. Ауа қабаты жерді күн сәулесінен өте ысып кетуден және ғарыштық суықтан қорғайды.
 3. Ауаның әрбір қасиеті шаруашылыққа пайдаланылады. Су түбіне жұмыс істеуге адамдарды батискафпен түсіреді. Батискаф



су киргизбейдi. Бұл су астында шамалы кеңiстiкте жұмыс iстеуге мүмкiндiк бередi.

4. Ауаның салмақсыздығы да пайдаға асады. Түрлi резеңке заттарды ауамен толтырып, ұзақ уақыт су бетiнде жүзуге болады.

5. Мiне, ауаның қажеттiлiгiн бiлдiк. Ал, оның ластануы туралы не бiлемiз?

Адамзат өзiнiң жақсы өмiр сүруi үшiн түрлi құрылыстар, зауыт, фабрикалар салады. Бiрақ тазалық ережелерiн сақтамағандықтан, айналаны лаптап, адам денсаулығына зиянын тигiзедi.

6. Адамға тыныстау үшiн таза ауа қажет. Орман iшiнде, өзен, көл жағалауында ауа таза болады. Сондықтан айналаны көгалдандырудың маңызы зор. Өсiмдiк ауаның құрамындағы көмiрқышқыл газын, зиянды заттарды, шаңды жұтып, оның орнына көп мөлшерде оттегiн бөліп шығарады.

7. Ендеше, ағаштарды көп егемiн, жасыл желектердi күтемін.

8. *Көк шыбықты сындырып,*

Көктi жұлып, бүлдіріп,

Жүр едi бiр балақай,

Кезiктi оған қалақай.

Тұрасың деп жолыма,

Жұлмақ болып оны да,

Ұстай алды балақай,

Шағып алды қалақай.



Осы өлең жолдарынан ненi ұғуға болады? Ойыңды дәлелде.

Табиғатты қорғау үшiн бәрiмiз,

Күресейiк! Бiр-бiр ағаш егейiк.

Текке отырмай жасымыз бен кәрiмiз,

Таза ауа үшiн терiмiздi төгейiк!



1. «Су – өмiр нәрi» деп, халық бекер айтпаған болар. Сусыз тiршiлiк жоқ. Адам, өсiмдiк, жануардың барлығы сусыз тiршiлiк ете алмайды.

2. Су барлық өсiмдiктер мен жануарлар ағзасының құрамына кiредi. Iркiлдек теңiз жәндiгi медузаның бүкiл салмағының 99 процентi судан тұрады. Егер 1 кг қарбызды кептiрсе, одан 20 г ғана құрғақ зат қалады, яғни қарбыздың 98 процентi судан құралады.

3. Адамның тамағына және iшуiне тәулiгiне 2-3 л су керек. Адам тек тамақтанудың өзiне жылына 60 тонна су тұтынады.

4. 1 кг картоп өсiруге 300 л, 1 кг бидай өсiруге 1200 л су жұмсалады. Ал, қант қызылшасына, мақтаға, күрiшке, одан да көп су қажет.

5. «Судың да сұрауы бар» дегендей, үйдегi су шүмегiнiң ашық қалмауын қадағала. Суды үнемдеп пайдаланған жөн.

6. Табиғаттың көркін ажарландыратын, жер бетін саялы баққа айналдыратын байлық көзі су.

Су жүргізер тіршіліктің тамырын,
Су жоқ болса, тіршілік тамам ағайын.
Судың біз біле тұра маңызын,
Көп болған соң ұмытамыз қадірін.

7. Сусыз тіршілік болмайды. Су бар жерде бау- бақша, орман, тоғай, бітік шыққан егін, мыңғырған мал бар. Сондықтан қазақ «Сулы жер – нулы жер», «Бұлақ көрсең, көзін аш» дейді.

Су деген тіршіліктің қаны емес пе?
Су деген табиғаттың жаны емес пе?
Су жоқ жерде өмір жоқ ол- ақиқат,
Күміс су қара жердің сәні емес пе?

Су туралы мақал – мәтелдер
Тау кезеңсіз болмас,
Өлке өзенсіз болмас.
Бұлақ көрсең көзін аш.
Сулы жер құрақсыз болмас,

Таулы жер бұлақсыз болмас.
Су бергеннің сауабы бар,
Су төккеннің жауабы бар.
Су ішкен құдығыңа түкірме.

Қоршаған ортаның ластануы – адамға және табиғи экожүйеге зиянды әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі. Табиғат құбылыстары мен заңдылықтарына қайшы келетін және оның қалыпты жағдайына нұқсан келтіретін сандық, сапалық және құрамдық өзгерістердің барлығы қоршаған ортаның ластануына алып келеді. Қоршаған ортаның ластануы кейде табиғат құбылыстары әсерінен, негізінен адам әрекетінен пайда болады.

Адамның тіршілігінде қоршаған ортаның ластануы ерекше орын алады. Бір немесе бірнеше ластаушы заттар немесе олардың қоспалары белгілі бір мөлшерде қоршаған ортаға түсіп және ұзақ сақталса, ол адамға, жануарға, өсімдіктерге үлкен қауіп туғызады. Қоршаған ортаның ластануы ластаушы заттардың көзі мен олармен байланысты факторлардың әсерінен болады. Жалпы, қоршаған орта екі түрлі жолмен ластанады: табиғи және антропогенді.

Табиғи ластаушы заттардың көзі болып табылады:

Космохимиялық – (фотохимиялық процестер, шаңды борандар немесе желдер)



Вулкандық құбылыстар

Геохимиялық процестер – (жердің беткі қабатындағы Озон, SO_2 , ауыр металдар, H_2S , NO_2 , CO , табиғи радиациялық фон, полициклді ароматикалық көмірсулар – табиғи концарогенді заттардың көзі ретінде, ормандағы өрттер және т.б.) Биотикалық процестер (гуминді заттар, өзендердің табиғи эвтрофикациясы).

Антропогендік ластану адамның шаруашылық іс-әрекетінің салдарынан қалыптасады. Антропогендік ластануға өндірістік, тұрмыстық қалдықтар мен әр түрлі улы заттардың қоршаған ортаға белгілі мөлшерден тыс шығарылуы, табиғи нысандарды орынсыз пайдалану жатады. Семей сынақ алаңында болған ядролық жарылыстар, Арал өңірінің экологиялық жағдайлары (қ. Арал экологиясы), т.б. қоршаған ортаға нұқсан келтірудің айқын мысалы болып саналады.

* Қоршаған ортаны қорғау үшін, өзен көлдерге қоқыс тастамау керек.

* Жерге қоқыс тастамастан, арнайы қоқыс жәшігіне салу керек.



Сұрақтар:

1. Қоршаған ортаны қалай сақтауға болады?
2. Қазақ халқы, қоршаған ортаны қорғауды жас ұрпаққа қалай үйреткен?



Үй тапсырмасы: Қоршаған ортаны қорғау туралы шағын шығарма жазыңдар.

Сын есімнің жасалауы. Берілген мәтіннен негізгі және туынды сын есімдерді табу және есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақтарды ажырату бойынша тапсырмалар.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және талдау



III БӨЛІМ. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ!


КӨЗ НҰРЫН ҚОРҒАЙЫҚ

(теледидар, телефон және т.б-дан пайдалану тәртібі)

Сын есім мағынасына қарай	
Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім
(заттың түсін, сынын тікелей анықтайтын негізгі түбір сын есімнің түрі)	(заттың түр- түсін, сын- сипатын басқа сөз табының қатысы арқылы)
Мыс: қызыл, мата, ащылау т.б.	Мыс: орманды алқап, өнерлі жігіт

Өз – адам бойындағы өте нәзік ағза. Біз кейде жанымыздың айнасы жанарымызды күту туралы ойлануды да ұмытып кетеміз. Ал көздің күтімі жайлы кеш ойланғанда тіптен қиын болуы мүмкін.

Көздің көру қабілетінің төмендеуі кез келген жан үшін өкініш. Көпшілігіміз күн сайын көзімізге көп күш саламыз. Қос жанардың сау әрі өткір болуына аса бір қиын күтім де керек емес, бар болғаны қарапайым бірнеше ережені сақтасаңыз





жеткілікті. Ол үшін біз айтқалы отырған әдеттерден аулақ болғанымыз абзал.

1. Кітапты жатып оқу.

Көбіміз кітапты жатып оқығанды ұнатамыз. Оның көзге зиян екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Кітапты жатып оқу кезінде көздің бұлшықетіне көп салмақ түседі, ал бұл өз кезегінде көздің алыстағы заттарды нашар көруіне әкеліп соғады.

Оқудың негізгі ережелері: Жақсы жарық жағдайында ғана оқыңыз. Қажет болған жағдайда қосымша жарықты қосыңыз. Тікелей үстел басында, креслода немесе диванда ыңғайлы отырып оқыңыз. Кітапты оқу кезінде кітап 15*–25* бұрышта болуы керек. Жатып оқуға болмайды. Қозғалыс кезінде оқымаңыз. Көлікте ұзақ уақыт үзіліссіз оқымаңыз. Оқу процесінде үзіліспен көзге гимнастика жасаңыз.

2. Теледидар, компьютер, смартфон, ұялы телефоннан пайдалану

Зерттеулер бойынша, ұзақ уақыт теледидар алдында отырған адам, тез шаршайды, ашуланшақ, ұмытшақ болады. Адам ағзасында холестерин мөлшері артады, көзі шаршайды, ұйқы бұзылады. Қазіргі плазмалық, сұйық кристалды теледидар адам ағзасына екі есе көп әсер етеді. Жаман бағдарламалар адам психикасына әсер етеді, бала қатыгез, мейірімсіз болып өседі. Теледидар пайдасы да бар. Теледидардан танымдық бағдарламалар, әлемдегі жаңалықтар, спорт, денсаулық туралы ақпарат көруге болады. Әр нәрсені ережеге сай көруге, ұстауға дағдыланса, денің сау болады. Теледидарды күніне 3 сағаттан артық көруге болмайды. Теледидарды 2 метр қашықтықта көрген дұрыс. Теледидар алдында отырып тамақ ішуге болмайды, асқазан сөлі дұрыс бөлінбейді гастрит ауруы қозады. Ұйықтайтын бөлмеге теледидар, компьютер қоюға болмайды.

Ұялы телефонның да, көру органдарына зияны өте үлкен. Электромагниттік толқындар көздің қан айналымын айтарлықтай бұзады, бұл линзаның нашар жуылуына әкеледі, ол бұлтты болып, уақыт өте келе жойылады. Адам көзінің ауырсынуын, қатты бас ауруын сезіне бастайды.

Көру проблемалары гаджет дисплейіне ұзақ уақыт назар аударуға байланысты көз бұлшықеттерінің үнемі шамадан тыс күш түсуінен туындауы мүмкін және олар көздің елеулі, теріс өзгерістерімен бірге жүреді.

Осы ретте мамандар қарапайым қағидаларды ұстана отырып, ұялы телефоннан келетін қауіптен сақтануға болатынын айтады:

- ✓ Телефон тұтқасын құлақтан кем дегенде 1 сантиметр алыс ұстаған жөн.
- ✓ Ұялы телефонға құлақшын жалғап, сол арқылы сөйлесіңіз;
- ✓ Телефон тұтқасын астыңғы жағынан ұстаған жөн;
- ✓ Телефонды тігінен ұстау керек;

- ✓ Телефондағы дыбыстық сигналды тыңдамаңыз;
- ✓ Сондай-ақ, телефонды қалтада, белдікте, ұстамаңыз.
- ✓ Мүмкіндік болса, қоңырау шалғанның орнына хабарлама жазыңыз. Ал, желі «ұстамаса» қайта-қайта телефон шалуға тырыспаңыз. Мұндай кездері телефон одан бетер көбірек толқындар шығарады.

(Интернет материалдарынан)



1-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша талдау кестесін толтырыңдар.

Мен және кітап	Мен үшін кітап оқу қаншалықты маңызды?
	Неліктен мен кітап оқимын немесе оқымаймын?
	Оқыған қандай кітап есімде қалды? Ол кітап несімен қызықты болды?
	Мен кітап жазсам, не туралы жазар едім? Қалай жазар едім?



2-тапсырма. Өзің ұнатқан телеканал үшін белгілі бір тақырыпта бағдарлама жасау және оны ауызша немесе жазба түрінде ұсыну.



3-тапсырма. Құрамындағы сапалық, қатыстық сын есімдерді тіркесетін сөздерімен теріп жазу.

Сапалық сын есімдер	Қатыстық сын есімдер

МӨЛШЕРДЕН АРТЫҚ ТАМАҚТАНБАУ

(семіздік, ашкөздік, туралы пайдалы кеңестер)



Сан есім – заттың санын, саналу ретін, мөлшерін білдіретін сөз табының бірі. *Сұрақтары:* қанша, неше, нешеу, нешінші? Жамбыл жүз жас жасаған. (*Неше жас? Жүз жас*). Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді. (*Нешеу? – төртеу, алтау*).




Түрлері		Мысалдар
I. Тұлғасына қарай	Негізгі	бір, екі, үш, төрт, бес, отыз, елу, жүз, мың, т.б.
	Туынды	бірінші, екінші, біреу, ондай, мыңдаған, т.б.
II. Құрамына қарай	Дара	бір, екі, үш, он, отыз, алпыс, жүз, мың, т.б.
	Күрделі	он төрт, жиырма бес, жүз, он жеті, екі-екіден, оннан екі, екі мың отыз, қырық бес-тей, тоғызға жуық, т.б.
III. Мағынасына қарай		
1. Есептік	бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір, он екі, жетпіс бес, жүз үш, мың, т.б.	
2. Реттік	бірінші, екінші, үшінші, оныншы, жиырма екінші, сексен бесінші, екі жүз алтыншы, т.б.	
3. Жинақтық	біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу	
4. Топтау	бірден, екіден, үштен, оннан, он бестен, екі-екіден, он-оннан, жүз-жүзден, мың-мыңнан, т.б.	
5. Болжалдық	бірер, екідей, ондаған, жетпістей, жүздеп, жүздеген, ондарда, алпыстарда, үш-төрттей, т.б.	
6. Бөлшектік	екіден бір (1/2), сегізде	



Ауру – астан, – дейді атам қазақ.

Адам денсаулығы үшін дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Тамақтану арқылы адам ағзаға қажетті заттарды алады. Адам ағзасына құнарлы астың тигізер шипасы мол. Жүйелі тамақтанбау адам денсаулығына үлкен зиян тигізетінін сала мамандары да жиі айтып жүр.

Бүгінгі таңда медицина қызметкерлері бұл нақылдың дұрыстығын дәлелдеп отыр. Дұрыс тамақтанбау адам ағзасындағы зат алмасуға кедергі келтіріп, түрлі ауруларды тудыруы мүмкін. Тіпті, әлемде тіркелетін өлім-жітімнің 60 пайызы жұқпалы сырқаттардан емес, осы... тамақты дұрыс ішпеуден болады, – деп дабыл қағуда.



Алдымен дұрыс тамақтану дегеніміз не?

Дұрыс тамақтанбау түсінігінің аясы кең. Бұған шамадан тыс тамақтану, зиянды тағамдарды жиі тұтыну, қатаң диеталар, аштық және т.б. кіреді. Сіз дұрыс тамақтанбай жүрсіз, егер: – қарныңыз ашпаса да тамақ жейсіз; – көп мөлшерде қант және құрамында рафинадталған қанты көп өнімдерді жиі тұтынасыз; – қосымша өнімдері бар тағамдарды жиі тұтынасыз; – тамақ жеу мәдениетін сақтамайсыз: дастарқан үстінде емес, теледидар немесе компьютер

алдында тамақтанасыз; – тым көп немесе тым аз тамақ жейсіз; – жүріп бара жатып тамақ жейсіз; – рационыңызға жемістер мен көкөністерді қоспайсыз; – тұрақты азықтану тәртібі жоқ болғандықтан кейде түнде де тамақ жейсіз; – диетаға жиі отырасыз.

Дұрыс тамақтану үшін табиғи өнімдерді қолдана отырып, күніне 3 мезгіл ас ішу. Онда да жануарлардан алынатын майлы өнімдерді аз пайдаланып, мүмкіндігінше жеміс-жидектерді молынан пайдалану.

Қоғамда семіздік көрсеткішінің өсуі – өте қауіпті жағдай.

Бүгінгі дамыған технологиялар заманында адамдар көп қозғалмайтын болды. Артық калория, азғаға сіңбеген тамақ салдарынан семіздік пайда болады. Бүгінгі таңда артық салмақтық 16 жасқа дейінгі балалар арасында 13 пайызға дейін жоғарыласа, 18-ден асқандар арасында әрбір үшінші азамат семіздікке шалдыққан. Генетикалық тұрғыдан семіздік қазақ халқының тегінде жоқ. Оның дамуы тамақтанудың рационына байланысты. Соның ішінде жартылай дайын өнімдердің немесе фастфудтың көбеюі ағзаға зиян. Денеге түсетін күштің аздығы да – семіздікке бірден-бір себеп.

Семіздіктің 95%-ына дұрыс тамақтанбау себеп болса, тек 5%-ы тұқымқуалаушылықтан немесе эндокрин жүйесіндегі кінәраттан туындайды.

Семіздіктің 4 сатысы бар. Бірінші сатыда адамның салмағы әдеттегі қалпынан 29%-дан артық; екіншісінде – 50%; үшіншісінде – 100%-ға; төртіншісінде – 100%-дан асып кетеді. Бұл жағдайда организмнің зат алмасуының бұзылуы және сүйек пен



буынға салмақ түсуінің өсуі тірек-қимыл аппараттарында өзгерістер тудырады. Қатты семіру тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелерінде де өзгерістер туғызып, өкпе мен жүрек қызметін әлсіретеді. Артық салмақ қант диабетінің, гипертония аурулардың, стенокардия мен миокард инфарктының, өтке тас байлану, т.б. аурулардың пайда болуына әсер етеді.

Артық салмақтан арылу жолдары

Балалар күніне 3 мезгіл тамақтану керек. Таңғы асқа ботқа сүттен жасалған тағамдар болу керек. Тәтті жеуді азайту керек. Себебі балалар тамақтың алдына тәтті жеп алады да тойып қалады. Түскі аста міндетті түрде ыстық тамақ болғаны дұрыс.

Жылдам даярланатын тағамдары мен жартылай фабрикат өнімдерден бойымызды алшақ ұстағанымыз жөн. Консерванттар мен түрлі дәмдеуіш қосылған шетелдік сусындар да, адам ағзасына кері әсерін тигізетіні дәлелденген. Мамандар артық салмаққа шалдыққандардың өмірі 7 жылға қысқарады деп отыр. Сондықтан ауырып, ем іздегенше ауырмайтын жолды таңдағанымыз абзал.

Әлемде бес жасқа дейінгі әрбір үшінші бала жеткілікті мөлшерде тамақтанбайды. Әлемде артық салмағы бар және семіздікке шалдыққан балалардың саны өсуде.

(Интернет материалдарынан)



1-тапсырма. «ПОПС формуласы» бойынша өз ойларыңды жазыңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Өйткені ...».

Үшінші сөйлем: «Тағы да бір айта кетерлігі, ... ».

Соңғы сөйлем: «Қорытындылайтын болсам, ...».



2-тапсырма.

А) ПОЛИГЛОТ (жұппен)

Берілген мақал-мәтелдердегі көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып, оны орыс және ағылшын тілдеріне аудар:

1. ... атасын білмеген жетесіз
2. ... ала болса ауыздағы кетеді,
... түгел болса ауыздағы кетеді.
3. ... тістен шыққан сөз,
... рулы елге тарайды.
4. ... рет өлшеп, ... рет кес.
5. Ер жігіттің ... сөйлегені – өлгені.
6. Қызға ... үйден тыйым
7. ... саусақ бірдей емес.
8. Ел құлағы-...

9. теңгең болғанша, ... досың болсын.
10. Алыстан ... жасар бала келсе, Алпыстағы қария сәлем бере келеді.
- В) «Сандарды сөйлет»** (әр оқушы бір сөйлемнен оқиды)
 1. Бір жылда ... күн бар.
 2. ... наурыз – «Халықаралық әйел-қыздар күні».
 3. Біз ... – ... бөлініп, «Ақтерек пен көктерек» ойынын ойнадық.
 4. Бір километрде ... метр бар.
 5. ... жылы Ш.М. Мирзиёев Өзбекстан Республикасының Президенті болып сайланды.
 6. ... жылдары А. Құнанбаев өмір сүрген.
 7. ... ден жүйрік, нан тұлпар.
 8. ... қыркүйек – «Тәуелсіздік» күні.
 9. Өзбекстанда Тілдер мерекесі ... қазан күні атап өтіледі.
 10. Бір метрде ... сантиметр бар.
 11. Бір аптада ... күн бар.
 12. Желтоқсан оқиғасы ... жылы болды.
 13. Дүние жүзінде ... нан астам тіл бар.
 14. Биыл Тәуелсіздігімізге ... жыл
 15. Ұлы Отан соғысы ... жылдар аралығында болды.
 16. Қазақстан халқының саны ... -ға жуық.
 17. ... ала болса ауыздағы кетеді,
... түгел болса төбедегі келеді.
 18. Дүние жүзіндегі судың ... бөлігі ішуге жарамды.
 19. Елімізде «... бастама» бағдарламасы іске асуда.
 20. Өзбекстанда «Президент мектебі» ... жылы ашылды.



3-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерден реттік сан есім жасап, оларды сөзбен жазыңдар.

Үлгі: жеті – жетінші, он – оныншы...

7, 10, 1, 3, 100, 28, 37, 695, 470, 259, 627, 1992, 187, 369, 2692.



4-тапсырма. «Жеті ата» сөзіне түсінік беру. Жеті атаны ретімен жазып, әр туыстық атаулар жөнінде оқушылардың ойын тыңдау.

Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі.

Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Мұның өзі қазақтардың қиын-қыстау кезеңдерде тегінен көз жазып қалмауына себепші болған. Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақтар үшін өмірлік қажеттілік болды.

- | | | |
|--------|----------|----------|
| ✓ Ата | ✓ Немере | ✓ Немене |
| ✓ Әке | ✓ Шөбере | ✓ Шөпшек |
| ✓ Бала | | |



Немере – туыстық атау. Ер адамның баласынан тараған ұл мен қыз. Атадан тараған **төртінші** ұрпақ. Ағайынды кісінің балалары туыстық жақындығы жағынан Немере аға, Немере іні, Немере қарындас, сол сияқты ағайынды кісінің қыздары да Немере апа, Немере сіңлі болып аталады.

Шөбере – туыстық атау. Атадан санағанда немереден өрбіген **бесінші** ұрпақ. Дәстүрлі қазақ қоғамында Шөбере немереден таралған ұл-қыздардан құралады.

Шөпшек – туыстық атау. Атадан тараған **алтыншы** ұрпақ. Немере мен шөбереден туғандар туыстық жағынан қашықтай бастайды. Шөпшекті кейбір жерлерде туажат деп те атайды.

Немене – туыстық атау. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесі бойынша таратылатын **жетінші** ұрпақ.

БАУЫР – ЕҢ ЕҢБЕКҚОР МҮШЕ

(бауыр туралы мәлімет)



Есімдік

Зат есім, сын есім, сан есім сөздерінің орнына жүретін сөздерді **есімдік** деп атайды. Есімдік қай сөз табының орнына қолданылып тұрса, сол сөз табының сұрағына жауап береді. *Мысалы*, Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (*Абай*) (Кім жазбайды? – Мен жазбаймын. Зат есім). Бұл ұрыста біз жеңеміз (*Ә. Кекілбаев*) (Қай ұрыста? – Бұл ұрыста. Сын есім). Хакім біраз ойланyp отырды (*Х. Ерғалиев*) (Қанша ойланып отырды? – Біраз ойланып отырды. Сан есім).

Есім сөздердің орнына қолданылатын есімдіктердің мағыналары бірдей болмайды. Есімдіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) өздік есімдігі; 5) белгісіздік есімдігі; 6) болымсыздық есімдігі; 7) жалпылау есімдігі.

Есімдіктер құрамына қарай **дара** және **күрделі** болып бөлінеді. Дара есімдік бір сөзден жасалады. Мысалы, *сен, ол, сол, не?* Барлық т.б. Күрделі есімдік екі сөздің бірігуінен жасалады. Мысалы, *әркім, ешбір, бірнеше, кейбіреу* т.б.

Бауыр ағзадағы ең үлкен, ең маңызды без және ағзаның бас химиялық лабораториясы деп аталады. Оның орташа салмағы 1,5–2,0 килограмм. Ол іш қуысының оң жақ бөлігінде орналасқан.

Бауырдың қандай маңызы бар?

Лимфа түзілуінде, қан ұюын реттеуде де бауырдың атқаратын қызметі зор. Бауыр қанның тұрақты құрамының сақталуына



да қатысады. Қанмен келген амин қышқылдарынан бауырда белоктар, глюкоза, фруктоза, глицирин, май қышқылы түзіліп, қандағы көмірсулар бауырда гликогенге айналады. Бауырдағы зат алмасу үдерістері әр түрлі ферменттердің қатысуымен жүрсе, оны жүйке жүйесі мен түрлі гармондар реттеп отырады.

Бауыр ауруының алдын алу үшін...

Бауырға пайдалы жеміс-жидек, тағамдар көп. Олар мыналар:


1. Әртүрлі жемістер мен көкөністер, олардың ішінде қызангүл немесе қызыл түсті болып табылатындар әсіресе пайдалы.
2. Барлық дәнді дақылдардан дайындалған ботқа.
3. Аз мөлшерде жаңғақтар.
4. Өсімдік майы – күнбағыс, зығыр, зәйтүн.
5. Қышқыл сүт өнімдері.
6. Майсыз ет.
7. Аз мөлшерде май балықтары (майшабақ, скумбрия, форель).

(Интернет материалдарынан)



1-тапсырма. Кері байланыс: «Білім пирамидасы»

1. Есте сақтайтын ең маңызды ақпарат
2. Менің көбірек білгім келетін басты екі мәлімет
3. Мені қызықтырған үш ақпарат
4. Мен білетін төрт мәлімет



2-тапсырма. Есімдіктерді түрлеріне қарай топтастыр, парталасыңмен бірге кестені толтыр. Мәтіннен де есімдіктерді тауып, оларға сипаттама бер.

Кейбіреу, нешеу? күллі, қалай? біреу, әрбір, тегіс, қай? кімдер? барша, әлдене, бірнеше, қайсыбір, қалайша? бірдеме.

Белгісіздік есімдіктері	
Жалпылау есімдіктері	
Сұрау есімдіктері	



3-тапсырма. «Дені сауға күнде той» тақырыбында бойынша төмендегі сұрау есімдіктерін пайдалана отырып, мәтін дайындап айтып беру.

Не?

Қайда?

Қашан?

Қанша?

Қандай?

Не болды?

ЖҮЗУДІ БІЛЕСІҢ БЕ?

(жүзу спорты, жүзудің пайдалы жақтары)

Етістік туралы түсінік. Дара және күрделі етістіктің қолданылуы.



Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы. Етістік *не істеді? не істеп? не қылды? қайтті? қайтіп?* деген сұрақтарға жауап береді. *Мысалы: Бала ойнады (не істеді?). Жастар форумы сағат екіде басталады (не істейді?). Олар ертең Есік көліне жорыққа аттанбақ (не қылмақ?).*

Етістіктердің құрамына қарай бөлінуі

Дара етістік бір ғана сөзден тұратын етістік. Мысалы: бар, қара, кел, айт, жүгір, көр, біл, т.б.

Күрделі етістік екі не одан да көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіреді. Бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады. Мысалы: Сурет салып отыр екен (не істеп отыр екен?). Әлгі қызкемсеңдеп жылай бастады (не істеді?).

Күрделі етістіктің құрамындағы бірінші етістік негізгі етістік болады, негізгі мағынаны білдіреді, кейінгісі оған көмекші етістік болады. Кейде көмекші етістік біреу емес, бірнешеу болуы мүмкін. Мысалы: Сәтбай үйден асығыс үсігіс шығып жатыр екен. Осы сөйлемде шығып сөзі негізгі етістік болса, ал жатыр екен екі сөзден тұратын көмекші етістік. Негізгі етістік көбінесе көсемше, есімше тұлғасында (қарап тұрды, кетер емес) келсе, көмекші етістік етістіктің барлық түрлерімен тұлғаланып қолданыла береді.

Суда жүзе білу өмірге өте қажет. Адам баласы ерте заманнан бері суда жүзумен айналысып келеді. Жаздың қапырық, ыстық күндерінде адамдар жүздеп, мыңдап жағажайларға, өзен-көлдердің, теңіздердің жағаларына жиналады. Судың жағасындағы таза, салқын ауа, күннің сәулесі, өсімдіктер дүниесі денсаулыққа өте пайдалы. Әрине, мұның бәрі жақсы жүзе білетін адамдарды ерекше рақаттандырады.

Суға секіру, су шаңғысы, жел кенді спорт, есу спорты, суда жүзу сияқты спорт түрлерінде жетістіктерге жету үшін жүзумен тыңғылықты айналысу керек. Суда жүзудің мынадай спорттық әдіс-тәсілдері бар: кроль – еркін жүзу (ет петтеп және шал қалап), брасс – қол мен аяқты екі жаққа қарай сермеу арқылы жүзу, баттерфляй – екі қолды иықтан сермеп жүзу және екі аяқпен бірдей қозғалыс жасау. Спорттық жүзудің осы түрлері мен шұғылданатын адамдар халықаралық жарыстарда елнамасын қорғай алады.

Шомылу және жүзу дене мүшелерін сыртқы температура әсерінен, салқыннан пайда болатын аурулардан сақтап, төзімді болуға тәрбиелейді. Өзен-көлдерде жүзу, күннің шуағы мен таза ауа адам денесіне күшті әсерін тигізеді.

Судың ішінде адам салмақсыз болатындықтан, денеге көп күш түспейді де, омыртқа жотасы созылады, бұлшықет талшықтары ұзарады. Соның әсерінен адам тұлғасы сымбаттанып, қимыл-қозғалысы еркін де әсем көрінеді. Олай болса, суда жүзу адамның денсаулығын нығайтады, соны ең қатар денесін шынықтыруға көмектеседі.

(www.balalaralemi.kz)



1-тапсырма. Мәтін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құрыңдар.




2-тапсырма. Мәтіндегі дара және күрделі етістіктерді ажыратыңдар.

Үлгі: айналысып келеді – күрделі етістік; жиналады – дара етістік.



3-тапсырма. Суретпен танысыңдар. «Кубизм» әдісін пайдаланып, «Жүзу спорты» тақырыбында сұхбаттасыңдар.



Суретте: «Спортшылар бейнесі».

Салыстыр: «Басқа спорт түрлерімен салыстырыңдар».

Болжа: «Елімізде осы спорт түрінің болашағы қандай деп ойлайсыңдар?».

Талда: «Жүзу спорты түрлерін талдаңдар».

Жарияла: «Жүзудің пайдасы».

Қорытындыла: «Спорт – денсаулық кепілі».

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және талдау



IV БӨЛІМ. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

ҚАБІЛЕТ ЖӘНЕ КӘСІП

(мамандық таңдауда дарындылық пен талантқа көңіл бөлу дағдысы)

Кәсіптің мазмұнын ашып беруші бейнелерге байланысты тапсырмалар.

Аудиоматериалды тыңдау және оларда қолданылған бейнелеу өрнектерін табу. **«Мамандық таңдау – жүрек қалауы»** тақырыбында пікірлесу. Берілген тақырыпта ауызша презентация дайындау.

Кәсіптік мерекеге байланысты құттықтау жазу. Мұнда тақырыпқа сәйкес әдеби тіл нормаларын сақтаған түрде және олардың ережелеріне мойынсыну. Құттықтау мәтінінің мазмұнына сыни-шығармашылық тұрғыдан жандасуды қалыптастыруға байланысты тапсырмалар.

Болымды және болымсыз етістік туралы түсінік. Етістіктің болымды және болымсыз түрлеріне байланысты жаттығулар мен тапсырмалар.

Мәтін

Мамандық – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді. Мамандық – адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.



Мәтін

Еңбек, кәсіп туралы



Кәсіп – кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау нәтижесінде игерілетін, белгілі бір білім мен машықтарды талап ететін еңбек қызметінің түрі.

Кәсіп таңдаудағы негізгі мақсат – өзіңе ұнайтын жұмыспен айналысып, еңбегіңнің жемісін көру.

«Кәсіп – бақыттың шырағы, еңбек – ырыстың бұлағы» демекші, өзіңе ұнайтын өмірлік кәсіп тауып, сол еңбегіңнің жемісін көрсең, өзіңді бақытты сезінесің. Себебі еңбегің еленеді, сол арқылы ақша тауып, несібелі боласың.

Елбасымыз Шавкат Мирзиёев: «Жарқын болашақ жастардың қолында» дегендей, біздің болашағымыз өз қолымызда.

Мен өскенде кім боламын, қандай мамандықты таңдаймын деп ойланамын. Мамандық таңдау өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау деп түсінемін. Өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау деген сөз. Өмірде адам мамандық таңдағанда қателеспей керек. Өмірден өз орнымызды тауып, адал еңбек ету әр адамның арманы деп ойлаймын. Әрине, әр адамның да таңдауы әр түрлі.

Мамандық таңдау өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт.

Менің арманым дәрігер болу. Дәрігер болуды жаным сүйеді. Дәрігер ол өзінің адамдарға берген шипасы, адамды сауықтырып, адамдарды өмір сүруге күш салатын жандар!



1-тапсырма. Жоғарыдағы үлгі бойынша, «Еңбек, кәсіп» сөздерін қатыстырып, шағын мәтін құрастыр.




2-тапсырма. Мәтінді оқы. Мамандыққа байланысты сөздерді жаттап ал.

Менің мамандығым

Менің мамандығым оқытушы. Университетте қазақ тіліндегі құжаттану және басқаруды құжатпен қамтамасыз ету пәні бойынша дәріс оқимын. Құжаттану, құжаттау үшін оның өзіндік талаптары мен заңдылықтарын жете білу қажет. Сонымен қатар құжат түрлерін де білу керек. Мәселен бұйрық, хаттамалар арыздар мен өтініштерді, анықтамалар мен талдауларды жазу ережелері әр түрлі болатынын ескеру қажет. Құжаттанушы мамандығында оқып жүрген студенттерге халықаралық қатынастарға қатысты, қызмет бойына қатысты мемлекетшілік ведомстволық және т.б. құжаттар туралы ақпарат беріледі. Мамандығым өзіме ұнайды. Ал, сен ше? Саған қандай мамандық ұнайды?

Мамандық –
Құжат –
Дәріс –
Талап –
Ұнайды –



Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің мамандығың кім?
- Құжаттармен кім жұмыс істейді?
- Сенің ойыңша? Студенттермен құжат жасауға үйренуде ең алдымен нені білу керек?



3-тапсырма. Сөйлем құра.

а) Жазира Жұлдыз Жасұлан	УНИВЕРСИТЕТ	оқуға түсті. түсті. барды
ә) Бақтығұл Мерей Мейірбек	достарымен інісімен құрбысымен	КЕЗДЕСТІ



4-тапсырма. Мәтінді оқы. Мамандыққа байланысты сөздерді жаттап ал.

Менің жұмыс орным

Менің жұмыс орным –Ташкент қаласының Науаи көшесіндегі отызыншы үйде орналасқан. Мен заңгермін. Қорғаушылар кеңсесінде жұмыс жасаймын. Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты адам құқықтарын қорғау. Жұмыс күнім таңғы тоғызда басталып, кешкі сағат жетіге дейін, ал кейбір уақыттарда тіпті кешкі онға дейін жалғасады. Маған заңгер болып қызмет еткен ұнайды. Ал сен ше? Сенің мамандығың не? Сен қандай жұмыс жасайсың? Қайда жұмыс істейсің?

Жұмыс орны –
Орналасқан –
Жұмыс жасаймын –
Адам құқықтары –
Басталады –
Аяқталады –



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Жұмыс орның қай жерде орналасқан?
- Мамандығың не?
- Қандай жұмыс жасайсың?
- Жұмыс күнің қандай?



6-тапсырма. Сөйлем құра.

а) Қызмет орным	Науаи көшесінде; А. Темір көшесінде; Өзбекстан көшесінде	орналасқан
ә) Жұмыс	маған саған сізге оған	ұнайды



7-тапсырма. XXI ғасырдың ең танымал мамандығы – бағдарламашы.

- «Ой ұшқындары»



Жоспар:

I. Кіріспе

Қазіргі замандағы ең танымал мамандық – бағдарламашы.

II. Негізгі бөлім:

1. Ақпараттық технология заманының басты талабы.
2. Бағдарламашы – компьютер тілін шебер меңгерген маман.

III. Білікті бағдарламашыға сұраныс жоғары.

Тақырып мазмұны

1-бөлім	<p>Кіріспе Қазіргі заманда бағдарламашы мамандығына сұраныс өте жоғары. Себебі</p>
2-бөлім	<p>Негізгі бөлім Бағдарламашының негізгі мақсаты – кең көлемді функционалдық мүмкіндігі бар құжаттарды құру. Атап айтқанда,</p> <p>Екіншіден, мультимедиялық, электрондық оқулықтар дайындай білу шеберлігінің жоғары болуы. Менің ойымша,</p>
3-бөлім	<p>Қорытынды Білікті бағдарламашы әр уақытта да қажет. Қортындылай келе,</p>





- Жазған эссе бойынша полилог құрындар.



Диалог – екі не бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы берілетін ауызекі тілдегі ерекше форма. Егер сөйлеушілер екеуден көп болса, онда ол **полилог** деп аталады.

Монологтан айырмашылығы диалогта сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүреді.



8-тапсырма. Мәтінді оқып ой толқы жаса.

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ «Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі – жар таңдағанда, екіншісі – мамандық таңдағанда» деп бекер айтпаса керек.

«Мамандық» сөзі латын сөзінен шыққан, «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмалған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат пен карьерист болу екеуі біздіңше екі бөлек нәрсе. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс. Өз қалауыңызды білесіз, бірақ мамандығыңыздың қалай аталатынын білмейсіз. Бұндай жағдайда психолог-профконсультант (мектеп психологтары), мектеп мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-анаңыз, туған-туыстарыңыздың көмектеріне жүгінгеніңіз жөн.

Қазір сауда-саттықтың жүріп тұрған заманы болғандықтан, көптеген мамандықтар осының төңірегінде деуге болады. Агенттер мен менеджер мамандықтары сұранысқа ие десек, артық айтпаймыз. Мысалы, коммерциялық агент, жарнамалық агент, туристік агент, финанстық менеджер, сауда-саттық менеджері, жоба менеджері, кеңсе менеджері т.б.



Болымды және болымсыз етістіктер

Етістік түбір күйінде де, әртүрлі грамматикалық тұлғаларында да қимылдың, іс-әрекеттің, амалдың болуын білдіреді. Мысалы, *Бала ойнады. Бала ойнап отыр. Баланың ойнағысы келді.* Істің болғанын, болып жатқанын не болатынын білдіретін етістіктің түрі **болымды етістік** деп аталады. Ал іс-әрекеттің, яғни етістік білдіретін мағынаның іске аспауы, болмауы арнайы грамматикалық амал-тәсілдер арқылы беріледі. Қимыл, іс-әрекеттің іске аспауы, болмауы етістік түбірлеріне -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшасының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *ойла-ма, сыз-ба, жат-па.* Демек, қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын білдіретін етістікті **болымсыз етістік** дейді. Мысалы, *Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір* деген мәтелдегі жүгірме етістігі -ме жұрнағы арқылы жүгір деген болымды етістіктен жасалған. Сенбе досқа, тұрса да қанша мақтап... деген жолдағы сенбе болымсыз етістігі, оның сен деген болымды түріне -бе жұрнағының жалғануы арқылы жасалып тұр. Күрделі етістікте болымсыз форма бірде негізгі етістікке жалғанса, бірде көмекші етістікке жалғанады. Мысалы, *айтпа-й жүр, сөй-ле-ме-й қалды, бер-ме-п еді және айтып жүр-ме, сөйлеп қойма, беріп жібер-ме.* Белгілі бір шақ тұлғасындағы болымды етістікке жоқ, емес сөздерінің тіркесуі де болымсыздық мағына береді. Мысалы: *көрген жоқ, келген емес, ұстаған жоқ, қояр емес т.б.*



Тыңдаймыз. Оқимыз.

1. Берілген басым сөздерді тыңдаңдар.

қоғам, мереке, мейрам, той, дәстүрлі мереке, атап өту, наурыз көже, тойлау, құттықтау, салтанатты кеш, ресми жиын, гүл, сыйлық, тілек айту, қарсы алу, ұлттық мейрам, мемлекеттік мейрам, діни мейрам, кәсіби мейрам, іс-шара, марапат, шен, қоғам қайраткері, құқық қорғау.

2. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңдер.

3. Мәтінді оқы.

- Адам өміріндегі мерекелердің орны ерекше
- Ұлттық мереке
- Мемлекеттік мерекелер
- Діни мерекелер



Мерекелер күндери



Өзбекстан Республикасының «Мерекелер туралы» заңы бар. Еліміздегі мерекелік даталар тізбесін Өзбекстан Республикасының Президенті белгілейді.

Өзбекстанда ұлттық, мемлекеттік кәсіби және басқа да мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мереке тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне арналады. Олар – дәстүрлі түрде атап өтілетін ерекше мейрамдар. Бұл күндері ресми іс-шаралар өткізіліп, мәдениет және қоғам қайраткерлері, әскери шенділер мен құқық қорғау саласының қызметкерлері және басқа да азаматтар табысты еңбектері үшін мемлекеттік наградалармен марапатталады.

Еліміздегі ұлттық мереке – 1-қыркүйекте атап өтілетін Тәуелсіздік күні.

Мерекелік мерекелер – қоғамдық саяси маңызы бар оқиғаларға арналған мейрамдар. Мемлекеттік мерекелер мына күндері өткізіледі:

1-қаңтар. Жаңа жыл.

14-қаңтар. Отан қорғаушылар күні.

8-наурыз. Халықаралық әйелдер күні.

21-наурыз. Наурыз мейрамы.

9-мамыр. Еске алу және қастерлеу күні.

1-маусым. Балалар күні.

1-қазан. Оқытушылар мен тәлімгерлер күні.

8-желтоқсан. Өзбекстан Республикасының Конституциясы күні.

Діни мейрамдар: Рамазан айт және құрбан айт.

Бұл мерекелер әр түрлі уақыттарда тойланады.

Ал кәсіби және басқа да атаулы күндер мерекелік күндер ретінде атап өтіледі.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмірінде мерекелердің алатын орны ерекше. Бұл күндері адамдар бір-бірін мерекемен құттықтап, мәдени орындарға барып демалады.

1. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

2. Сендерге қандай мереке ұнайды? Әңгімелеп беріңдер.

3. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңдар және оқыңдар.

4. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1) Өзбекстанда қандай мерекелер атап өтіледі?

- 2) Тәуелсіздік мерекесі қашан тойланады?
- 3) Ұлттық және мемлекеттік мерекелер туралы не білесің?
- 4) Діни мейрамдарды ата.
- 5) Өзіңнің кәсіби мерекенді қай күні атап өтесің?



1-тапсырма. Ақпарат алыңдар

Осы білімдеріңді кесте арқылы көрсетіңдер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Туған күн», «Той», «Шілде-хана» тақырыптары бойынша сөздік қорым бар.	Өзбекстан Республикасының мерекелері туралы ақпарат алдым.	Өзбекстан халқының ұлт-аралық татулық мерекесінің қалай тойланатыны жайлы білгім келеді.
2			
3			
4			



2-тапсырма. «Мерекелер» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңдар.





9-тапсырма. Төмендегі құттықтау хатты салыстырып оқы, стилін ажырат. Жауабыңды дәлелде. Кімге жазылған? Кім жазған?

Құттықтау

Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Бала – өміріміздің мәні мен сәні, әрбір адамның ең қымбат қазынасы. Біздің ұрпағымыздың балалық бал дәурені қандай болатыны тек өзімізге байланысты. Оларға ең керегі – бақытты отбасы. Жергілікті билік өз тарапынан отбасы мен отбасылық құндылықтарды сақтап, нығайту үшін, ана мен баланы қорғау үшін, балалардың құқықтарын сақтау бағытында тиісті жұмыстар атқаруда. Ал әрбір ата-анаға «Бала бақыты үшін!» деген ұран өмірлік ұстанымға айналуы тиіс. Балаларымызға ашық аспан, тату-тәтті отбасы мен ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін.

Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз, ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Сені тек биіктерден көрейік. Қадамыңа – гүл, келбетіңе – нұр, қиялыңа қанат бітсін, жасыңа – жас, басыңа бас қосылсын! Шаңырағыңа құтбереке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңа амандық, деніңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманың асқақ, шығар биігің асқаралы болсын! Әрдайым құшағың гүлге, қадамың нұрға тола берсін! Бақытты өмір сүруіңе шын жүректен тілектеспіз!



Құттықтау мерейтойларда, үкімет наградасымен марапатталғанда, әр алуан мейрамдарға байланысты түрлі деңгейдегі (отбасылық, құрбы-достар т.б.) адамдарға жазылады, айтылады.



10-тапсырма. Кестедегі құттықтау сөздер қандай дәстүрде қолданылатынын жаз.

Құттықтау сөз	Шілдехана	Бесік той	Қырқынан шығару	Тұсау кесу
Ешкімнің ала жібін аттамасын!				
Отыз омыртқаң жылдам бекісін!				
Ат жалын тартып мінсін!				
Халықшыл болсын!				
Балаңыздың бауы берік болсын!				
Қырандай көреген болсын!				



11-тапсырма. Оқылым мәтініндегі деректерді қолдана отырып, «Тұсау кесу» рәсіміне арналған құттықтау жаз. Құттықтау сөзде болымды және болымсыз етістіктерді ұтымды қолдан.



12-тапсырма. Сөйлемдерден етістіктің түрлерін тауып жаз.

1. Ол Дәуренді шығарып салғаннан кейін ертең болатын сабағына ұзақ әзірленіп, кеш жатты (С. Мәуленов). 2. Күздігүні жерді жыртып тастауға қол босамады (Ғ. Мұстафин). 3. Әуелде ұзын бойлы, ашаң жүзді аққұба әйел еді (М. Әуезов). 4. Ертеңіне Бораş Москва консерваториясына жүріп кетті де, мен баяғы шаштаразға келдім (Ғ. Мүсірепов). 5. Жуырда болып өткен ақындар айтысында бірнеше жас талапкер есімі белгілі болды. 6. Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай (Абай).



13-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той. Оған көбінесе жастар жиналады. Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтау айтылады. Қонақтар таң атқанша домбыра тартып, ән салады. Түрлі ойын-сауық ұйымдастырады. Жаңылтпаш, жұмбақтар айтады. Жеңгендері отбасының сыйына бөленеді. Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесіктой жасайды. Ағаштан жасалған бесікті нағашылары немесе жасы үлкен, қадірлі аналардың бірі әкеп, сыйға береді. Бесіктің үстіне алдымен көрпе жабылады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабылады, ат жалын тартып мінсін деп қамшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады. Тойға келгендер шашу шашып, балаға батасын береді. Туғанына қырық күн толғанда баланы қырқынан шығарады. Қазақ халқының ұғымында қырық саны – қасиетті сандардың бірі. Қырқынан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған тегешке шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп, баланың үстіне қырық қасық су құяды. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады. Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Ала жіппен тұсаудың негізінде «Болашақта бала ешкімнің ала жібін аттамасын!» деген тілек бар. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.

(«Сен білесің бе?»
энциклопедиясынан)





- Қазақ халқының балаға қатысты салт-дәстүрлерінің маңызы неде?
- Балаға қатысты осы салт-дәстүрлер қазір қалай сақталған?
- Өзің көрген немесе естіген бала өміріне қатысты салттарды әңгімелеп бер.



14-тапсырма. Мәтіндегі болымсыз етістіктер мен зат есімдерді салыстырып, олардың жасалу жолдарындағы және мағыналарындағы ерекшеліктерді айтып беріңдер.

Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба. Білмеген соң, айтпа сөз. (Абай)

Осы кіре беріс бөлмеден төрге қарай және оң жақ, сол жаққа қарай бірнеше бөлме бар еді.

Келген адам шайға отырмай, не шұбат ішпей кетпейді.

Буылған қағазды столдың тартпасына салды.

Әйгерім Абайды кінәламаса да, ақтамақшы емес.



15-тапсырма. Болымсыз етістіктерді қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар.

1. Жан кинал.. й
Жұмыс біт... с,
Талап ... й,
Мұратқа жет...с.
2. Еңбек қылсаң ерін...й,
Тояды қарның тілен...й.
3. Еңбексіз іс бітп...йді,
Еріншектің қолы жет...йді.
4. Күшіңе сен...
Ісіңе сен.



16-тапсырма. Туынды етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңдар.

Бетонның бір ғажап қасиеті бар: жыл өткен сайын қатайып, бұрынғыдан да беріктене түседі. Ол аязға төзімді, судан «қорықпайды», оған әртүрлі пішін беруге де, тұтас шомбал етіп құюға да, әр алуан түске бояуға да болады.

Қарағанды цемент зауыты негізгі өніммен қоса әктас шығарады. Әктасты кальций карбидін өндіру үшін Теміртау син-



тетикалық каучук зауытына тасымалдайды. Бұл өндірістегі карбид әгінің қалдығы силикат кірпіш өндіруге қолданылады. Силикат кірпіш зауыттары Ақмола, Қостанай, Павлодар қалаларында салынған. Қарағанды, Сазтөбе цемент зауыттары өндірістерді әкпен қамтамасыз етеді.



17-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

ДИҚАН ЕЛДІ БАҒАР

(мезгілдік егіндер, жылыжайлар)

Негізгі сөздер және сөз тіркестерімен танысып, оның тыныс белгілеріне байланысты жаттығулар мен тапсырмалар орындау **«Менің кәсіпорным»** атты суретті мәтін жарату (мәтінде кәсіпорнын неге бұлай атағаны жөнінде пікірлері болуы шарт).

Мәтіндер қандай мазмұнда жазылады? Мәтін жөнінде, оның мазмұнына сай түрлері: әңгімелеу мәтіні, сипаттау мәтіні, пайымдау мәтіні.

«Өнерлі жігіт – өрде озар» тақырыбындағы мәтінмен танысу.

Туынды етістіктердің басқа сөз таптарынан жасалуы (есімдер мен еліктеуіш сөздерден).

Негізгі және туынды етістік

Етістік тұлғасына қарай екіге бөлінеді. Олар: негізгі етістік және туынды етістік. Ол екеуінің ережесі төмендегідей:

1) **Негізгі етістік** – қимылды білдіретін төл етістік. Ол негізгі түбір етістік деп те аталады. Мысалы: кел, кет, шық, оқы, қара т.б.

2) **Туынды етістік** – сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Ол туынды түбір етістік деп те аталады. Мысалы: *биле, кешік т.б.*

Есім сөздер мен еліктеу сөзден туынды етістік жасайтын жұрнақтар:

№	Жұрнақ	Мысал
1	-а, -е	ата, деме, сына
2	-ай, -ей, -й	күшей, мұңай
3	-ар, -ер, -ер	жаңар, ескір
4	-ық, -ік	бірік, тынық
5	-сын, -сін	жатсын, көпсін
6	-сыра, -сіре	әлсіре, жетімсіре
7	-ырай, -ірей	кішірей, бақырай

Жалғасы

8	-ыра, -іре	бұрқыра, күркіре
9	-ла, -ле, -да,-де, -та, -те	аяқта, ретте, өкпеле
10	-лан, -лен, -тан, -тен	ойлан, үйлен, әдеттен
11	-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес	көмектес, пікірлес, сырлас
12	-лат, -лет, -дат, -дет	әндет, түнделет
13	-сы,-сі, -ымсы, -імсі	үлкенсі, пысықсы
14	-қар, -кер, -ғар, -гер	басқыр, ескер
15	-ал, -ел, -ыл, -іл, -л	жоғал, теңел, тарыл



1-тапсырма. Суреттердегі іс-әрекетті әңгімеле. Кәсіп түрлеріне сипаттама бер.



2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, кәсіби сөздерді теріп жаз. Қай салаға жататын кәсіби сөздер екендігіне көңіл бөліп, оларға түсінік бер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалан.

Ертеде бір балықшы суды жағалап келе жатса, алыста күнмен шағылысып, жалтырап дыраудай бір нәрсе көрінеді. Жақындап келсе, айналасындағы бір жымға денесінің көбін батырып, үлкендігі қайықтай бір нән балық жатыр екен. Балықшы оны қолындағы жарағымен аулап ала алмайды. Көршісі Иван деген балықшының жарағы, ау-жадырасы бар екен...

Диқан

Диқан – егін салып, күтіп-баптауды кәсіп еткен шаруа, егінші. Егіншілік жақсы өрістеген өңірлерде үлкен жерге егін салып, астық өндірген, тұрмыс-тіршілігін осы егінмен байланыстырған адамдарды Диқан деп атайды.

- «Ой ұшқындары»





Тақырып: Агроном мамандығының болашағы бар ма?
Жоспар:

I. Кіріспе.

Астықты ел – бай ел.

II. Негізгі бөлім:

Ауыл шаруашылығы саласы және агроном.

Агроном – жер қамқоршысы.

III. Қорытынды.

Агроном мамандығының болашағы зор.

Тақырып мазмұны.

<p>1-бөлім</p>	<p>Кіріспе Өзбекстан – құнарлы елге бай ел. Ол жерді тиімді пайдалану – мемлекетіміздің маңызды мақсаты. Менің ойымша, Астық – біздің байлығымыз. Сондықтан</p>
<p>2-бөлім</p>	<p>Негізгі бөлім Ауыл шаруашылығы ел экономикасының негізі деп айтуға болады. Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Өйткені Агроном – жер және өсімдік әлемінің қамқоршысы. Ол – астық өнімдерін, өсімдіктердің өсірудің жолдарын жетік білетін маман. Сондықтан</p>
<p>3-бөлім</p>	<p>Қорытынды Елімізде агрономдар өте аз. Себебі, жастардың көбі заңгер, экономист Өйткені Агроном мамандығының болашағы зор деп есептеймін. Қорыта айтқанда,</p>





3-тапсырма. Суреттердегі іс-әрекетті әңгімеле. Диқаншылық түрлеріне сипаттама бер.



Жылыжай

Жылыжай – (орыс. *теплица*, ағылш. *greenhouse*) – жылу сүйетін жидектер мен көкөністерді, гүлдерді және басқа да өсімдіктерді жыл бойы өсіруге мүмкіндік беретін, қорғалған, жылытылатын, кеңдігі әр алуан құрылыс. Көшетханаға қарағанда құралымы, жылыту жүйесі күрделірек келеді.

Жылыжайда – тәулік бойына температура мен ылғалдылықтың ауытқуы шамалы болатын белгілі бір микроклимат сақталады. Мұндай жағдайды жылыту мен желдетуді дұрыс ұйымдастырғанда ғана жасауға болады. Жылыжай – күн сәулесімен, биологиялық (биологиялық отынның жылуы есебінен) және техникалық жолмен (ыстық су, бу, электр және т.б.) жылытылады. Ол табиғи жолмен де (желгек немесе фрамуга арқылы) немесе қолдан да желдетіліп тұруы мүмкін. Қандай мақсатқа арналғанына, пайдалану мерзіміне, жылыту түріне, қолданылған құрылыс материалына байланысты жылыжайдың құралымы түрліше болуы ықтимал. Жылыжайды бір еңісті, екі еңісті, блокты деп бөледі. Көбінесе екі еңісті жылыжайлар салынады, оның жарық түсетін жазықтығы шығысқа және батысқа қарап тұруы тиіс. Жабын ретінде әйнек немесе синтетикалық үлдір (міндетті түрде полиэтилен) пайдаланады. Жылыжай дақылдарын тікелей топыраққа отырғызады немесе үлдіріктерде (стеллаж) өсіреді.



4-тапсырма. Суреттердегі іс-әрекетті әңгімеле. Жылыжайлар түрлеріне сипаттама бер.





5-тапсырма. Мәтінді оқып, етістіктерді тұлғасына қарай ажыратыңдар.

Машина жасау саласы шаруашылықтың барлық салаларын еңбек құралдарымен қамтамасыз етеді. Алуан түрлі өнімдер шығарғанымен, машина жасау зауыттарының бәрінің технологиялық процесі біртектес. Олар дайындама жасау, тетіктер өндіру және дайын тетіктерді құрастырудан тұрады. Соған сәйкес, машина жасау зауытында құю, ұста-пресс, механикалық және құрастыру цехтары болады.

Машина жасау зауыттарының әрқайсысы өзі маманданған өнім түрін шығарады.

Машина жасау зауыттарының мамандану түрлерінің бірі – технологиялық мамандану. Технологиялық мамандану дегеніміз – дайын тетіктерден, бөлшектерден машина, автомобильдер құрастыру. Мысалы, Алматыда құрылған «Іскер-ГАЗ» кәсіпорны «Камаз», автобустарды тек дайын тетіктерден құрастырады.



6-тапсырма. Етістіктерді тұлғасына, түрлеріне қарай ажыратыңдар.

Тұздың бірнеше түрі бар. Солардың ішінде көбірек қолданылатыны – ас тұзы.

Әрбір адамның тамағына күнделікті 20 г шамасында ас тұзы жұмсалады.

Тұз – түссіз, мөлдір жеке түйіршіктерден тұрады. Түйіршіктің беті жылтыр, тегіс текшеге ұқсайды. Бұл – тұз кристалдары. Текшені жеке алғанда мөлдір, түссіз. Бір жерге үйсе, ақ түсті болып көрінеді.

Тұз суда тез ериді, дәмі ащы.

Мұхиттар мен теңіздер суында тұз ерітінді түрінде кездеседі. Бірақ, теңіз суынан тұзды айырып алу, көп еңбек жұмсауды қажет етеді. Сондықтан оны, көбінесе тұзды көлдерден өндіреді.

Тұзды көлдер Қазақстанның барлық жерінде таралған. Көл суы жазда ыстыққа көп буланады да, еріген тұз түбіне шөге береді. Оны өндіру үшін сорғыш машина қолданылады. Мұндай машинаның орасан зор түтігі мен сорғышы болады. Түтік арқылы көл түбіндегі тұз сумен қоса сорылып алынады.

Тұз жер қыртысында да мол. Мұндай тұз бір кезде сол жерді басып жатқан теңіз шығанағында жинақталған. Оның қалыңдығы кейде бірнеше жүз метрге барады. Сондықтан, оны тас тұз деп атайды. Тас тұз – мөлдір, түссіз кесек мұзды елестетеді. Тас тұздың қаттылығы соншалық, оны қазып алатын шахтада ешқандай ағаш тіреу қоюдың қажеті жоқ. Тұздың өзі тамаша тіреу бола алады.



7-тапсырма. Туынды етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңдар.

Бетонның бір ғажап қасиеті бар: жыл өткен сайын қатайып, бұрынғыдан да беріктене түседі. Ол аязға төзімді, судан «қорықпайды», оған әртүрлі пішін беруге де, тұтас шомбал етіп құюға да, әр алуан түске бояуға да болады.

Қарағанды цемент зауыты негізгі өніммен қоса әктас шығарады. Әктасты кальций карбидін өндіру үшін Теміртау синтетикалық каучук зауытына тасымалдайды. Бұл өндірістегі карбид әгінің қалдығы силикат кірпіш өндіруге қолданылады. Силикат кірпіш зауыттары Ақмола, Қостанай, Павлодар қалаларында салынған. Қарағанды, Сазтөбе цемент зауыттары өндірістерді әкпен қамтамасыз етеді.



8-тапсырма. Парталасыңмен бірге кестені толтыр.

	Ережесі	Мысалы
Негізгі етістік		
Туынды етістік		



9-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Үй тапсырмасы. Агроном мамандығының болашағы бар ма?

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңдар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 минут)	1. 2. 3.
Эссе мазмұны (40 минут) Сөз саны 250	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу

Ақпарат алыңдар.

Осы білімдеріңді кесте арқылы көрсетіңдер.

№1	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді //білейін деп едім





КОМПЬЮТЕР ГРАФИКАСЫ

(дизайн, жаңа бағыттар туралы мәлімет)



Туынды сөздердің айтылуы мен жазылуы. Берілген мәтін құрамынан туынды сөздерді ажырату, олардың мағыналарын анықтау, сөздік жасауға тиісті жаттығулар мен тапсырмалар.

«Сіздерді жұмысқа шақырамыз!» тақырыбында берілген хабарландыру мәтінімен жұмыс жасау. Ондағы заттарды тиісті топтарға ажырату және оның емлесіне байланысты тапсырмалар.

Дара және күрделі етістік. Дара және күрделі етістіктерді көркем мәтіннен табу және оның қолданылуы жайлы пікір алысу.



Етістіктердің құрамына қарай бөлінуі

Дара етістік – бір ғана сөзден тұратын етістік. *Мысалы, бар, қара, кел, айт, сал, жүгір, көр т.б.*

Күрделі етістік екі не одан да көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіреді. Бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады. *Мысалы: Сурет салып отыр екен (не істеп отыр екен?). Әлгі қыз кемсеңдеп жылай бастады (не істеді?).*

Күрделі етістіктің құрамындағы бірінші етістік негізгі етістік болады, негізгі мағынаны білдіреді, кейінгісі оған көмекші етістік болады. Кейде, көмекші етістік біреу емес, бірнешеу болуы мүмкін. *Мысалы, Сәтбай үйден асығыс-үсігіс шығып жатыр екен.* Осы сөйлемде *шығып* сөзі негізгі етістік болса, ал *жатыр екен* екі сөзден тұратын көмекші етістік. Негізгі етістік көбінесе көсемше, есімше тұлғасында (қарап тұрды, кетер емес) келсе, көмекші етістік, етістіктің барлық түрлерімен тұлғаланып қолданыла береді.



1-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, дара етістіктің астын бір, күрделі етістіктің астын екі сызықпен сызындар. Күрделі етістіктің қалай жасалып тұрғанын айтындар.

Күн – тоғыз ірі ғаламшардан тұратын тұтас бір жүйенің, Күн жүйесінің орталығы. Күн – қатардағы жұлдыздардың бірі. Басқа жұлдыздар сияқты, ол да, лаулап жанып тұрған газды шар. Ғалымдардың болжауынша, оның беткі қабатындағы қызу 60 000 шамасында, ал терең түкпірінде 15 миллион градусқа дейін жететін болуы керек. Басқа жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқандықтан, күн бізге олардан гөрі үлкен болып көрінеді. Күн мен Жердің ара қашықтығы 150 миллион км. Тап осы қашықтық, тіршілік үшін қолайлы екендігі байқалады. Мұнан гөрі тым жақын денені Күн қатты қыздырып жібереді, ал алыста үскірік суық орнайды.

Аспан әлемін зерттеуші ғалымдар Күннің көлденеңі 1 400 000 километрдей екенін анықтаған. Бұл Жердің көлденеңінен 109 есеге жуық артық деген сөз.

Күн жан-жағына жарық сәуле және орасан зор мөлшерде жылу таратады. Жерге Күн қуатының екі миллиардтан бір бөлігі ғана жетеді. Күннің басқасы әлем кеңістігіне шашырап тарап кетеді. Дегенмен, осы қуат мөлшерінің өзі, Жерді жылытуға әбден жетеді. Күннің сәулесі мен жылуы болмаса, Жер бетін қара түнек басар еді. Ғаламат суықтың салдарынан өсімдік те, жан-жануар да тіршілік ете алмас еді. Жылудың жоқтығынан булану жүрмей, су бетінің қатып жататындығы өзінен-өзі түсінікті. Аспанда бұлт үйірілмейтіндігінен жауын-шашын жаумас еді, жер бетін өзгертетін ағын су әрекеті жүрмес еді. Бір сөзбен айтқанда, Жерде өтіп жататын сан алуан табиғат құбылыстары тоқтап қалар еді.



2-тапсырма. Берілген сөздердің қайсысы негізгі етістік, қайсысы туынды етістік екендігін анықта.

Үйрен, отыр, төсе, қоюланып, ағарды, жеткіз, аула, қара, жүгір, баратын, кел, ал, көмектес, таран, жаз.




3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Дизайн – көркем сурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі – әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу.

Дизайнер мамандығы, қазіргі уақытта алдыңғы орындардың біріне ие, нарықтық экономикадағы саласы да дизайнды қамтиды. Көптеген бағыттары – өнеркәсіптік дизайн, графика және буып-түю, тоқыма, киім модельдеу, ұйымдастыру, қалалық және ауылдық ортаны жобалау, интерьер және жарнама, веб-дизайн.



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.



5-тапсырма. Берілген мәтінде қанша етістік бар екендігін және оның құрамын анықта.



6-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес жауаптарды белгіле. Жауабыңды дәлелде.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
АҚШ дизайнерлер отаны деп саналады.		
ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда дизайн өнері, 1960 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптасып, дами бастады.		
Дизайнер, ең алдымен, стратег болуы керек.		
Өнеркәсіптік дизайн, графика және буып-түю, тоқыма, киім модельдеу, ұйымдастыру, қалалық және ауылдық ортаны жобалау, интерьер және жарнама, веб-дизайн.		



7-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша етістіктерді теріп жаз.

Негізгі	Туынды	Дара	Күрделі



8-тапсырма. Дизайнның түрлеріне сипаттама бер. Өз сөзінде етістік түрлерін қолдан.

Өнеркәсіптік дизайн, графика және буып-түю, тоқыма, киім модельдеу, ұйымдастыру, қалалық және ауылдық ортаны жобалау, интерьер және жарнама, веб-дизайн.

Үлгі: Өнеркәсіптік дизайн – сериялық түрде шығарылатын және бірқатар сипаттамаларға жауап беретін, заттар мен ыдыстарды әзірлеуге және жасауға жауап беретін дизайнның бір саласы.

- графика және буып-түю –
- киім модельдеу –
- ұйымдастыру –
- қалалық және ауылдық ортаны жобалау –
- интерьер және жарнама –
- веб-дизайн –



9-тапсырма. Суреттердегі іс-әрекетті әңгімеле. Дизайнерлер түрлеріне сипаттама бер.



10-тапсырма. Сұхбатты тыңдаңдар.

Заманауи технология

Аяна: – Айнур, сенің жұмыс кабинетіңде қандай техникалық құралдар бар?

Айжан: – Компьютер, цифрлы фотоаппарат, плеер бар.

Аяна: – Кеше мен notebook сатып алдым.

Айжан: – Компьютеріңді Интернет желісіне қостың ба?

Аяна: – Иә, әрине. Жылдамдығы жоғары интернет жүйесіне қостым. Мен, интернет материалдарын көп оқимын ғой.

Айжан: – Сен, «Power Point» бағдарламасымен жұмыс істей аласың ба?

Аяна: – Әрине, «Power Point» бағдарламасын тез үйреніп алдым. Оның пайдасы көп екен. Сол арқылы презентациялар жасап жүрмін.

Айжан: – «Үздік оқу орындары» туралы презентациялар бар ма?

Аяна: – Бар. Қажет болса, флешкаға жазып берейін.

Айжан: – Саған, көп рақмет!



11-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Осы заттарды сендер сатып алдыңдар ма? Не үшін?
- 2) Не сатып алғыларың келеді?



12-тапсырма. Жоғарыдағы суретті пайдаланып, олармен не істейтіндеріңді айтыңдар.

Сөйлейміз. «Білім жүйесі тақырыбындағы» өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңдар.



13-тапсырма. Төмендегі сұрақтар бойынша ойларыңды айтыңдар. Компьютерде адам не істей алады?

- аударады;
- қатені түзейді;
- жазу жазады;
- қазақ, орыс, ағылшын, өзбек тілдерінде сөйлеседі;
- инерактивті ойындар ойнайды;
- скайф арқылы сөйлеседі;
- хат жазады;
- СМС жібереді;
- музыка тыңдайды;
- танысады;
- тіл үйренеді;
- жауап қайтарады.



14-тапсырма. «Компьютерде адам не истей алады?» тақырыбында сұхбат құрындар.



15-тапсырма. Сабақта алған әсеріңді түстерге сәйкес айт.

Жасыл: Түсіндім.

Сары: Сұрағым бар.

Қызыл: Түсініксіз.

МЕН ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ БОЛСАМ...

(тележүргізуші, тіл дамыту)

Журналистика саласына тән терминдер, олардың айтылуы мен жазылуы. Мәтін құрамынан берілген терминдерді анықтау, олардың мағынасымен танысу, терминдер көмегінде сөздік жасау.

Журналист ретінде белгілі бір жағдайға, тақырыпқа әңгіме жазу, мұнда журналистикаға қатысты терминдерді қолдану.

«Өз пікірімізді айтайық!» мәтінмен жұмыс.

Берілген мәтін, сурет, аудиоматериал негізінде дұрыс сөйлеу қағидалары жөнінде өз пікірін баяндау, мәтінде кездесетін болымды және болымсыз етістіктерді пайдалану.



Журналистика – (нем. *Journalismus*, фр. *journalisme*, ағылш. *journalism*) – 1) баспасөз, радио, теледидар, кино, интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы елдегі және әлемдегі жаңалықтар мен оқиғалар, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және табиғи құбылыстар жөнінде жұртшылыққа мағлұмат беріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын әдеби-шығармашылық қызмет түрі; 2) белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыққан газет-журналдарының жүйесі, оларда жарияланған материалдар жиынтығы; 3) баспасөз тарихын, теориясы мен практикасын зерттейтін ғылым саласы.

Журналистика жанрлары

- Оперативті-ақпаратты – жазбалардың барлық түрі.
- Оперативті-зерттеушілік – отчёт, репортаж, интервью.
- Зерттеушілік-ақпаратты – рецензия, корреспонденция, комментарий.
- Зерттеушілік – мақала, хат.
- Зеттеушілік-бейнелеу – фельетон, эссе.
- Ақпараттық жаңалықтар жанры.
- Диалогты жанр.
- Ситуациялық – аналитикалық жанр.
- Эпистолярлық жанр.
- Көркем публицистикалық жанр.
- Сатиралық жанр.

Телебағдарламалар көріп, сөйлеуге үйренеміз



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап берейік.

- 1) «Сіз қазақ радиосы», «Сәлем», «Арайлы өңір», «Дидар», «Ориат дано ФМ» радиосы мен теледидардың қайсысын көріп және тыңдайсыңдар?
- 2) Соңғы рет қай арнадан қандай мерекелік бағдарлама тыңдадыңдар?
- 3) Радиодан қазақ күйлерін тыңдағанды ұнатасыңдар ма?
- 4) Сендердің сүйікті радио және телебағдарламаларың қандай?



2-тапсырма. Мәтінді толықтырыңдар.

Сүйікті теледидар мен радиомның мерекелік бағдарламасы
 Мен – теледидарын қызығып көремін. Мен – «Дидар» хабары тележүргізушілерінің
 ұнатамын. Маған «Дидар» хабарының
 ұнайды. «Қазақ радиосынан».....
 мерекесіне арналған әндерді тыңдадым. «Ориат дано ФМ» радиосының бағдарламасы қызықты. Радиодан күйлерін тыңдадым. Мен –
 радиосын қызығып тыңдаймын. Мен әзіл-сықақ әңгімелерді тыңдағандарды ұнатамын.



3-тапсырма. Қазақ тіліндегі теледидар мен радиолардың мерекелік бағдарламаларын жасаңдар.

Радио «Арайлы өңір»	Бағдарламаның атауы Жас әншілер	Уақыты 22.00
Теледидар «Дидар»	Бағдарламаның атауы «Мамандығым- мақтанышым»	Уақыты 16.20



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Мерекелерге радиобағдарламалар мен телебағдарламалардың ішінде сендерге ерекше ұнайтыны бар ма?
- 2) Сендер қандай радио бағдарлама және телебағдарлама жобасын ұсынар едің?



5-тапсырма. Монологты оқыңдар.

Монолог мазмұнын өзгертіп жазыңдар.
Бүгін 1 қыркүйек – Тәуелсіздік күні. Ақсарайдың мәжілістер залында салтанатты кеш болды. Салтанатты кешке депутаттар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері барды. Елбасы жақсы тілек айтып, бәрімізді құттықтады. Кештің ресми бөлімінен кейін, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Әншілер патриоттық өлеңдер айтып, өнерлерін ортаға салды. Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты кешіміз жақсы өтті. Біз өлең тыңдап жақсы дем алдық.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тәуелсіздік күні қашан атап өтіледі?
2. Салтанатты кешке кімдер келді?
3. Құттықтау сөзді кім айтты?
4. Тәуелсіздік сарайында қандай іс-шара өтті?
5. Концертте қандай өлеңдер айтылды?
6. Салтанатты кеш қалай өтті?



7-тапсырма. Өлеңді оқыңдар.

- Өлеңдегі асты сызылған сөздердің синонимін табыңдар.
- Өлең не туралы?

ТӘУЕЛСІЗДІК

Қалам қандай, далам қандай құлпырған,
Қорада мал, отарда қой мыңғырған.
Ел жаңарып, ой тазарып бұл күнде,
Жастарым бар барлық істі тындырған.



Журт таныды, жер таныды елімді,
 Кең байтақ, жасыл жайлау жерімді.
Ақ алтыны аспанымен таласып,
 Қойнауы толған, қазына мен кенімді.



Неткен сулу, қандай ғажап өңірім,
Бақытқа кенеліп тұр мына өмірім.
Тыныштық елдің самалында желбірейді,
Көк байрағым, демеп тұрса тәңірім.



Ерікті елім, азат елім айбыным,
 Мол табыстың айта берейін қай бірін.
 Қырда қиқу, қалада шу, күнде той,
Тәуелсіздік – таусылмайтын ән-жырым!

(Салиха Досымбетова)

«Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Ақпарат алыңдар.

Осы білімдеріңді кесте арқылы көрсетіңдер.

№ 1	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
--------	------------------	--------------------	---



Үй тапсырмасы:

1. Жоғарыдағы мерекелерден өзіңе ұнаған мерекелер бойынша шағын мәтін құра.
2. Мемлекеттік мерекелер ішінен Наурыз мерекесі жайлы диалог құра.
3. Теле және радиожүргізуші журналистер туралы өз пікіріңді білдіріңдер.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және талдау



V БӨЛІМ. ЖАС ЭКОНОМИСТ

ИМПОРТ НЕМЕСЕ ЭСКПОРТ

(импорт және экспорттардың мемлекет экономикасындағы орны)



Сабақты етістік пен салт етістік

Етістіктер мағынасына қарай сабақты және салт етістік болып бөлінеді. Мағынасына қарай тура нысанды, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістік **сабақты етістік** деп аталады. Сабақты етістіктер *кімді? нені?* (кейде табыс септіктің жасырын түрі – *не?*) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады. Мысалы, *Есікті жұлқа ашты. Ұлпанды қатты көргісі келді.* Кейде табыс септіктің жалғауы жасырын тұруы мүмкін. Ондай жағдайда, сұрақ қою арқылы анықтауға болады. *Су ішті. Нені ішті? – Суды ішті.*

Мағынасына қарай тура нысанды – табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер **салт етістік** деп аталады. Салт етістіктер барыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркеседі. Мысалы, *Әжесінің әңгімесінен (неден?) көп нәрсені ұғынды. Салт аттылар ауылға (қайда?) қарай бет бұрды.*



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

- Еліміз экономикасы туралы қандай мәлімет қосар едің?
- Мәтіннің мазмұны бойынша өз ойыңды дәйектеп айт.

Импорт дегеніміз не?

Импорт дегеніміз – өз еліне тауарларды немесе қызметтерді басқа елден қаржылық негізде алу. Негізінен импорт басқа елдерден тауарлар мен қызметтерді сатып алу, болып табылады. Бұл қабылдаушы елдің экономикалық жағдайына тікелей әсер етеді. Көптеген елдер, өздеріне бай, Таяу Шығыс елдерінен шикі мұнай мен отынды импорттайды. Сондықтан, импорттаушы елдер осы қажетті ресурстарды өз елдеріне импорттау үшін, өздерінің ұлттық табыстарының көп бөлігін жұмсауға мәжбүр.



Бұл әлемнің барлық елдерінің өздерінің экспорты мен импортында тепе-теңдікке қол жеткізуге тырысады. Бірақ, іс жүзінде ол ешқашан олай емес және төлем теңгерімі бұзылатын жерде. Экспорт тең болған жағдайда, ел экспорт арқылы тапқан ақшаны тауарлар мен қызметтерді импорттауға қолдана алады. Бүгінгі таңда, әлемде өзара тәуелділіктің көптігі соншалық, компаниялар мен халықтар өздері өндіруге тырыспаса, олар өндіре алмайтын немесе арзанырақ болатын заттарды импорттауды жөн көреді.

Сондықтан елдің импорты мен экспорты арасында тепе-теңдік болуы керек. Егер, ел көп импорттайды және аз экспорттайды, демек бұл елдің ресурстарын сатып алу-сатуда теңгерімсіздік бар және бұл елдің елеулі экономикалық ауытқуларына әкелуі мүмкін.

Экспорт деген не?

Экспорт дегеніміз – бір елден тауарларды немесе қызметтерді отандық елге қаржылық негізде жіберу. Егер, ел белгілі бір рудаға бай болса, өйткені, кеннің табиғи қорлары бар, ол осы кенді әлемнің басқа елдеріне экспорттай алады. Бұл әсіресе шикі мұнайды экспорттаушы мұнай өндіруші елдерге қатысты. Алайда, мұндай елдердің барлығы көптеген тауарлар мен қызметтер үшін басқа елдерге тәуелді, сондықтан оларды әлемнің басқа елдерінен импорттау қажет.

Экспорт ел үшін ақша табады, ал, импорт, шығындарды білдіреді. Мысалы, Үндістан – IT саласында білікті жұмыс күшінің көп саны бар ел. Бұл жұмыс күші, өз қызметтерін Үндістанға шетел валютасын алатын басқа елдерде жұмыс істейтін компанияларға экспорттайды. Екінші жағынан, Үндістан басқа елдерге мұнай мен қару-жараққа тәуелді және оны өзінің энергетикалық қажеттілігі үшін де, армиясы үшін де импорттау керек. Ол, экспорт арқылы алған шетелдік валютаны жетіспейтін тауарлар мен қызметтерді импорттауға жұмсай алады. Бұл экспорт пен импорттың негізгі ұғымы.



Шын мәнінде, экспорт пен импортқа маманданған компаниялар бар, олар жақсы дамыған байланыс желісіне ие болғандықтан, қысқа мерзімде кез келген компания үшін тауарларды ұйымдастыра алады. Сол сияқты, Қытайдағы ауқымды компаниялар өнімдерді көп мөлшерде экспорттайды, Қытайды әлемдегі жетекші экспорттаушы мемлекет етеді.



2-тапсырма. Тілдік бағдар айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар
Салт етістік	Қандай етістік салт етістік деп аталады?	
Сабақты етістік	Қандай жағдайда етістік сабақты болады?	



3-тапсырма. Мәтіннен салт және сабақты етістіктерді тауып, дәптеріңе жаз және парталасыңа дәлелде.

салт етістіктер	сабақты етістіктер



4-тапсырма. Еліміздегі экономикасы дамуында экспорт және импорттың орны туралы диалог құрыңдар. Диалогта салт және сабақты етістіктерді қолданыңдар.



5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша 5 етістікті анықтап, мағынасына қарай ажырат.

Үлгі: дүниеге келді – күрделі, болымды, салт етістік



6-тапсырма. Қосымша әдебиеттерден ізденіп, «XXI ғасыр: ғылым және инновация» тақырыбында шағын мәтін құраңдар.



7-тапсырма. Берілген фигураларға сәйкес өзінді-өзің бағала.

1-фигура. Не үйрендім?

2-фигура. Қанша мәлімет алдым?

3-фигура. Әлі де білгім келеді.

4-фигура. Нені түсінбедім?



САЛЫҚ ТӨЛЕУ БІЛЕСІҢ БЕ?

(салық түрлері, мемлекетке салықтың пайдасы)



Етіс. Етіс түрлері

Қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға немесе іспен байланысты затқа қатысын білдіретін етістіктің түрі **етіс** деп аталады.

Етістер мағынасына, морфологиялық тұлғасына қарай төрт түрлі болады. Олар: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

Өздік етіс

Іс, қимыл, амал-әрекеттің, сол істі істеушінің өзіне жұмсалуды білдіретін етістіктің түрін **өздік етіс** дейді. Өздік етіс, сабақты етістіктің түбіріне **-ын, -ін, -н** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар дауысты дыбыстан кейін **-н** түрінде жалғанады да, дауыссыз дыбыстардан соң **-ын, -ін** түрінде жалғанады. Мысалы: *Мен тарандым. Сен жуындың. Ол киінді. Болат шешінді* деген сөйлемдерде *тарау, жуу, кию, шешу* қимылын бірінші, екінші, үшінші жақтағы адамдардың өздеріне жұмсағандығы айтылады.

Өзгелік етіс

Қимыл-амалды істі істеушінің өзі емес, басқа біреу арқылы жасағандығын білдіретін етістіктің түрін **өзгелік етіс** дейді. Мысалы: *Біржан ән айтты. – Біржан Әйгерімге ән айтқызды. Біз шығарма жаздық. – Біз жоғары сынып оқушыларына шығарма жазғыздық.* Өзгелік етістер етістіктің түбіріне **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т, -ыр, -ір** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.



1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқы. Ондағы мәселе бойынша ой тұжырымда.

Салық туралы түсінік



Әр түрлі мемлекеттік табыстардың арасындағы кеңінен тараған, қаражат алу формасы – салықтар болып табылады. Салық – мемлекеттік бюджет түсімдерінің ең басты көзі, үкімет табыстарының негізі: Салық дегеніміз – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардың міндетті түрде төлейтін төлемі. Салықтар, мемлекеттің пайда болуымен бірге қалыптасты. Сондықтан да, салық пен салық салу мемлекеттің тіршілік ететін айырылмас маңызды бөлігі болып табылады. Себебі, мемлекеттің бюджет кі-

ріс көзінің 70% тек салықтардан тұрады. Өндірістік бірлестіктер, кәсіпорындар, капитал иелері өздері жариялаған мәлімдемелері бойынша салық төлейді. Олай болса, салықтардың түрлерін қарастырайық.

Тікелей салықтар – тікелей табысқа немесе мүлікке салынады. Оларға мыналар жатады: мүлік салығы, жер салығы, табыс салығы, әлеуметтік салық, көлік салығы. Табыс салығы – заңды немесе жеке тұлғалардың табысына салынатын салық.

Жанама салықтар – тауар бағасына салынған салықтар. Оларға қосылған құн салығы мен акциз және кеден, баж салығы жатады.

Акциз – тауар бағасына немесе қызмет көрсету тарифтеріне қосылады. Әрбір елдің ерекшеліктеріне қарай, акциздер халық тұтынатын тауарларға, транспорт, байланыс, тұрмыстық қызмет көрсету түрлеріне салынады. Акциз салығы, мемлекеттің монополді өндіретін тауарларына салынады. Нақты елдердің ерекшеліктеріне қарай бұлардың қатарында, темекі бұйымдары, алкогольдік ішімдіктер, сусындар, тұз, бағалы металдар, жанар-жағар май өнімдері және т.б. жатады.

Қазіргі кезде акциздің бір түрі – қосылған құнға салынатын салық салу кеңінен дамуда. Бұл жағдайда, салық тауарды өткізгеннен түскен барлық түсімге салынбай, тек осы кезеңдегі өндірістік қызметтің нәтижесінде, қосылған құнға салынады. Өткізу бойынша салық салынатын айнымалының тауарларды өндіру, (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) және олардың айналысы барысында, қосылған құнның бір бөлігін бюджетке аудару т.б. кезіндегі аудару болып табылады. «Оларды кім төлейді?» деген сұраққа жауап беру керек. Салықтарды төлеу ауыртпалығын көтеретін жеке адамдар (жеке тұлғалар) мен компаниялар, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, фирмалар, жеке кәсіпорындар (заңды тұлғалар).



2-тапсырма. Мәтіннен ең қажетті ақпараттарды анықта. Сұрақтарға жауап бер.





1. Мемлекет бюджетінің қалыптасуында салықтың орны мен түрлері қандай?
2. Адамдар қандай салықтар төлеуі тиіс?
3. Неліктен салықтарды уақытында төлеу керек?





3-тапсырма. Мәтіннен етістерді тауып, дәптеріңе жаз және парталасыңа дәлелде.



4-тапсырма. Берілген суреттер бойынша салықтың қай түрі екендігін анықта.

Салық салынатын және салынбайтын объектілер мен субъектілер	Тікелей салық	Жанама салық	Салық салынбайтын объектілер мен субъектілер
 Машина			
 Кәсіпорын			
 Ботаникалық бақ			
 Шикізат			

 <p>Үй</p>			
 <p>Темір жол билеті</p>			



5-тапсырма. Салық түрлері, мемлекетке салықтың пайдасы туралы мәтін құрап жаз. Етістің түрлерін ережеге сәйкес айтып бер.



6-тапсырма. Берілген етістіктерден өздік етіс жасап, салық төлеу тақырыбына қатысты сөйлем құрап жаз.

Төле, сұра, ойла, толтыр, көрсет.



7-тапсырма. Бір-біріңмен ой бөлісіп, мақалдарды жалғастырыңдар. Оларды түсіндіріп айтыңдар.

1. Отансыз адам – ормансыз
2. Жалғыз ағаш ... болмас,
4. Күтімі жаман ағаштың – бітімі
3. Жақсы болсаң жердей ...,
Бәрін шыдап көтерген.
Таза болсаң судай ...,
Бәрін жуып кетірген.
4. Күтімі жаман ағаштың – бітімі
5. Тікен ... қорғайды,
Ара ... қорғайды.
Жаман ... қорғайды,
Жақсы ... қорғайды.



8-тапсырма. Бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғаламтордан салық туралы ақпарат жина. Жинаған ақпараттарыңа сәйкес сұрақтар құрастыр. Оларды пайдаланып, ойбөліс өткізіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;





- тіл сауаттылығына мән беру;
- фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік көзқарасыңды дәлелді жеткізу;
- ақпараттардың шынайылығын тексеру.



9-тапсырма. Бүгінгі сабақта алған әсеріңді, ойыңды кесте бойынша жаз.

Бүгінгі сабақ ұнады.	Сабақ ұнамады.	Сабақ қызықты болды!

КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМДЕР

(электр, газ, су төлемдерін үнемдеу)

Ырықсыз етіс

Ырықсыз етіс – сабақты етістікке *-ыл, -іл, -л* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Ал, ол етістіктердің соңы *л* дыбысына аяқталса немесе етістіктің негізінде *л* дыбысы болса, ырықсыз етіс жұрнағы *-н, -ын, -ін* түрінде жалғанады. Мысалы: *қаз+ыл+ды, тоқы+л+ды, сана+л+ды, ал+ын+ды, бөл+ін+ді, қала+н+ды, тала+н+ды, сөйле+н+ді*. Етістіктің түбіріне өздік етіс, ырықсыз етіс категориясын тудыратын *-л, -ыл, -іл, -н* жұрнақтары жалғанса, сабақты етістік салт етістікке айналады. Мысалы: *жу – жуын(ды), ал – алын(ды), аш – ашыл(ды), жаз – жазыл(ды), көр – көрін(ді), тазала – тазалан(ды), шеш – шешіл(ді), жина – жинал(ды)*.

Ортақ етіс

Іс-әрекетті орындаушының біреу емес, әлденешеу екенін білдіретін етістің түрі, **ортақ етіс** деп аталады. Мысалы: *Ол сөйледі. – Ол Алматыдағы ағасымен сөйлесті. Мен қар күредім. – Мен қар күрестім*. Ортақ етіс етістіктің түбіріне *-ыс, -іс, -с* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Дауысты дыбыстардан соң *-с* түрінде, дауыссыз дыбыстардан соң *-ыс, -іс* түрінде жалғанады. Мысалы: *ақта+с (Ол үй ақтасты), суғар+ыс (Мен бақша суғарыстым)*.



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

- Коммуналдық төлем дегенде не түсінесіңдер?
- Коммуналдық төлемдерден қалай ақша үнемдеуге болады?

Коммуналдық: Бұл не?



Бүгінгі әлемде, әркім уақыт бойынша коммуналдық төлеуге қажет деп біледі. Өйткені, бұл ең тамаша өнімділігі су, газ, жылу және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың байланысы. Басқаша айтқанда, бұл коммуналдық қызметтер деп айтуға болады. Үй-жайлар үшін жалға бастап төлемдер мен халық бұрын пайдаланылған ресурстар мен қызметтер болып табылады.

Коммуналдық төлемдерден қалай ақша үнемдеуге болады?



№1. Тісіңізді тазалағанда, суды жауып қойыңыз. Суды бостан-босқа ағызып қоймаңыз. Тісіңізді тазалағанда оны жауып қойсаңыз, сіз кем дегенде 2 литр су үнемдейсіз. Бір айда айтарлықтай айырмашылықты байқайсыз. Сол сияқты, ыдыс жуғанда да (егер ыдыс жуғышыңыз болмаса) суды босқа ағызып қоймаңыз.

№2. Шаңсорғышты жиі тазалап тұрыңыз

Тұрмыстық техника дегеніміз – бұл күнделікті өмірде, үйде пайдаланатын техникалық құрылғылар. Бұған – тоңазытқыш, кір жуғыш машина, шаңсорғыш, үтік, теледидар, электр пеші, қысқа толқынды пеш, кондиционерлер және басқалар жатады. Осыларды дұрыс пайдалану нәтижесінде электр қуатын үнемдеу мүмкін.

Мәселен, қоқыс жиналған шаңсорғышты пайдалану тиімді емес. Егер ол тазаланбаса, үйді жиыстыру да оңайға соқпайды. Бір жерді бірнеше рет шаңсорғышпен сорып электр қуатының шығынын көбейтесіз.

Шаңсорғыштың электр шығыны оның қуатына тікелей байланысты. Орта есеппен ол минутына 30 ватт шығындайды. Үйді жинау кезінде шаңсорғышты жарты сағаттан 1 сағатқа дейін пайдаланасыз.

№3. Бос бөлмелердегі жарықты өшіріп қойыңыз.

Бұл кеңес қарабайыр боп естілгенімен көп адам оны ескере бермейді. Бір бөлмеден екінші бөлмеге кеткенде жарықты өшіруді ұмытатын шығарсыз? Таңертең жұмысқа кеткенде бір бөлменің



жарығын өшірмедіңіз делік. Ал, енді сіз жұмыстан келгенше бір аспалы шамның күн ұзаққа жанып қалғанын елестете беріңіз.

Бір шамның қуаты 60, 75 және 100 Вт болса, олардың әрқайсысы бір сағатта осындай қуатты жағатынын есептеңіз.



2-тапсырма. Отбасылық бюджет, электр, газ, су төлемдерін үнемдеу туралы диалог құрап жаз. Етістің түрлерін ережеге сәйкес айтып бер.



3-тапсырма. Мәтінде кездесетін етіс жұрнақтарын ажыратып, дәптеріңе жаз.



4-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, ортақ етіс жұрнақтарын тап. Егер ортақ етіс жұрнағы жалғанбаса, сөйлемдердің мағынасы қалай өзгередінін парталасыңа дәлелде.

1. Енді өзге жердегі жұмысшылар мен мәшине-саймандарды, мүліктерді жинауға кірістік (*С. Мұқанов*). 2. Менің қысылғанымды байқамаған болып, басқа жолдастармен әңгімелесіп кетеді (*Ф. Мүсірепов*). 3. Ойындарын қоя салып, бәрі жапырлап Мұхитқа қарай жүгірісті (*Ф. Сланов*). 4. Қолына мылтық алып соғысты (*Т. Ахтанов*). 5. Жарқын ағай бұдан кейін де ұзақ әңгімелесті (*Ф. Сланов*). 6. Оны үстелге қоя салып, көптен көрмегендей құшақтасып амандасты (*Ф. Мүсірепов*).



5-тапсырма. Етістерді түрлеріне қарай топтастырып, жұбыңмен бірге кестені толтыр.

Көмектес, жинатқыз, аударыс, сөйленді, шешілді, тасыс, әкелдіргіз, суарт, таранды, алдыртты, ашылды, тазаласты, айналдырды, ұйымдастырылды, жазғызды, сүртін, ілінді.

Етіс түрлері	
Өздік етіс	
Өзгелік етіс	
Ырықсыз етіс	
Ортақ етіс	



6-тапсырма. Суреттегі оқиғаларды айтып бер. Іс-әрекетті сипаттауда етістіктің ырықсыз етіс түрін қолдан.

Үлгі: еден жу-ыл-ды



7-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі ырықсыз етіс тұлғаларын тауып, іс-әрекеттің кімнің тарапынан орындалатынын анықтаңдар.

- Сын түзелмей, мін түзелмейді.
- Қарт келсе, ақылдың қосылғаны, Жас келсе, батырдың қосылғаны.
- Ауылдың жақсы екені жолынан білінер.
- Ақылмен алтын табылар, Алтынмен ақыл табылмас.



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

Пысықтау сабағы
Бақылау жұмысы және талдау



VI БӨЛІМ. ПӘН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА

(интернет және электрондық пошта жөнінде пайдалы мәлімет)



Технология – (гр. «*techno*» – өнер, шебер, білгір және «*logos*» – ілім, ғылым) – ғылыми-практикалық негізде шикізатты дайын өнімге айналдырудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі.

Технология дайын тетік немесе бұйым жасау үшін өндірістік процестерде пайдаланылатын материалдың, шикізаттың немесе жартылай өнімнің (әрбір операциялар аралығындағы дайындамалар) пішінін, өлшемін, қасиетін, күйін өзгерту амалдарынан тұрады.

Жалпы өндірістік процестің бөлігі болып табылатын өндіру, тасымалдау, сақтау, бақылау жөніндегі іс-қимылдар да **технология** деп аталады. Қоғамның өзгеруіне байланысты өндірістің, қызметтің, оқытудың, т.б. әр түрлі салаларына **инновациялық технология** ұғымы енгізілуде. Қазіргі кезде технология:

- алдыңғы қатардағы технология;
- қалдықсыз технология;

- өңдеу және қайта өңдеу технологиясы;
- халықаралық стандартқа сай технология болып ажыратылады.

Технология пәні – география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі – қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Интернетке қатысты терминдер, олардың айтылуы мен жазылуы. Мәтіндегі терминдерді анықтау, олардың мағынасымен танысу, терминдерді пайдаланып сөздік жасау.

Сөздік түрлері, олардың маңызы. Сөздіктерді дұрыс қолдану үшін әліпбиді білудің маңыздылығы туралы. Мәтіндегі ерекшеленген сөздердің орыс / ағылшын / өзбек / аударма сөздігін жасау.



Электрондық пошта (ағылш. *Email, e-mail* яғни *electronic mail*) – технология және оны қайта сілтеу бойынша ұсынылған қызметтері және компьютерлік желінің үлестірілуі бойынша алынған электрондық хабарламалар (соның ішінде ғаламдық). Хабарлама жіберудің басқа жүйелерден айырмашылығы (мысалы, әбсәтте келетін хабарламалар қызметі) болып, кейінге қалдырылған жеткізулер мүмкіндігі және дамыған жүйемен тәуелсіз *пошталық сервер* арасындағы қарым-қатынастар болып табылады.



Электрондық пошта жүйесі

Қазіргі таңда электрондық пошта жүйесі әйгілі болуда. Не ол, оны қалай қолдануға болады, E-mail адрестерін қалай түсінуге болады.

Пошта не екенін – біз білеміз. Ол дәстүрлі байланыс түрі ақпарат алмасуға мүмкіндік береді, кем дегенде екі абонентке. Бұл болу үшін үндеу хатты жазу керек, адресін көрсетіп, пошта жәшігіне салу керек, одан хат пошта желісіне түседі. Егер көрсетілген адрес көпшілік мақұлдаған стандартқа сай келсе, онда біраз уақыттан кейін пошта қызметкері ол хатты хат жіберілген пошта жәшігіне салады. Кейін абонент ол үндеу хатты ашып оқиды және – ақпарат алмасу болады. Бұл процессті тездету үшін сіз сымтетік трубкасын көтеріп, керекті нөмірді тересіз, егер дұрыс қосылу болса, онда абонент сіздің үндеуіңізді естиді. Егер абонент жауап бермесе және оның номері бос емес болса, онда бұл процедураны тағы бір рет қайталау керек болады. Бұған өзіңіздің қымбат уақытыңызды кетіріп өкінесіз.

Бұл байланыстың 2-түрі пошта және сымтетік – біз үшін дәстүрлі болып қалған және біз олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін жақсы білеміз. Ал электрондық пошта не екенін. Электрондық пошта – кез-келген Internet жүйесінің пошталық хабарлама алмасу. Тексттік және екілік файлдар жіберу мүмкіндігі бар. Internet жүйесінде пошталық хабарлама мөлшеріне мынандай шектеу қойылады:

– пошталық хабарлама мөлшері 64 килобайттан аспауы керек. Ол хабарламаны кез-келген машинаға жіберуге мүмкіндік береді, себебі әртүрлі жүйеде істейтін көптеген әйгілі машиналар оны қолдайды.

Электрондық пошта көбісінде кәдімгі поштаға ұқсас. Оның көмегімен тексттік хат, стандартты басымен жабдықталып көрсетілген адреске жеткізіледі, машинаның орналасу орны мен адресінің атын анықтап, адресат-тың пошта жәшігі деп аталатын файлға орналасады. Адресат оны ыңғайлы уақытта алып оқи алатындай етіп орналасады. Сонымен хабарламаны бәрі түсіну үшін, әртүрлі машиналардың пошталық бағдарламалары арасында адресі қалай жазу туралы келісімі бар.

Ырықсыз етіс туралы түсінік. Ырықсыз етіс жасайтын жұрнақтар. Ырықсыз етістерге тиісті жаттығулар мен тапсырмалар.



Ырықсыз етіс

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, **-ыл, -іл, -л**, түбірдің ішінде л дыбысы болса **-ын, -ін, -н** жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі **ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС** деп аталады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады, өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Мысалы: *сөз айт-ылды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды, үй таза-ла-н-ды, қамал ал-ын-ды, үй сал-ын-ды т.б.*

Ырықсыз етістің жасалу жолдары:

1. **-ыл, -іл, -л**: *Жу-ыл-ды, жи-ыл-ды, тер-іл-ді, шеш-іл-ді, тара-л-ды, күре-іл-ді, (іс-әрекетті кім істегені белгісіз, әйтеуір, өзінен-өзі істе-лін-іп қой-ыл-ған).*
2. **-ын, -ін, -н**: (өздік етісте де бар) етістік түбірінде -л дыбысы болса, онда ырықсыз етіс болады: *ал-ын-ды, сал-ын-ды, әкел-ін-ді, іл-ін-ді, бөл-ін-ді, сөйле-н-ді, тазала-н-ды, сарала-н-ды, т.б.*

Жаңа технологиялар



1-тапсырма. Мәтіндерді оқып, жаңа технологиялар туралы ой бөлісіңдер.

Технология жаңалықтары

I

Қала экологиясын жақсарту мақсатында автокөлік орнына велосипедтерді пайдалану Франция, Нидерландия сияқты елдерде кеңінен таралған. Бангкоктік «Lightfog Creative and Design» компаниясының жобалаған ауа тазартқыш Red Dot велосипеді «Жоба» сыйлығын жеңіп алды. Бұл велосипед ауаны ластамауымен қоса ауаны тазартатын көлік болып табылады.

II

Ең әуелі LCD («Liquid crystal display» – кристалды бейнебет) теледидарлар шықты. Одан кейін LED («Lightemitting diode» – жарық диоды) және OLED («Organic LightEmitting Diode» – органикалық жарық диоды), қазіргі кезде 3D (3-dimensional – стереобейнелі) теледидарлары шықты.

Ендігі кезек – голографиялық теледидарлар болмақ. Бүгінге дейін тек ғылыми-фантастикалық фильмдерде ғана көріп жүрген бұл технология жуық арада кең түрде таралмақ.



III

Ерекше түрдегі ойлап табылған телефонның арқасында мылқау мен керең адамдар да телефон мен хабарласа алады. «Фокус» журналының жаңа санында жарияланған хабарламаға қарағанда, хабарласулар ишарат тілімен атқарылмақ. Телефонға орнатылған камера қолдың іс-қимылдарын түсіріп алып, ерекше бір жазу мен бұларды сөйлесу түріне аударады.

(www.balalaralemi.kz)

1. Технологиялардың дамуын тұрмыста кездесетін қандай заттардан көруге болады? Мысал келтіріңдер.

2. Қалай ойлайсыңдар, жаңа технологиялар адам өмірін жеңілдетуге қызмет ете ме?

Оқылым мәтініндегі негізгі мәліметтерді үлгі бойынша кестеге түсіріңдер.

Аталуы	Сипаттамасы	Ұқсас технологиялар	Олардан артықшылығы
Red Dot велосипеді	ауатазартқыш	қарапайым велосипед	экологиялық тиімділігі

3. Ғаламтор көздерінен жаңа технология жаңалықтары туралы материалды көріп, ондағы негізгі ақпараттарды жазыңдар. Алдыңғы деректермен салыстырыңдар.

4. Технология жаңалықтары туралы 10 ырықсыз етісті сөйлем құрастырыңдар.

5. Үй жағдайында қолданылатын технология жетістіктері туралы ақпарат жазыңдар.



1-тапсырма. Ырықсыз етіс жұрнағы салт етістікті сабақты етістікке айналдырады. Мына екі бағандағы етістіктерді салыстырып, ырықсыз етіс жұрнақтарының сабақты етістіктен салт етістік жасап тұрғанын түсіндіріңдер.

Үй сал Егінді ор Суды төк Малды бақ Киімді тазала Еденді жу	Үй сал-ын-ды Егін ор-ыл-ды Су төг-іл-ді Мал бағ-ыл-ды Киім тазала -н-ды Еден жуылды
--	--



2-тапсырма. Мәтіннен ырықсыз етістің жұрнақтарын табыңдар.

Қаратау тауы етегінде ванадий кенін өндіру басталды. Соның алғашқы партиясы Ресейдің, Чусовской металлургиялық комби-

натына жіберілуде. Қазақстан алтын өндіруден ТМД елдерінде Ресей, Өзбекстаннан кейінгі үшінші орында, ал алтынның қорынан дүниежүзінде алдыңғы қатарлы он елдің бірі. 1991 жылы ТМД бойынша өндірілген алтынның 5%-ы, күмістің 50%-ы Қазақстанда шығарылды. Қазақстан қазір жылына 15 т алтын өндіреді. Алтын өндірудің ірі кен орындарына: Ақбақай, Майқайың, Бақыршық жатады. Күміс Кенді Алтайда өндіріледі.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, етістің түрлерін ажыратыңдар.

Ақтөбе облысындағы Кемпірсай массивінде никель, хром кеніштері ашылғаннан кейін Ақтөбе қаласында Қазақстандағы ең алғашқы ферроқорытпа зауыты салынды. Оның шығаратын негізгі өнімі – феррохром. Хромиттің қорынан Қазақстан ТМД-да бірінші (бүкіл қордың 97%), ал дүниежүзінде Оңтүстік Африка Республикасынан кейінгі екінші орынды алады. Республикамызда сапалы болат өндіруге деген қажеттіліктің артуынан осындай ферроқорытпа зауыты Ақсу қаласында да іске қосылды. Бұл зауыт шикізат ретінде Орталық Қазақстанның марганец кенін және Оралдың кварцитін, Қарағанды кокс көмірін және Ақсу МА-ЭС-терінің электр энергиясын пайдаланып жұмыс істейді. Келешекте Ақсу ферроқорытпа зауыты мен Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты негізінде толық циклді қара металлургия комбинатын салу жоспарлануда. Тараз қаласында еліміздегі үшінші Тараз металлургия зауыты жұмыс істейді. Онда ферромарганец, ферросиликомарганецпен қатар бірінші рет құрамындағы марганец – 30%, кремний 15–20% болатын марганецті темір өнімдері шығарылуда.



1-тапсырма. Мына сөздерден ырықсыз етіс жасаңдар.

Сал, қой, апар, ал, айт, қос, бекі, тарт, баста, ора, қала, жи, іл, әкел, аш, бөге, байқа.



2-тапсырма. Мәтіннен етістерді тауып, оларды түріне қарай ажыратыңдар.

1. Қамар Ахметке күдер үзерліктей етіп хат жазды (С.Т.).
2. Алуан-алуан ойлар, кесек-кесек ұшқыр сөздер айтылды. Ел бірлігін тілге тиек еткен нелер әшекейлі толғаулар ортаға салынды (І.Е.).
3. Әсіресе, солар осындай реті келіп тұрғанда атыстырып, тартыстырып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында тоздырып өш алып қалғысы келген еді (С.Т.).
4. Бұлар құда болып, мал бергенде, Әжібай бесте, Жамила он (С.Т.).
5. Менің қасымда байқамаған болып, басқа жолдастарымен әңгімелесіп кетеді (С.Т.).
6. Оларға: – Жоғары білім алыңдар да, туған ауылдарыңды көркейтуге ат салысыңдар, – деді (К.Е.).
7. Достар ол күні Ертіс бойына барды, қаланы аралады, кешке жақын қош



айтысты (О.Б.). 8. Зейнептің апасына басқа да ауыл әйелдері көңіл айтуға түсті. 9. Ғ.Мүсірепов ең алғаш 1928 жылы газетте жарияланған «Тулаған толқында» повесімен көрінді (Қ.Ә.).


10. Теңізге теңбіл аспан төңкеріліп,
Толқында жұлдыз жүзіп жөңкеріліп.
Керілгенім кең Каспийдің жарын кернеп,
Көпірген күміс көбік көмкеріліп.

«Білім жүйесі» мәтіні бойынша жұмыс. Мәтіннен ырықсыз етістерді табу.



1-тапсырма. Берілген басым сөздерді тыңдаңдар.

Қоғам, білім, білім жүйесі, мектепке дейінгі білім, бастауыш білім, орта білім, мемлекеттік, тәрбиеші, тәжірибе, пән, оқу сапасы, талап, жаңашыл, интерактивті тақта, электрондық оқулық, компьютер, интернет, мультимедия кабинеті, олимпиада жүлдегері, әлемдік, жеңімпаз, халықаралық, жекеменшік, балабақша, жаңа заман, ғылыми жоба.



2-тапсырма. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңдер.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

- Өзбекстандағы білім жүйесі
- Мектепке дейінгі білім
- Жалпы орта білім
- Сапалы білім беру тәжірибелі мамандардың қолында

Білім жүйесі

Тәуелсіз Өзбекстанның басты міндеттерінің бірі – жастарға білім мен тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту. Жастарға білім беру үдерісі халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі мен мәдениетіне, экономикасы мен саяси өміріне негізделіп жүзеге асырылады. Өзбекстандағы





білім беру жүйесі жалпы білім беру және кәсіптік білім беру болып екіге бөлінеді.

Мектепке дейінгі білім мен тәрбие отбасында және мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады. Еліміздегі сәбилер мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға барады. Мұнда тәжірибелі тәрбиешілер оларды спортты сүйеге, би билеуге, ән тыңдауға, тіл үйренуге, оқу мен жазуға үйретеді.

Жалпы орта білім – үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі деңгейі. Жалпы орта білім 3 сатылы: бастауыш (1–4 сыныптар), негізгі (6–9 сыныптар) және жоғары (10–11 сыныптар). Жалпы және кәсіби орта мектептерді бітірген жастар университеттерде, институттарда академияларда білім алады. Өзбекстан Республикасы азаматтарға магистратура мен докторантурада оқуға, магистрлік және докторлық дәрежелерін, доцент пен профессор атақтарын алуға мүмкіндік береді.

Заманауи білім беру жүйесі оқытушыларға да жаңа талаптар қойып отыр.

Оқу орындарының материалдық-техникалық базасы жан-жақты жетілдірілуде.

Олар ғылыми зертханалар, компьютерлік және мультимедия кабинеттері, медиатека және соңғы үлгідегі интерактивті тақталармен жабдықталуда.

Еліміздің білімпаз түлектері жыл сайын шетелдерде білім алып жатыр.



4-тапсырма. Мәтінді қайталап оқыңдар.



5-тапсырма. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?



6-тапсырма. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңдар, оқыңдар.



7-тапсырма. Келесі сұрақтарға жауап беріңдер.



- 1) Тәуелсіз Өзбекстанның басты міндеттерінің бірі қандай?
- 2) Өзбекстанның білім беру жүйесі нешеге бөлінеді?
- 3) Еліміздегі жалпы орта білім неше сатылы?
- 4) Жастарымыз қай жерлерде білім алып жатыр?



8-тапсырма. Мәтіннен мына құрылымдағы сөздерді табыңдар.

Грамматика

Есім сөз

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті
-лық, -лік, -тық, -тік
-шы, -ші, -и

Үлгі: магистр+лік



9-тапсырма. Жоғарыдағы құрылым бойынша бірнеше сөйлем жазыңдар.

Үлгі: Менің әрптесім магистрлік диссертациясын қорғады.



10-тапсырма. Мәтіннен мына құрылымдағы сөз тіркестерін тауып жазыңдар.

Тұйық етістік + барыс септігі

Үлгі: жазу + ға



11-тапсырма. Жоғарыдағы құрылым бойынша бірнеше сөйлемдер жазыңдар.

Үлгі: жазу + ға

Ол университет кітапханасынан мақала жазуға біраз ақпараттар жинап алды.



12-тапсырма. Төменде берілген етістіктерге септік жалғауын жалғап, сөйлем құрап жазыңдар.

Үлгі: Балабақшада тәжірибелі тәрбиешілер балаларды оқу мен жазуға үйретеді.

тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу, билеу, үйрену



13-тапсырма. Мына құрылымда жазып үйреніңдер, сөйлем құраңдар.

Атау септігіндегі зат есім

сайын

Үлгі: жыл сайын

Еліміздің білімпаз түлектері жыл сайын Республикалық олимпиадаларда жүлделі орындар алып жатыр.

Ай, апта, күн, тәулік, сағат, минут, секунд.



14-тапсырма. Қандай ақпарат алдыңдар. Осы білімдеріңді кесте арқылы көрсетіңдер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	Білім саласына қатысты сөздік қорым бар.	Өзбекстандағы білім жүйесі туралы ақпарат алдым.	Шет елдің қайсы мемлекеттерінде оқуға мүмкіндік беретіні туралы білейін деп едім.
2			
3			
4			



15-тапсырма. Жауапқа сұрақ жазыңдар.

Ернар: –

Нұркелді: – Тәуелсіз еліміздің басты міндеттерінің бірі – жастарға жан-жақты білім беру.

Ернар: –

Нұркелді: – Жастарға білім беру үдерісі халқымыздың ұлттық мәдениетіне, экономикасы мен саяси өміріне негізделіп жүзеге асырылады.

Ернар: –

Нұркелді: – Еліміздегі білім беру жүйесі жалпы білім беру және кәсіптік білім беру болып екіге бөлінеді.

Ернар: –

Нұркелді: – Еліміздегі сәбилер мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға барады.

Ернар: –

Нұркелді: – Оқу орындарының материалдық-техникалық базасы жан-жақты жетілген.

Ернар: –

Нұркелді: – Заманауи білім беру жүйесі оқытушыларға жаңа талаптар қойып отыр.



16-тапсырма. «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында әңгіме жазыңдар.



17-тапсырма. Өріптесіңді инновациялық жоба жеңімпазы болуымен құттықтап, құттықтау хат жазыңдар.



18-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Өр сөйлемдегі негізгі ойды білдіретін сөзді тауып, үлгі бойынша кеңейтіңдер.



Тәуелсіз мемлекетімізге білімді маман қажет. Білімді, дарынды жастар үшін, халықаралық деңгейде іс-шаралар ұйымдастырылады. Байқаудың жүлдегері болған шәкірттер ақысыз оқу гранттарын жеңіп алады. Өзбекстанның кез келген оқу орнынан немесе шетелден білім алуына олардың мүмкіндіктері бар. Сапалы білім алғысы келетін жастар өздері қалаған шетелдегі білім ордаларына барып оқиды. Білімді жастар мемлекетімізге өте қажет. Еліміздің болашағы білімді жастардың қолында.

- Үлгі:**
1. Маман қажет.
 2. Білімді маман қажет.
 3. Мемлекетімізге білімді маман қажет.

19-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Білімді жастар үшін қандай іс-шаралар ұйымдастырылады?
.....
2. Байқаудың жүлдегерлері қандай гранттарды жеңіп алады?
.....
3. Шәкірттердің білім алуда қандай мүмкіндіктері бар?
.....
4. Сапалы білім алғысы келетін жастар қайда барып оқиды?
.....
5. Еліміздің болашағы кімнің қолында?
.....



20-тапсырма. Мақалды түсініп оқыңдар. Асты сызылған жаңа сөздердің түсіндірмесімен танысыңдар.

Білекті – бірді жығады, білімді – мыңды жығады.

Жаңа сөздердің түсіндірмесі

білекті	күшті
бірді	бір адамды
мыңды	мың адамды
жығады	жеңеді



21-тапсырма. Мәтіндерді оқып, салыстырыңдар, қолданылған тілдік құралдар арқылы стилін, жанрын анықтаңдар.

Ғылым және білім

I

Ғылым дегеніміз – табиғат пен қоршаған ортаның құпияларын білу мен игеруге бағытталған адамның саналы әрекетінің жемісі.

Ғылымның негізгі мақсаты – ақиқатқа жету. Ғылым ежелгі заманда Қытайда, Үндістанда, Грекияда пайда болды. Ұзақ уақыт бойы ғылым баяу дамыды. Тек XVI–XVII ғасырлардан бастап Батыс Еуропада ғылым қуатты күшке айналып, индустриялы қоғамның құрылуы мен дамуына септігін тигізді. Содан бері ғылым іс-тәжірибемен тығыз байланыста, қоғамның тікелей өндіргіш күшіне айналды.

(«Қазақстан» энциклопедиясынан)

II

Шынында да, ғылым деген не? «Жұрт білімді ғылыммен жиі шастастырады. Бұл – тұрпайы түсінбестік. Ғылым тек білім ғана емес, бұл сонымен қатар сана, яғни білімді пайдалана білушілік», – дейді В.О. Ключевский. Ендеше, ғылымға бару үшін, алдымен, білім жинай білу керек. Өткен дәуірлердің сырын жан-жақты, терең білмей, білім жоқ. Онда бүгінгінің көп сырларымен қырлары өз жұмбағын ашпақ емес. Соларды санамен жүйелеп, кілтін тауып пайдалана білу – ғылымға апарар бірден-бір адастырмас дұрыс жол.

(Мырзабек Дүйсенов)

III

Білім ал!

Біле алмаса тылсым сырын ғаламның,
Хайуаннан несі артық адамның?
Не нәрсенің табу үшін лажын,
Алдыменен, оқып білген лажым.
Әлем түні Күн мен ғана түрілген,
Адам жаны жарық алар ілімнен!
Білімсіз жан аттай алмас бір адым,
Ата-ананың ақтай алмас мұратын.
Шыңыраудай шындық сырын кім ұғар?
Ұғу үшін ілім ізде, білім ал!

(Хамза Хакимзада)



1. Ғылым деген не? Оның білімнен қандай артықшылығы бар?
2. «Білімсіз жан аттай алмас бір адым» деген пікірмен келісесіңдер ме?
3. Мәтіндердегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер. Өр түріне үш мысалдан жазыңдар.
4. Мәтіндердегі негізгі ақпаратты түсіндіріп, «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар. Жұптасып бір-біріңмен талқылаңдар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)
Ғылым – адамның саналы әрекетінің жемісі.	



5. Ғылым мен білімнің ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы көрсетіңдер.

6. Мақал-мәтелдерді толықтырып, тыныс белгісін қойып жазыңдар, мағынасын түсіндіріңдер.

- Оқусыз ... жоқ
Білімсіз ... жоқ
- Оқу ... құдық қазғандай
- Ғалыммен жақын болсаң ... жетер
Залыммен жақын болсаң ... кетер
- Ақыл азбайды ... тозбайды
- Күш ... де
- ... – теңіз, ... – қайық

7. Төмендегі мәтін сөйлемдерін ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер. Кітаптар тарихы адамзат пайда болғаннан басталады ең алғаш тасқа қашалып жазыла бастаса екі мың жыл өткеннен кейін қағазға басылып адам санасының өскенін дамығандығын дәлелдей түсті әлемде кітап көп санына жету қиын болар сірә дегенмен әлемге аты әйгілі Google Books ұжымы 2010 жылы әлемдегі кітаптар санын анықтамаққа бел буыпты Google Books ұйымы бағдарламашыларының блогінде жарияланған ақпаратқа сенсек әлемде 129 864 880 кітап бар екен.



22-тапсырма. Өлеңді оқып, көркем сөйлеудің стильдік ерекшелігін анықтаңдар.

Арман мен ақыл

– Шіркін-ай, күйші болсам,
Бал тамған бармағынан!
– Шіркін-ай, биші болсам,
Шығып бір арманымнан!
– Шіркін-ай, әнші болсам,
Кәдімгі күміс таңдай!
– Шіркін-ай, батыр бол сам,
Айбаты арыстандай!
– Шіркін-ай, ғалым болсам,
Тілдескен даналықпен!
Әлемге мәлім болсам,
Ашқан көп жаңалықпен!

Көзіңнен күлімдеген
Бір ұшқын сезіппе ең сен!
Алдымен, «білім» деген
– Бәйгеден озып келсең.
Актердің, ақынның да
Жанына ғылым – қорек.
Бүгінде батырдың да
Өзіне білім керек.
Оқудың озатына
Арман да таяу болар.
Білімнің боз атына
Мінбеген жаяу қалар.

(Қадыр Мырза Әлі)



1. Сендер кім болуды армандайсыңдар? Ол армандарыңа білімсіз жете аласыңдар ма?
2. «Білімнің боз аты» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Ақынның «барлық адамға білім керек» деген сөзіне қосыласыңдар ма?



23-тапсырма. Сөйлем соңында даралаушы тыныс белгілері дұрыс қойылған ба?

Компьютер, ұялы телефон, ғаламтор желісі деп, бүгінде «ұстазымызды» ұмытып барамыз! Том-том кітап құшақтап, кітапханаға жиі баратын адамдарды сирек кездестіреміз қазір. Бұрынғыдай мерекелерде үлкен мәртебе мен бір-бірімізге кітап сыйламаймыз да. Тіпті кітап мазмұнына мән бермей, оны сәнді безендірмей, қалай болса солай шығарып, қадірін түсіріп жатамыз. Содан оны кім оқиды... Ал әдемі безендірілген, өзіңді еріксіз қызықтыратын көркем шығарманың бағасы сәл қымбаттау болса, ақшаны сылтауратып, алуға қимай кете барамыз! Өмірдің бұралаңғысына, заманның бұрынғыдан өзгеруіне байланысты ғой бәрі? Түсінемін. Не десек те, нағыз жанашырымыз, ұстазымыз, досымызды жоғалтып алмайық. Қайта оның жандануына, өз қуатына еніп, тез таралуына қол ұшын беріп, онымен достасуға шақырайық? Болашақ ұрпаққа аманат етейік, достар.

(yvision.kz)



24-тапсырма. Ғаламтор желісінен Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін тыңдап, ақын өсиетін өз сөздеріңмен баяндаңдар.



25-тапсырма. Өлеңдерді пайдалана отырып, «Ғылым не үшін керек?» деген тақырыпта пікір жазыңдар, сұхбаттасыңдар.



26-тапсырма. Төмендегі мәтінде сөйлемдерді ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

Адамзат баласы өз дамуының ұзақ жолында жеміс-жидек теріп аң аулап егін егіп мал өсірудің металл қорытудың сырларын ашты сөйте жүріп өмірлік мол тәжірибе жинақтады әр алуан еңбек құралдарын қару жарақтарын жасады осы тіршілік қамы адамға болмыс туралы ойлауға ойлануға мүмкіндік берді.

Дүлей табиғат адамдардың әр құбылыстың киесі бар деген сенімін тудырды Кие деген не деп сұрады Алмаш Ол алғашқы қауым адамдарының сол кездегі ақыл-ой, санасының жемісі.

(Мырзабек Дүйсенов)



27-тапсырма. Техникалық құралдар мен ғаламтор ұстазды алмастыра ала ма? Өз ойларыңды «Дербес пікір жазу» тәсілімен талдаңдар.

1	Өзіндік пікір (1 сөйлем)	
2	Дәлел (2 сөйлем)	
3	Өз пікірін айғақтайтын мысал (2 сөйлем)	
4	Өз пікіріне қарсы дәлел (1 сөйлем)	
5	Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал (1 сөйлем)	
6	Қорытынды (2 сөйлем)	



28-тапсырма. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар.

Ғылым мен таным

Ғылым – ақиқатты білу әдісі, адамның білім алуын жүйелеу және тексеру бағытындағы қызметінің түрі. Негізгі мақсаты – ақиқатқа жету; табиғат, қоғам, ойлау заңдылықтарын ашу.

Ал таным дегеніміз не? Ақыл-парасат, сана-сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі – өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ұмтылысы. Адам айналасындағы дүниені, әлемді танып-білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды. Өзінің орнын, басқа адамдар мен қарым-қатынасын белгілейді. Таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, оның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше, танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады.

(malimetter.kz)



1. Ғылым мен танымның адам өміріндегі рөлі қандай?
2. «Таным – адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы» дегенді қалай түсінесіңдер?

«РАФТ» стратегиясы бойынша танымал ғалымға хат жазыңдар

Рөл	
Аудитория	
Форма (пішін)	
Тақырып	

3. Төмендегі мәтіндегі сөйлемдерді ажыратып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

Мені кішкентай кезімнен оқытқан, әріпті, санауды үйреткен әкем ол ауған соғысының ардагері еді жұмысқа жарамсыз болғандықтан көп жыл төсек тартып үйде жатты бар уақытын маған арнады өйткені менің алдымдағы бауырларым есейіп кеткен болатын бес-алты жасымнан «физик боламын», «ғалым боламын» деген мақсатпен емес, тек «оқу керек, оқығанда да беспен оқу керек» деген ой болды өсе келе «Не үшін оқу керек?» «Не үшін жақсы оқу керек?» деген сұрақтарға жауап іздей бастадым.

4. Өздерің білетін бір ғалымнан ғылымға қалай келгені туралы сұхбат алыңдар (немесе ғаламтордағы сұхбаттардың бірін жазып алыңдар). Ғалымның айтқан ақыл-кеңестері негізінде нұсқаулық жазыңдар.



29-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Ғылыми ізденіс

Ғылыми ізденіс дегеніміз – шығармашылық үдерістің барып тұрған биігі, шыңы. Олай болса, бұл жолда қызмет істеудің өзі де қызғылықты нәрсе, өйткені шын шығарма – адамның ойына қанат бітіріп, бойына қызу беретін нәрсе. Демек, ғылыми ізденіс дегеніміздің өзі, шын мәнісінде, табиғаттың әлі ашылмай, тұңғығында жатқан ақиқатын, сырын іздеп табу болып табылды. Ал ақиқатты іздеп табу үшін, сол ақиқатты іздеуші ғалымның өзі мейлінше адал, ақиқатшыл болуға тиісті. Ондай адам, ең алдымен, өз қара басының алдында адал болуы керек. Ғалым қашан да адалдық пен ғана өзінің жарқын жетістіктеріне жете алады. Ғылымға адалдық, ғалымның өз басының адалдығы – қазіргі таңда да аса қажет құндылық. Ғылыми ақиқат үшін Джордано Бруно, Галилео Галилей мен Николай Коперниктер қандай азапты тағдыр кешті... «Білім инемен құдық қазғандай» деген халық даналығының астарында ғылым жолының ауырлығын меңзеп отырғанын ұғыну қиын емес. Олай болса, жас ғалым, Абайша айтқанда, «неге ғашық, неден қашық» болуы керек. Көкейкесті мәселе осыдан өрбиді.

(Ебіней Бөкетов)



1. Ғылыми ізденіске не түрткі болады деп ойлайсыңдар? Ғылымның мақсаты не?
2. Ғылым жолында азап көрген тағы қандай ғалымдарды білесіңдер?
3. Ғалым не себепті адал болуы тиіс?



30-тапсырма. Ғұлама ғалым әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген пікірімен келісесіңдер ме? Өз ойларыңды «ПОПС» фор муласымен дәлелдеңдер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем. «Онымен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»

Төртінші сөйлем. «Қорыта келгенде, ...»



31-тапсырма. Өлеңдерді көшіріп жазып, тыныс белгілерін қойыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

Оқу білім жанған шырақ ойласаң
 Үйренерсің іздеп көрсең қоймасаң
 Қу өнерді бу белінді жігер сал
 Пайда аларсың қаужанарсың тоймасаң

(Жүсіпбек Аймауытов)



Оқыса бала деген сұңқар болар
Жүзден жүйрік мыңнан да тұлпар болар
Қиыр ұшып қиыннан тоят тілеп
Көрінген жан құрметтер іңкәр болар

(Нарманбет Орманбетұлы)

Мысалы дүние теңіз ғылым кеме
Кемесіз терең суға түсем деме
Толқыны тауға ұқсаған мына заман
Сезе ме мұны даңғой жаһил неме

(Әріп Тәңірбергенов)



32-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар. Тыныс белгілерінің қойылуына мән беріңдер.

1. Қандай ғылым салаларын білесіңдер?
2. Жаратылыстану ғылымдарына қай ғылым салалары жатады? Гуманитарлық ғылымдарға ше?
3. Ғылымның қай саласына (жаратылыстану, гуманитарлық) бейімің бар?



33-тапсырма. Джордано Бруно, Галилео Галилей, Николай Коперник туралы мәліметтер қарастырып, хабарлама жазсаңдар.

МЕНДЕЛЕЕВ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

(Менделеевтің қызметі, химиялық элементтердің кестесі)

Балалар энциклопедиясынан «Су – тіршілік көзі» мақаласы бойынша жұмыс. Берілген көркем мәтіннен өзгелік етістерді анықтап, құрылысына қарай топтастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар.



Химиялық элементтердің периодтық жүйесі (Менделеев кестесі) – Элементтердің әртүрлі қасиеттерінің атом ядросы зарядына тәуелділігін белгілейтін химиялық элементтердің жіктелу реті.


Жүйе атақты орыс химигі Д.И. Менделеевтің 1869 жылы ашқан периодтық заңының графикалық түрде бейнеленуі болып табылады. Оның бастапқы нұсқасын Д.И. Менделеев 1869–1871 жылдары шығарған еді және бұл нұсқасында элементтердің қасиеттерінің олардың атомдық салмағына (қазіргіше, атомдық массасына) тәуелділігін көрсеткен еді.

Химиялық элементтердің периодтық жүйесі Менделеев

Ке- зең- де- рі	ЭЛЕМЕНТТЕР ТОПТАРЫ																		VIII	I
	I		II		III		IV		V		VI		VII		VIII		VIII			
Даре- же- лер	а	б	а	б	а	б	а	б	а	б	а	б	а	б	а	б	а	б	а	
1	1																	2	1	
2	Li	3	Be	4	B	5	C	6	N	7	O	8	F	9	10		Ne	2		
3	Na	11	Mg	12	Al	13	Si	14	P	15	S	16	Cl	17	18		Ar	2		
4	K	19	Ca	20	Sc	21	Ti	22	V	23	Cr	24	Mn	25	26	27	28	29	30	
5	Cu	29	Zn	30	Ga	31	Ge	32	As	33	Se	34	Br	35	36		Kr	2		
6	Rb	37	Sr	38	Y	39	Zr	40	Nb	41	Mo	42	Tc	43	44	45	46	47	48	
7	Ag	47	Cd	48	In	49	Sn	50	Sb	51	Te	52	I	53	54		Xe	2		
8	Cs	55	Ba	56	57-71	72	Hf	73	Ta	74	W	75	Re	76	77	78	79	80	81	
9	Au	79	Hg	80	81	82	Pb	83	Bi	84	Po	85	At	86	87		Rn	2		
10	Fr	87	Ra	88	89-103	104	Rf	105	Db	106	Sg	107	Bh	108	109	110	111	112	113	
Жоғары оксидтер	R ₂ O		RO		R ₂ O ₃		RO ₂		R ₂ O ₅		RO ₃		R ₂ O ₇		RO ₄					
Үшше сүтпен қосындылары					RH ₄		RH ₃		H ₂ R		RH									
ЛАНТАНИДТЕР																				
57	58	59	60	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71						
57	58	59	60	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71						
АКТИНИДТЕР																				
89	90	91	92	93	94	95	96	97	98	99	100	101	102	103						
89	90	91	92	93	94	95	96	97	98	99	100	101	102	103						



Дмитрий Иванович Менделеев




ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ПЕРИОДТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Өздік етіс туралы түсінік. Өздік етіс жасайтын жұрнақтар. Қимыл іс-әрекеттерге байланысты смайликтер мен әртүрлі суреттерге тиісті жаттығулар мен тапсырмалар.



Миға шабуыл




Өздік етіс. Іс істеуші айтылып, іс субъектінің яғни істеушінің өзіне жұмсалса, оны өздік етіс дейміз. Мысалы: Абдуәлім жуынды десек, жуушы да, жуынушы да – Абдуәлім. Мұнда іс-әрекет істеушінің өзіне жұмсалып тұр. Өздік етіс етістің түбіріне *-н, -ын, -ін, -ыл, -іл, -л* жұрнағы қосылу арқылы жасалады.

Өздік етіс табыс септігіндегі тура толықтауышты қатыстырып та, қатыстырмай да айтыла береді. Мысалы: *Ол киінді. Ол киімін киінді.*

СУ – ТАБИҒАТ ҚҰБИЛЫСЫ

1. «Су» ұғымымен қандай сөздерді байланыстырасың?
2. Судың адам, жан-жануарлар, өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы қандай?
3. Өз ойыңды бірнеше тірек сөздермен жинақта.





1-тапсырма. Мәтінді тыңда.



2-тапсырма. Өз пікіріңмен кеңес.

Судың су – бу, су – бұлт, су – жаңбыр, су – қар, су – мұз қалпына енуінің себебін және осы қалыптағы олардың тіршілік үшін маңызын түсіндір.



3-тапсырма. Суреттерге мұқият қара.



4-тапсырма. Мына сөздерден өздік етіс жасаңдар.

Қи, көр, қыс, жаз, кер, жу, тара, қара, қос, бер, соз, сыла, ойла, қозға.



6-тапсырма. Диаграмманы пайдалана отырып, мәтінді оқы.

Су – адамзат баласының өмірі мен экожүйені сақтаудағы негізгі табиғи компонент. Су қоры тапшы өңірлердің экономикасы құлдырайтыны белгілі. Ал еліміздің жалпы су ресурстарына, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қолданыстағы су қорлары ықпал етеді.

Қазақстан қазіргі кезде су қорының тапшылығы аса байқала қоймаған елдер қатарына жатады. Әйтсе де, Арал-Сырдария және Нұра-Сарысу су шаруашылық алаптарындағы жағдай басқаша.

Еліміздің қалпына қайта келетін су қоры жылына орташа есеппен 100,5 км³-ді құрайды. Соның тек 56,5 км³-і ғана республика аумағында қалыптасады. Қалған 44,0 км³ – шегаралас мемлекеттерден келетін су қоры. Мысалы, Қытай Халық Республикасынан – 18,9 км³, Өзбекстан Республикасынан – 14,6 км³, Қырғыз Республикасынан – 3,0 км³, Ресей Федерациясынан – 7,5 км³. Сондықтан Қазақстан көрші елдердің трансшегаралық өзендерінен келетін ағын суға өте тәуелді.

Табиғатты қорғау мақсатында өзендер мен көлдердің (экологиялық ағынды) экожүйелерін қорғау үшін жалпы 100,5 км³ су қоры қалыптасуы қажет болса, бізге әр жыл сайын 38,6 км³



қажет. Арналар мен өзендерде қажетті инфрақұрылымның жоқтығынан, булану, сүзгілеу және Қытай, Ресей сияқты шегаралас мемлекеттерден судың міндетті түрде келіп түсуі тиіс көлемінің жеткіліксіздігінен жылына 29 км³ су жетпей отыр. Оның үстіне су қорының 12,8 км³-і өзеннің ағын суының табиғи өзгергіштігі себебінен толықпай қалуда. Сонымен Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта су қорының қолжетімді, тұрақты және сенімді көлемі жылына 23,2 км³ құрайды.

(«Қазақстандағы су ресурстарының өзекті мәселелері» мақаласынан)

Еліміздегі су қоры 100,5 км ³
Республикада ғана қалыптасатын су қоры 56,5 км ³
Шегаралас мемлекеттерден келетін су қоры 44,0 км ³
Қытайдан келетін су қоры 18,9 км ³
Өзбекстаннан келетін су қоры 14,6 км ³
Ресейден келетін су қоры 7,5 км ³
Қырғызстаннан келетін су қоры 3,0 км ³
Еліміздегі экожүйені қорғауға қажет су қоры 100,5 км ³
Еліміздегі экожүйені қорғауға жетіспейтін су қоры 38,6 км ³
Жалпы еліміздегі толықпайтын су қоры 29 км ³
Өзеннің ағын суының табиғи өзгергіштігінен толықпайтын су қоры 12,8 км ³



7-тапсырма. Дұрыс жауабын анықта.

1	Қайта қалпына келетін 100,5 км ³ -ді құрайтын су қоры	А) Қытайдан келеді Ә) Ресейден келеді Б) өз еліміздің су қоры
2	Шегаралас мемлекеттерден келетін су қоры	А) 56,5 км ³ Ә) 44,0 км ³ Б) 7,5 км ³
3	Елімізге су қорын көп мөлшерде беретін шетел	А) Қырғызстан Ә) Ресей Б) Қытай
4	Су қорының 12,8 км ³ -і толықпайды, себебі ...	А) судың булануынан Ә) өзен суының табиғи өзгергіштігінен Б) сүзгілеуден өтпегендіктен
5	Жылына 29 км ³ су жетпейді, өйткені...	А) судың булануынан Ә) өзен суының табиғи өзгергіштігінен Б) сүзгілеуден өтпегендіктен
6	Қазақстанда 23,2 км су қоры	А) тапшы Ә) қолжетімді Б) қажет



8-тапсырма. Суреттерге қарап өздік етістерін қолдана отырып сөйлем құра.



9-тапсырма. «Мақал-сөздің мәйегі» Мақалдарды толықтырып жазып, өздік есімдіктердің астын сыз.

1. Істің ағы білінбейді,
Жігіттің несі білінбейді? (бағы)
2. Таз таранғанша, не істейді? (той тарқайды)
3. Дос досқа жалынса,
Достың көңілі не істейді? (алынады)
4. Жығылған кімге күледі? (сүрінгенге)
5. Қорыққанға не көрінеді? (қос)



10-тапсырма. Қыс тақырыбына сурет бойынша мәтін құра.





11-тапсырма. Өз ойыңды қорытындыла.

✓	–	+	?
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

Су – қасиетті ұғым

* Суреттерге назар аудар. Сенде қандай ой туындады? Жұпта, топта талқылап, ойларыңды ортаға салыңдар.





12-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Оқып өздік етістерді тап.

Қонақтың бас-аяғы жиналып, шешініп, қол жуып, залға дастарқанға отырды. Ауыл-аймақ жайлауға көшуге өре көтерілді. Теріс айналып, киімін шешіне берді. Жаяу жүрсе мойнына көтеріп, атқа мінсе алдынан тастамай, үйде тізесіне отырғызып, айналып-толғанып жүргені.

Апыл-ғұпыл киіне салып, ауызғы үйге ытқып шықты. Жаңа ғана желпініп келе жатқан көңілі су сепкендей басылды. Ертеңгілік жуынып жатқам. Олар өз қабаттарына көтерілді. Әкесі Нұрланға бұрылды.

Таң атқанша таранды. Ертеңгілік ерте тұрып жуынды. Ақ көрпеге оранды. Кішкентай болса да өзі киінеді. Алыстан көзге көрінді.



13-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Шоқжұлдыз – бұл аспан сферасының барлық аспан нысандары жер бақылаушысы тұрғысынан бағыт алатын бөлігі. Қазіргі астрономдар бүкіл аспанды 88 шоқжұлдызға бөледі, олардың шекаралары 1875 жылғы дәуірдің экваторлық координаттар жүйесінде аспан параллельдерінің доғалары (аспан сферасының кіші шеңберлері) және аспан экваторына перпендикуляр шеңберлер арқылы бөлінеді. Шоқжұлдыздар мен олардың шекаралары 1922–1935 жж. Халықаралық астрономиялық одақтың (ХАА) шешімдерімен белгіленді. «Шоқжұлдыз» сөзі (лат. Constellatio) «жұлдыздардың жиынтығы (немесе тобы)» дегенді білдіреді. Ежелгі уақытта «шоқжұлдыздар» жұлдызды аспанның үлгісін есте сақтауға және кеңістік пен уақыт бойынша жүруге көмектесетін экспрессивті жұлдыздар тобын атады. Өрхалықтың жұлдыздарды шоқжұлдыздарға бөлу дәстүрі болды. Қазіргі астрономдар пайдаланатын шоқжұлдыздар көбінесе аталады және еуропалық мәдениет үшін дәстүрлі жарқын жұлдыздарды қамтиды. Шоқжұлдыздың көрінетін ауданы аспанда орналасқан қатты бұрышпен анықталады; ол әдетте квадрат градуспен көрсетіледі. Шоқжұлдыздар – адамның ежелгі мәдениетінің ескерткіштері, оның аңыздары, жұлдыздарға деген алғашқы қызығушылығы. Олар астрономия мен мифология тарихшыларына ежелгі адамдардың өмір салты мен ойлау тәсілдерін түсінуге көмектеседі. Шоқжұлдыздар қазіргі астрономдарға аспанда шарлауға және заттардың орнын тез анықтауға көмектеседі.

Сұрақ: Ертеректе шоқжұлдыздарға атау қалай берілген? Оларды қалайша зерттеген?



Оларды бір бірінен қалайша ажыратуға болады?

Жауап. Қазіргі заманда жұлдаздамаға сенетін жан көп. Олар өздерінің «знак зодиака» арқылы өздерінің жұлдыздамаларын біліп алады. Кей адамдарда шынымен бұл жағдай жайттар болып жатады, ал кейбіреулерінде мүлдем керісінше.



14-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер, өз пікіріңді дәлелде.

- Сен топырақ, жел, от, су тегінің қайсысына жатасың?
- Сенің жұлдызың не?
- Шаян, сарышаян, балықтар су текті жұлдыздар екенін білесің бе?
- Шаян, сарышаян, балық жұлдыздары не себепті су тектілерге жатады? Оларда сумен ұқсас қандай белгілер бар?
- Табиғат, су, адам арасындағы байланысқа қалай сипаттама берер едің? Өз ойыңды айт.



15-тапсырма. «Мен жұлдызнама бойынша қандай адаммын?» тақырыбына шағын таныстырылым дайында. Төмендегі талаптарды орында. Екпін түрлеріне мән бер.

- ✓ Жұлдызыңды анықтап ал.
- ✓ Жақсы қасиеттеріңді көрсете біл.
- ✓ Мінез-құлқыңның нашар тұстарын да айт (мысалы, еріншектік т.б.).
- ✓ Қорытынды жаса.



16-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Бабалар аманаты Ата-бабаларымыздың ұғымында адамдардың жұлдыздары әр алуан, бірінікі біріне ұқсамайды. Кейбір жұлдыздар – топырақ, кейбірі – су, енді бірі – от, тағы бірі – ауа, жел сипаттас болып келеді. Бұл адамның мінезін, арадағы қарым-қатынасын белгілейді. Мысалы, жұлдызы сутекті адам жұлдызы оттекті адаммен жараса алмайды. Бір-бірімен тіл табыса алмайтындарды «жұлдызы жараспады» деп, өмірі өш болып жүретіндерді «бұлардың жұлдызы қарсы» дейтіні осы жұлдыздарға байланысты түсініктерден шыққан. Адам тағдырын жұлдызбен болжап айту, көріп келдік жасау Шығыс әлемінде баяғыдан бар. Жерді анаға теңеген халқымыз суды да ертеде «Су-ана» деп қастерлеген. Анасыз адамның өмірге келмейтіні секілді, су жоқ болса, өмір сүру де жоқ. Қазақ ұғымында суға жуынды төгу күнә саналады. Су таза. Оның тазалығын сақтау өмір-тіршілікті сақтау екенін бұрынғы замандарда өткен ата-бабалар жақсы түсініп, бізге өсиет еткен. «Таза болсаң судай

бол, бәрін жуып кетірген», «Сулы жер – нулы жер», «Бұлақты жер – құрақты жер», «Толысып аққан дария – мейірбанды қария», «Жылай-жылай құдық қазсаң, күле-күле су ішерсің» деген мақалдар бар. «Су ішкен құдығыңа түкірме» деп тыйым айтады. «Сумен ойнама, батарсың», – деп сақтандырады. «Тау мен тасты су бұзар», – деп судың ғаламат күшін ұқтырады. Шошынып ауырған адамды сумен ұшықтап емдейді. Бұл күні бүгінге дейін ел ішінде жалғасып, өз пайдасын көрсетіп келеді. «Сулы жер құрақсыз болмас, таулы жер бұлақсыз болмас», – деп су бар жерде сұлулық, тіршілік бар екенін түсіндіреді. Суды қадірлеп, бағаламаған ел апатқа, азапқа ұшырайтынын тіршілік тәжірибелері адамға көрсетіп-ақ келеді. «Судың да сұрауы бар», «Аққан судың да тоқтауы бар» деп халық көрегенділікпен айтқан.

(З. Ахметов)



17-тапсырма. Суға қатысты тыйым сөздердің мағынасына талдау жаса, пікіріңді дәлелде.

Тыйым сөздер
Суды сапырма.
Суды ластама.
Құдыққа түкірме.
Суды төкпе.
Түнде суға барма.



18-тапсырма. Өзіңе «Мен судың қадірін білемін бе?» деп сұрақ қой. Өз пікіріңді дәлелде. Дәлеліңде есімдіктерді қолдан.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша ...».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



19-тапсырма. «Ішуге жарамды таза су жер бетінде барған сайын азайып бара жатыр» деген тұжырыммен келісесің бе? Келісу/келіспеу эссесін жаз.


Эссе шарттары:

- ✓ Кіріспе бөлім: судың адам өміріндегі маңызы
- ✓ Негізгі бөлім: таза су мәселесі
- ✓ Қорытынды бөлім: өзіндік ұсыныс, пікір



БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ

Суреттерді өзара байланыстырып, әңгіме құра



20-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Зәм-зәм суының ерекшелігі неде? Қандай су ішуге жарамды? Ол жайында не білесің?
2. Бұлақтан, қайнардан су ішіп көрдің бе?



Білгенге маржан!

Кәдімгі арналы өзендер, үлкен-үлкен дариялар тұма бұлақтардан бастау алады.



21-тапсырма. Мәтінді салыстыра оқы. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықта.

1-мәтін Таза бұлақ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез бопты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне

2-мәтін Бұлақ

Бұлақ, бастау – жер бетіне шығып жатқан табиғи жерасты су көзі. Бұлақтар әртүрлі белгілері бойынша тұма, қайнар, термалды бұлақ, жалғасты бұлақ

таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:

– Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол, – деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

– Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, – деді...

Жігіт айтты: – Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, өз бойыңды осы бұлақтай таза сақта дегені ме деймін, – деді.

(Ы. Алтынсарин)

және т.б. бірнеше топқа бөлінеді. Суы тұщы, әсіресе, мол өнімді бұлақтар елді мекендерді ауыз сумен, шаруа қожалықтарын керекті сумен қамтамасыз етуге, жер суаруға кеңінен пайдаланылады.

Бұлақтың арынсыз және арынды түрлері бар. Арынсыз бұлақ ылғалды жылдарда, көктемде қар ерігеннен кейінгі және жауын-шашынды кезеңдерде жер бетіне таяу жатқан су деңгейінің көтерілуінен пайда болады. Оны әдетте «тұма» деп атайды. Арынды су көзі артезиан (арынды) суынан бастау алып, тау-тастардың терең жарықтарынан шығады, оны қайнар деп атайды. Мұндай су көзінің өнімі, температура-сы минералдық тұмаға қарағанда тұрақты келеді.

(«Атамекен» кітабынан)



22-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Бұлақ қалай пайда болады?
2. Тұма және қайнар, бұлақтардың бір-бірінен айырмашылығы неде?
3. Бұлақтың қандай пайдасы бар деп ойлайсың?
4. Мәтін не себепті «Таза бұлақ» деп аталған? Өз пікіріңді айт.
5. Өзің қай жолаушының жауабын дұрыс деп шештің? Себебін дәлелде.
6. Екі мәтіннің тілдік ерекшеліктерін салыстыр. Не байқадың?



Білгенге маржан!

Өзендер – табиғи су ағындары. Олар өздері салып алған арналар бойынша ағады және басқа су арналарына қосылып отырады. Өзендер – көптеген тірі ағзаның тіршілік ететін ортасы. Көлдер – жер қабығындағы суға толған ойпаттар. Көл суы баяу жылжиды немесе мүлдем жылжымайды. Көлдер – жауын-шашын кезінде ернеуіне дейін толатын, ал қуаңшылық кезде кеуіп қалатын уақытша су қоймасы.

(«Табиғат» балалар энциклопедиясы)

- Сұрақ:**
1. Сен өз туған жеріңдегі өзен атауларын білесің бе?
 2. Олар не себепті сондай атауға ие болған?
 3. Жер-су атаулары туралы қандай аңыз, әңгімелерді, өлең-жырларды білесің?

Мәтінді оқындар.

- ❖ Өзендер мен көлдер – жер байлығы
- ❖ Жайық өзені балыққа бай.
- ❖ Таза су – біздің болашағымыздың мәселесі.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Еліміздің табиғаты өте сұлу. Табиғатымыздағы өзендер мен көлдер жеріміздің байлығы болып саналады.

Су – тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ету мүмкін емес. Су – адамдарға, жан-жануарлар мен өсімдіктерге аса қажетті минералды зат.

Еліміздегі өзендер, көлдер мен теңіздерді сақтау – адамзаттың негізгі міндеті. Таза су – біздің болашағымыздың мәселесі.

Біздің өзендеріміз бен көлдерімізде балық көп болады. Өсіресе Жайық өзені мен Каспий теңізінде балықтың түрлері көп. Балық шаруашылығы Қазақстанның батыс өңірінде жақсы дамыған.

Теңіз жағасында тұратын балықшылардың негізгі кәсібі – балық аулау. Олар балықты көп өндіреді. Бекіре балығының қара уылдырығы адам денсаулығына пайдалы, алайда балықшыларды бекіре балығының жағдайы қатты ойландырады. Жайықтың бекіресі мен жайыны үнемі мемлекет бақылауында.

Еліміз көп жылдар бойы балық өнімдерін Өзбекстанға, Ресейге, Орта Азия елдеріне нарыққа шығарады.

Өкінішке орай, біздің елімізде бірқатар экологиялық мәселелер туындап отыр. Олардың бірі – Арал және Каспий теңіздері суының азаюы мәселесі. Екіншісі – теңіздер мен өзен-көлдер



суының ластануы, ауаның бұзылуы. Бұл өзгерістер табиғаттың бұзылуына және адамның денсаулығына әсер етуде.

Осыған орай, ғалымдар мен экологтар қоршаған орта мәселелерін шешудің тиімді жолдарын қарастырып жатыр. Олардың мақсаты – экологиялық апаттағы көлдеріміз бен теңіздерімізді қорғап қалу, сұлу табиғатымызды сақтау.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Сусыз тіршілік ету мүмкін бе?
- 2) Қазақстанның қай жерінде балық шаруашылығы жақсы дамыған?
- 3) Жайық өзенінде қандай балықтар бар?
- 4) Адам денсаулығына не пайдалы?
- 5) Балықшылардың негізгі кәсібі не?
- 6) Елімізде қандай экологиялық мәселелер бар?



23-тапсырма. Сұхбатты тыңдаңдар.

Ахмет: – Омар мен кеше бекіре балығын аулап әкелдім. Қарындасым түскі асқа балықты қуырып берді.

Омар: – Мен бекіре балығын жеп көрген емеспін. Ол үлкен балық па?

Ахмет: – Иә, үлкен балық. Оның ұзындығы 1 метр, салмағы 15–20 кг болады. Еті де дәмді. Каспий теңізінде бекіре балығы көп. Оның уылдырығы өте пайдалы.

Омар: – Оны қуырып жейді ме?

Ахмет: – Иә, қуырып жейді, ет сияқты пісіріп те жейді.



Омар: – Қара уылдырықтың қандай пайдасы бар.

Ахмет: – Оның құрамында йод көп.

Омар: – Мен Алматыда тұрамын, біздің суымыз жұмсақ, құрамында йод жоқ.

Ахмет: – Омар, сондықтан саған балықты, қызыл және қара уылдырықты көп жеу керек.



24-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Бекіре балығы қай теңізде көп кездеседі?
- 2) Ол қандай балық? Үлкен бе? Кішкентай ма?
- 3) Уылдырықтың қандай пайдасы бар?
- 4) «Балығы тайдай тулаған» деген тіркесті қалай түсінесің?
- 5) Саған балық сорпасы ұнай ма?



25-тапсырма. «Балығы тайдай тулаған» деген тақырыпқа сұхбат құраңдар.



26-тапсырма. Берілген тіркес бойынша сөйлем құрыңдар.

кішкентай
үлкен

Балық

сорпасы
қуырып жеу
пісіріп жеу
тағамдары



27-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. «Су – тіршілік көзі» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Берілген тақырыпта тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?



28-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге көңіл аудару керек?

КӨРКЕМ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

(табиғат тал бесік)

Табиғатқа қатысты терминдер, олардың айтылуы мен жазылуы. Мәтіндегі терминдерді анықтау, мағынасымен танысу, терминдерді пайдаланып сөздік құру.

Талқылау мәтіні. Пікірталас мәтінін құруда материалды сұрыптауға және қорытындылауға, нақты мәліметтерге негізделген идеялар мен дәлелдерді жазуға арналған жаттығулар.

Тақырып бойынша мәтінмен танысу, ақпаратты жазбаша, графикалық және суреттермен жеткізе білу.

«**Табиғат сыйы**» тақырыбына байланысты мәтінмен жұмыс. Мәтіннен ортақ етіс категориясына тиісті тапсырмалар мен жаттығулар.

Берілген басым сөздерді тыңдаңдар.

табиғат, ауа-райы, ауыл шаруашылығы, аймақ, аумақ, өлке, жер, топырақ, бидай, күріш, арпа, сұлу, жүгері, бұршақ, қызылша, сәбіз, диқан, нарық, егіс, егін, өнім, тары, майлы, дақыл, дән, азық-түлік, топырақ, тұқым.



1-тапсырма. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңдер.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

- ❖ Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласы
- ❖ Қазақстан аймақтарының табиғат ерекшелігі
- ❖ Еліміздің солтүстік аймағы
- ❖ Сапалы бидай – әлемдік нарықта

Астықты аймақ

Қазақстанда ауылшаруашылығы саласы жақсы дамыған. Бұл саланың мақсаты – халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету. Еліміздің әрбір аймағы ауылшаруашылығын дамытуға өз үлесін қосып жатыр. Ақмола облысы – еліміздегі ірі агроөнеркәсіптік аймақ. Ал Павлодар облысында ауылшаруашылық өнімдерінің 300-ден астам ірі кәсіпорны бар.

Еліміздегі аймақтар Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік, Орталық деп бөлінеді. Осы аймақтардың табиғаты бір-бірінен ерекшеленеді, ауа райы да әртүрлі болып келеді.

Солтүстік аймақ картасында Қостанай, Петропавл, Көкшетау, Павлодар қалалары көрсетілген. Бұл өңірлер – астық өсіруге қолайлы жерлер. Солтүстік аймақтарда қыс ерте түсіп, қалың қар жауады. Қыс мезгілінде жиі боран соғады. Ал жазы өте қысқа әрі салқын болады. Осы қысқа уақытта егіншілер жер жыртып, егін егеді. Ал күзде диқандар астық, майлы дақылдар жинайды.

Қазақстан әлемдік нарыққа сапалы бидай шығарады. Басқа елдер Қазақстанның бидайын жоғары бағалайды.

Қостанай аймағы бидайдан көп өнім алады. Бұл өңірде іскер адамдар өзінің жеке кәсіпкерлігін ашқан.

Осы аймақтар еліміздің экономикасын дамытуға үлес қосып жатыр. Ауылшаруашылығының өркендеуі ел экономикасының дамуына ықпал етеді.



3-тапсырма. Мәтінге дейінгі ой ашылды ма?



4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласы қалай дамыған?
- 2) Солтүстік аймақта қандай қалалар орналасқан?
- 3) Қазақстанның қай облысында ауылшаруашылық өнімдерінің 300-ден астам кәсіпорны бар?
- 4) Солтүстік аймақтың табиғаты қандай?
- 5) Қазақстан әлемдік нарыққа не шығарады?
- 6) Ауылшаруашылығының экономикаға әсері бар ма?



5-тапсырма. Мәтіннен көсемшені табыңдар.


Грамматика

Үлгі:

жау+а+ды, қостып жатыр,
.....,,,

 **6-тапсырма.** Төмендегі сөздердің антонимін жазыңдар.


Жақсы → Ерте →
 Жиі → Көп →
 Қысқа → Ірі →

 **7-тапсырма.** Сөз тіркестерін құрыңдар.

Қыс суық


 мезгілі қыс

жаз
 ыстық
 күз
 сылқын
 көктем
 жылы

 **8-тапсырма.** Мәтіннен барыс, жатыс, шығыс септіктерінде тұрған сөздерді көшіріп жазыңдар.

 **9-тапсырма.** Төмендегі кестені толтырыңдар.


Ауылшаруашылығы	Малшаруашылығы	Азық-түлік
Бидай	Жылқы	Ұн өнімдері
.....
.....
.....

 **10-тапсырма.** Мәтіндегі жалпы, жалқы есімдерді теріп жазыңдар. Олармен сөйлем құраңдар.

Үлгі:

Жалпы есім: нарық, ...
 Жалқы есім: Қазақстан, ...

Қазақстан әлемдік нарыққа сапалы бидай шығарады.

 **11-тапсырма.** Қандай ақпарат алдыңдар? Осы білімдеріңді кесте арқылы көрсетіңдер.

№	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді // білейін деп едім
1	«Табиғат сыйы» тақырыбы бойынша менің сөздік қорым бар	Қазақстанның ауылшаруашылығы саласы, оның ел экономикасына ықпалы туралы ақпарат алдым.	Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін ірі кәсіпорындар туралы ақпарат білгім келеді.
2			
3			
4			



13-тапсырма. Сұрақ.

1. Ауыл, туған жер туралы қандай әндерді білесіңдер?
2. Жергілікті ақын-жазушыларымыздан ауыл, туған жер туралы кімнің өлеңдерін білесіңдер?
3. «Ауылым – әнім» өлеңінің бір шумағын өз сөздеріңмен жазыңдар.




14-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің бастапқы ойы мен соңғы ойын анықтаңдар.

Қазақ елінің сапалы бидайы нарыққа шығарылады. Бидай солтүстік өңірдің қара топырақты жерінде өседі. Күн жылынған соң, егіншілер егін егуді бастайды. Жаз бойы бағып күтеді. Күзде астығын жинап өткізеді. Солтүстік аймақтарда қыс ерте түседі. Қыс мезгілінде диқаншылар егістікке қар тоқтатады. Қар еріген кезде, тыңайтқыштар себіледі. Сөйтіп, келесі көктемгі егістікке дайындық басталады.



15-тапсырма. «Табиғат» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңдар.



16-тапсырма. Ойланып жауап беріңдер.

1. Нарыққа не шығарылады?
2. Бидай қайда өседі?
3. Күн жылынса, егіншілер не істейді?
4. Солтүстікке қыс қашан түседі?
5. Қыс мезгілінде диқаншылар не істейді?
6. Қар еріген кезде не себіледі?



17-тапсырма. Рөлге бөліп оқыңдар. Диалогке тақырып беріңдер. Диалогті монологке айналдырыңдар.

Аңсар: – Еламан, сен қайда жұмыс істейсің?

Еламан: – Мен диқаншымын, егін егумен айналысамын.

Аңсар: – Ауылда тұрасың ба?

Еламан: – Иә, мен ата-анаммен ауылда тұрамын, өйткені ауылда жұмыс көп.

Аңсар: – Көктем де келіп қалды. Жақында егін егу жұмыстары басталатын шығар.

Еламан: – Әрине, алдымен жер жыртамын, сосын егін егемін. Артынан тыңайтқыш себемін.

Аңсар: – Қандай дақылдар өсіресіз?

Еламан: – Бидай, сұлы, арпа, жүгері, бұршақ, ал көкөністен қызылша, сәбіз егемін. Ал күзде астық жинаймын.

Аңсар: – Қандай еңбеккор адамсың!

Еламан: – Рақмет!



18-тапсырма. Төмендегі мақалдарды оқыңдар. Есте-ріңде сақтаңдар. Мақалдардан антонимдерді табыңдар.

1. Басы қатты болса, аяғы тәтті болар.

2. Көз қорқақ, қол батыр.

3. Байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес.



19-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінге тақырып беріңдер. Бір абзацтың мазмұнын өзгертіп жазыңдар.

1. Біздің жеріміз су, өзен, көлдерге бай. Біздің елімізде Сырдария және Амудария теңізі бар. Осы көлдің жанында тұратын ауыл адамдары балық шаруашылығымен айналысады. Ел экономикасын дамытуда теңіз балығының маңызы зор. Теңіздің балығынан басқа әлемдік нарыққа шығарып жатқан мұнайы да бар.

2. Соңғы жылдары кейбір өзен, көл теңіздердің сулары тартылып жатыр. Соған байланысты көптеген балық түрлері азайып бара жатыр. Мұндай апаттар бәрімізді алаңдатып отыр. Өмір сүріп жатқан ортамызды қорғау – бәріміздің парызымыз. Адам табиғатсыз, табиғат адамсыз өмір сүре алмайды.



20-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңдар.

1. Біздің жеріміз – өзен, бай.

2. Осы көлдің жанында тұратын балық шаруашылығымен айналысады.

3. Өйткені балығынан басқа әлемдік нарыққа шығарып жатқан мұнайы бар.

4. Мұндай бәрімізді алаңдатып отыр.

5. Адам табиғатсыз, адамсыз өмір сүре алмайды.



21-тапсырма. «Ертеде Етіс деген қария болыпты. Қарияның төрт ұлы бар екен...» деп басталатын ертегі құрастыр. Ертегіде етістің мағыналық түрлерін қария ұлдарының атымен байланыстырып жаз.



22-тапсырма. Мәтінді оқы.

Алакөл – Қазақстанның ғажайып, қайталанбас көрікті көлдерінің бірі. Ол республикамыздың Қытаймен шегаралас жатқан оңтүстік-шығыс аймағында орналасқан. Бұл – «Алакөлдер» тізбегіндегі ең үлкен айдын. Күн батар сәтте оның беті ақ түстен көгілдірге, жақұтты бояуынан құбыла ойнап, күңгірт-көк реңке немесе сұр бояуларға ауысады. Кейде тіпті көл айдынының жартысы көгілдір түске, екінші беті сүттей аппақ бояуға малынып та тұруы мүмкін. Көл суының түсін бір қарағанда анықтау қиын. Ұсақ көлдердің түсі алуан түрлі болады. Айталық, Сасықкөл көгілдір түсті, Қоржынкөл сұрғылт, Қылытұз сары. Жергілікті тұрғындар көлді пішінінің, түсінің, көлемінің әртүрлі болғаны үшін «Алакөл» деп атап кеткен. Алакөл Ұялы, Жалаңашкөл, Сасықкөл және т.б. ұсақ көлдерден тұрады.

Алакөл – емдік қасиеті өте мол ағынсыз су қоймасы. Мұндағы Арқаның қуаң даласындағы құрғақ ауа теңіз бетіндегі дымқыл ауамен араласып, жағасындағы адамға жағымды әсер береді. Көл суы да минералды ресурстарға, йодқа, тұзға, химиялық элементтерге бай болғандықтан, судың денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген. Алакөлдің суы тұзды және Бұқтырма су қоймасымен салыстырғанда, әлдеқайда жылы. Адамдар Алакөлге оның емдік қасиеті үшін көптеп келеді. Халық сөзіне сүйенетін болсақ, оның қасиетті суы әртүрлі тері аурулары, жүйке-жүйе мен демікпе дерттеріне шипа көрінеді. Бұл өлкеде емдік қасиеті мол сазбалшық пен таза ауа үйлесім тапқан.

(«Қазақстанның қорықтары мен ұлттық паркттері» кітабынан)



23-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Алакөлді не себепті ғажайып көл деп атаймыз?
2. Көлдің емдік қасиеті неден байқалады?
3. Бүгінде Алакөл қандай орталыққа айналды?



24-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін сызбаға сәйкес бөліп жаз.

Үлгі: Негізгі ақпарат беретін сөздер: көрікті көл

Ақ, күңгірт, сұр, көк, Алакөл, ұсақ көл, емдік қасиеті, құрғақ ауа, дымқыл ауа, химиялық элементтер, суы тұзды, суы жылы, үлкен айдын.

Негізгі ақпарат беретін сөздер:	
Детальді ақпарат беретін сөздер:	
Қосымша ақпарат беретін сөздер:	



25-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша Алакөлге анықтама жаз.

Р/с	Алакөл	Деректер
1	Орналасқан жері	
2	Құрамындағы көлдер жүйесі	
3	«Алакөл» аталу себебі	
4	Көл суының түсі	
5	Суының құрамы	
6	Емдік қасиеті	



26-тапсырма. «Алакөл – демалыс орны» тақырыбында туристерді шақыру мақсатында жәрмеңке жаса. Өз сөзінде белгісіздік, жалпылау есімдіктерін қолдан. Төмендегі талаптарды орында.

1. Алакөл туралы жалпы мәлімет бер.
2. Көлдің артықшылықтарын айт.
3. Неліктен Алакөлде демалу керек? Өз ойыңды айт.
4. Өз сөзінде мақал-мәтелдер, қанатты сөздер мен қызықты деректерді қолдан.

Өзбекстандағы көрікті жерлер



VII БӨЛІМ. ТІЛ МЕН ДІЛ

ТҮРКІСТАН

Тапсырмалар:

Берілген мәтін бойынша 2–3 сұрақ құрастыр. «Көне қалалар» сөзін естіген кезде ойыңда қандай бейне пайда болады?



Есімше – бірде есім сөздердің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі. Есімше есімдерге түрленіп (септеліп, тәуелденіп, көптеліп), есім қызметін атқарады. Мысалы: *Білгенге маржан, білмеске арзан (Абай)*. Есімше жіктеліп етістіктің қызметін атқарады. Жұрнақтары:

1. -ған, -ген, -қан, -кен. Мысалы: *оқыған, білген, айтқан, түскен*.
2. -ар, -ер, -р (болымсыз етістік жұрнағынан соң) Мысалы: *айтар, көрер, санар, білмес*.



1-тапсырма. Мәтіннен алдымен қала туралы, одан соң кесене туралы мәліметтерді іріктеп оқыңдар.



Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Бұл қала еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан. Түркістан қаласы қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Орта ғасырларда ол, Орта Азия мен Қыпшақ даласы халықтарының саяси орталығы болған.

Беріде Қазақ хандығының ордасы болды. Қасиетті қаланы «Екінші Мекке» деп атаған. 1903 жылы Түркістанға алғаш теміржол келген. Қазір Түркістан – тарихи және туристік қала. Түркістанға келгендер алдымен Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барады. Бұл кесене – сәулет өнерінің ең озық үлгісі. Кесене отыз бес бөлмеден және сегіз бөлік тен тұрады. Кесененің жанында шығыс моншасы бар. Жер астында қырық төрт бөлмеден тұратын «қылует» деп аталатын ғибадатхана салынған. Түркістан қаласы Қожа Ахмет Яссауи атымен әлемге әйгілі болды.

(www.zharar.com)



Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Түркістанды неге «Кіші Мекке» деп атайды, ал Мекке қаласы туралы не білесіңдер?
2. Түркістанға келушілер неге алдымен Яссауи кесенесіне барады?



2-тапсырма. «Талдау-табыс кілті». Мәтіннен есімше жұрнағы жалғанған етістіктерді тауып, сөз құрамына талдап, олардың түбірі мен қосымшаларын ажыратыңдар.



3-тапсырма. «Кестемен жұмыс». Кестеде берілген етістіктерге есімшенің жұрнақтарын жалғап, жіктеу.

жақ	айт	кел	бар
I мен			
II сен, сіз			
III ол			



4-тапсырма. Перфокартамен жұмыс. Есімше қосымшаларының дұрыс жалғануын белгілеу.

Есімшенің жұрнақтары	таза-ла	көр	оқы	биле	сый-ла	ұста	жет
-мақ	+		+		+	+	
-мек		+		+			
-бақ							
-бек							
-пақ							
-пек							
-атын							
-етін							
-йтін							
-йтын							
-ар							
-ер							
-р							



5-тапсырма. Мына мақалдарды толтырып жаз.

1. Отанын сүй... отқа жанбайды, Суға батпайды.
2. Ынтымақ жүр... жерде, Ырыс бірге жүреді.
3. Ақсұңқар ұш... жем үшін, Ер жігіт ту... ел үшін.
4. Жақсы сөз жан сүйіндір..., Жаман сөз жан күйіндір...
5. Қатарынан оз... ұл биікте жүреді, Ез атанып тоз... ұл иықта жүреді.
6. Әркімнің шық... тауы биік.
7. Атасын сыйла... абырой...а бөленер.



6-тапсырма. Тілдік бағдардағы есімшелерді қолданып, «Мен білетін көне қалалар» тақырыбында шағын мәтін жаз.



7-тапсырма. Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ЖАЗУЛАР



1-тапсырма. Мәтіннен алдымен жарнама туралы мәліметтерді іріктеп оқыңдар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Жарнама дегенде нені түсінесіңдер?
2. Жарнама не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
3. Жарнама арқылы бір нәрсе сатып алып көрдің бе? Қашан?
4. Жарнама әсері бар ма?



Есімше етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мынадай жұрнақтар жалғау арқылы жасалады:

1) -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше жасалады: оқы -ған, көрме -ген, жазыс -қан, тап -қан, т. б.

2) -ар, -ер, -р және болымсыз етістіктен кейін -с жұрнақтары қосылу арқылы болжамды келер шақ есімше жасалады: айт - ар, біл -ер, келме -с, т. б.

3) -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтары арқылы мақсатты келер шақ есімше жасалады: бар - мақ, біл - мек, кездес -пек, т. б.

4) -атын, -етін, -йтын, -итін жұрнақтары арқылы ауыспалы өткен шақ есімше жасалады: бар -атын, сөйле -йтін, сен - етін, сана -йтын, т. б.

Есімше тұлғаларына емес, жоқ сөздері тіркесіп, болымсыздық мағына білдіреді: көрген емес, көретін емес, көрер емес, көрмек емес. Жоқ сөзі – ған, - ген, - қан, -кен тұлғалы есімшемен ғана тіркеседі: көрген жоқ. жүр.

Жарнама сөзі латынның «рекламо – айқайлау» деген мағынаны білдіреді. Жарнама – ақпарат беру құралы.

Жарнама – тұтынушыларға, тауарға, фирма қызметіне деген қызығушылығын арттыру мақсатындағы оларға арналған үндеу.



Жарнаманың қызметі:

1. Тауардың өтімділігін арттыру;
2. Коммерциялық мақсатта;
3. Жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру, құлағдар ету;
4. Тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Жарнаманың ерекшелігі:

1. Насихаттылығы;
2. Тартымдылығы;
3. Дәлдігі;
4. Түсініктілігі;
5. Тосындылығы;
6. Көркемділігі;
7. Мазмұндылығы.



Жарнама бұрын және қазір

1. Көптеген жарнамалар көне дәуірде ауызша жеткен. Яғни бір нәрсе ұнаса, адамдар бір-біріне, өзгеге айтқан. Тіпті сол кездерде де қабырғаларға мысалы саяси лозунглер ілген, сатуға арналған тауарларды ұсынған. Сондай-ақ, Римде, Грецияда көне кезде қағаз орнына папирусты қолданған, осы папирусқа жарнамалар жазған. Осы жарнама, хабарландырудың іздері вулкан әсерінен құлаған Помпей үйінділері мен көмбелерінен табылған. Қабырға дәстүрі немесе бейнелеу – тауарды жарнамалаудың көне амалдары. Мысалдарды Азия, Африка, Оңтүстік Америка аймақтарынан табуға әлі де болады.

2. Баспа қызметінің XV–XVI ғасырларда пайда болуы жарнама формаларын көбейтті. Листовкалар, қағазға басылған ақпараттар, жарнамалар көпке ортақ болды. Содан кейін XVII ғасырда тауарлар мен қызметке қатысты хабарландырулар мен жарнамалар Англияның апталық газеттерінде пайда бола бастады.

3. 1960 жыл жарнама дамуының басты кезеңдерінің бірі болды. Жарнамалар шығармашыл бағытта қызықты жазыла бастады. Сондай – ақ, олар өзгеше саудалық ұсыныстарына (USP) да халықтың назарын аудартуды бастады.

4. Осы күндері жарнама берушілер өз өнімдерін ұсынудың өткізудің, қозғалысқа келтірудің жаңа амалдарын ойлап тапты. Теле бағдарламалардағы, фильмдердегі жарнамаларды айтуға болады. Фильмдерде нақты өнімді пайдаланған актёрлар болады. Мысалы, Nokia – ны пайдаланып жүргенін көрсетеді немесе Rolex сағатын таққан атақты спортшыларды, кино жұлдыздарды көруге болады.



2-тапсырма. Берілген мәтіннен есімшелерді байланысқан сөзімен бірге теріп жазамыз.



3-тапсырма. Мәтіннен есімшелерді тауып, олардың жасалу жолын және қай жақта жіктелгенін ажыратып айтыңдар.

Үлгі: түсінгенге – есімше; түбірі – түсін, – ген – есімшенің жұрнағы, өткен шақты білдіреді, – ге – барыс септігінің жалғауы.



4-тапсырма. Анықтама жазу.

Не жарнамаланады?	Кімге арналады?	Қандай мақсатта беріледі?	Қайда орналас-тырылады?
Тауарды, идеяны, мекемені, заңды не жеке тұлға қызметін	Халыққа, мүдделі топ-тар мен заңды тұлғаларға	Ақпараттық Сендірушілік Ескертушілік	БАҚ, арнайы орындарда, көліктерде, т.б.



5-тапсырма. Өнімдер мен қызметті жарнамалау үшін берілген бұқаралық ақпарат құралдарының қай түрін пайдаланасың? Әрбір өнім үшін біреуін ғана пайдаланыңыз. Өз таңдауыңызды негіздеңіз.

Жарнамалық роликтер, радио газет, журналдар, интернет, бизнес такси, телефон қоңыраулары.

- қызықты кітап
- жаңа компьютерлер
- қайырымдылыққа ақша жинау
- жоғалған әмиян
- жаңа ұялы телефон
- тұрмыстық заттар (мысалы, ұсталған орындықтар)



6-тапсырма. Топпен жұмыс, топта үш адамнан болсын. Сіздің отбасыңыз және сіз (әке, шеше, бала) 16 жастағы ағаңыз үшін квадроцикл (төрт дөңгелекті мотоцикл) сатып алғыларыңыз келді.

Отбасы ретінде үшеуін салыстырып, талқылаңыздар. Үлкен, кішкене айырмашылықтарын айтыңыздар. Велосипед сатып алу үшін келісуге тырысыңыздар.





7-тапсырма. Төмендегі қанатты сөздерді оқы. Өзіңе ұнағанын талда, пікіріңмен бөліс. Есімшелердің астын сыз.

- ✓ Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына. (Ө. Науаи)
- ✓ Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге. (Абай)
- ✓ Егер кітапты оқи қалсаң, оқыған нәрсеңнің негізгі ойын көңілге тоқи біл. (Л. Сенека)
- ✓ Жақсы кітап – ақылды адамның әңгімесімен бірдей. (Л. Толстой).
- ✓ Мәдениетті адам болып тәрбиеленуге екі құдіретті күш әсер етеді: көркемөнер және ғылым. Бұл екеуіне де кітап бетінен дидарласасың. (М. Горький)



8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгінгі сабақ тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

САЯХАТШЫЛАРҒА «ГИДТІК» ЖАСАУ

(елді таныстыру, сұхбат құру)



1-тапсырма.

1. Мәтінді түсініп оқып, таныс емес сөздер болса, сөздік құрастырыңдар.
2. Мәтін бойынша диалог құрастырыңдар.



Көсемше – бірде үстеудің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі.

Кө сем ше іс-әрекет тің жайкүйін білдіріп, үстеудің қызметін атқарады. Мысалы: *Олмектеп кеқарайасыға жүгірді. Сенсөзің діанықтап айт.*

Осыны білгелі келдік. Жіктеліп немесе көмекші етістік пен тіркесіп, қимылды білдіріп, етістік қызметін атқарады.

Жұрнақтары:

1. -а, -е, -й. Мысалы: *Олар айтады, көреді, тыңдайды.*
2. -ып, -іп, -п. Мысалы: *Жайлауға барыпты, табиғатты тамашалапты.*
3. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі. Мысалы: *Үлкендер бізге осыны айтқалы отыр.*

Гид (Фр.: «*quide*» деген сөзі),

1) саяхатты бастаушы – аудармашы шетелдік және отандық туристерге сауда-саттық негізінде түрлі саяхаттарды ұйымдастырып, оның есеп мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстардың бағдарламасын жасайды;

2) мұрағат және әртүрлі көрмелерге арналған анықтама-лықтарды дайындайды.

(<https://kk.wikipedia.org>.)

Экскурсия жетекшісі (гид) – белгілі бір бағыттар, жергілікті аймақтар немесе аумақтар, туристік нысандар туралы арнайы білімдерге негізделген мамандық. Жергілікті гидтер нақты қалаға, ауданға немесе аймаққа турларды ұсынады. Арнайы мамандар шалғай жерлерге экскурсия немесе кеңейтілген экскурсиялық бағдарламаларды ұйымдастыра алады. Гидке қойылатын негізгі талап – оның білімінің нұсқаулықта көрсетілген стандартты ақпарат шегінен шығуы қажет. Кейбір жағдайларда туристердің тілектерін ескеру қажет, ол үшін қозғалыс бағытын өзгерту талап етіледі.



Гид мамандығы жауапты болғандықтан, ол мыналарды білуі және білуі қажет:

1. өз туристеріне жауапты, сондықтан жағдайды үнемі бақылауда ұстауы керек;

2. кез келген жағдайды, соның ішінде қақтығысты шеше білуі керек. Экскурсияның қаншалықты ыңғайлы болатыны тек гидке байланысты;

3. экскурсия өтетін орын туралы немесе туристік маршрутауқымды және ең бастысы қызықты болуы керек;

4. кем дегенде бір шет тілін еркін меңгеру. Ол ана тілінде қаншалықты көп сөйлесе алса, оның қызметі соғұрлым тартымды болады;

5. егер гид басқа елдерге экскурсиялар ұйымдастырса, жергілікті тұрғындардың тілін білу міндетті болып табылады, бұл барлық туындаған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.



2-тапсырма. Берілген мәтіннен көсемшелерді байланысқан сөзімен бірге теріп жазамыз.



3-тапсырма. Мәтіннен көсемшелерді тауып, олардың жасалу жолын және қай жақта жіктелгенін ажыратып айтыңдар.

Үлгі: жоғалып кетіпті-көсемше, күрделі етістік, негізгі етістік. Жоғал -ып, -көсемше жұрнағы, кетіпті-көсемше, түбірі-кет, көмекші етістік, -іп көсемше жұрнағы, -ті III-жақтың жіктік жалғауы.



4-тапсырма. «Тізбек» ойыны.

Бірінші топ оқушысы түбір етістікті айтады, келесі топ көсемшенің жұрнағын жалғайды, ал соңғы топ жіктейді.



5-тапсырма. Кубизм әдісі

- | | |
|-----------------|--|
| 1. Суреттеңіз | Көсемше туралы айту, ереже |
| 2. Саралаңыз | Көсемшенің жасалуы. |
| 3. Салыстырыңыз | Көсемше мен есімшені Венн диаграммасы арқылы салыстыру (флип-чартқа орындау). |
| 4. Зерттеңіз | Көсемше орыс тілінде бар ма? |
| 5. Қолданыңыз | Берілген етістіктердің ішінен көсемше тұлғалы етістіктерді табу, сөйлем құрау. Айтты, жүргізді, жазғалы, отыр, айтыпты, келеді, жапқалы, санай, алып барады, келіп отыр. |
| 6. Талда | Берілген мәтіннен бір сөйлемге морфологиялық талдау жаса. |



6-тапсырма. Рөлдерге бөлініп, сұхбат құрыңдар.

- Р – рөл: гид
 А – аудитория: оқушылар
 Ф – форма: сұхбат
 Т – тақырып: Отанымыздың керемет жерлері.

7-тапсырма. Кестені пайдалана отырып, «Шығу парағын» толтыр.

Қызықты болды	Бүгін мынаны түсіндім	Қиын болды



АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ӘЛЕМ ТІЛІ



Тапсырмалар:

1. Мәтінді түсініп оқып, таныс емес сөздер болса, сөздік құрастырыңдар.
2. Мәтін бойынша диалог құрастырыңдар.



Көсемше етістік түбірлеріне, етіс, болымсыз етістік тұлғаларына жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1. *-а, -е, -й* жұрнақтары арқылы ауыспалы осы шақ көсемше жасалады.

Дауыссыз дыбысқа біткен сөздеге жуан буыннан кейін *-а*, жіңішке буыннан кейін *-е*, дауысты дыбысқа біткен етістікке *-й* жалғанады: жаз-а, сөйле-й, т.б.

2. *-ып, -іп, -п* жұрнағы арқылы өткен шақ көсемше жасалады. Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін *-ып*, жіңішке буыннан кейін *-іп*, дауысты дыбысқа біткен етістікке *-п* жұрнағы жалғанады: жаз-ып, қара-п, т.б.

3. *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* жұрнағы арқылы көсемшенің үшінші түрі жасалады.

Дауысты, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін *-ғалы*, жіңішке буыннан кейін *-гелі* жалғанады да, қатаңға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін *-қалы*, жіңішке буыннан кейін *-келі* жалғанады: жаз-ғалы, бер-гелі, кет-келі.

4. *-а, -е, -й және -ып, -іп, -п* тұлғалы көсемшелер жіктеледі, *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғалы көсемшелер жіктелмейді. Көсемше тұлғасына көптік, септік, тәуелдік жалғаулар жалғанбайды.



Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Аустралия және басқа елдерде ана тілі болып есептеледі. Одан басқа көптеген мемлекеттерде ресми тіл болып саналады.

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айырықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз.

Біз барлық жерден ағылшын сөздерін компьютер жүйесінде, спортта, кинематографта, жарнама қызметінде кездестіреміз. Сонымен қатар жиі-жиі ағылшын атауымен жаңа мамандықтар кездеседі: менеджер, риэлтор және мерчендайзер. Біз көшеде күнде ағылшын сөздерін кездестіреміз. Сонымен қатар оқушылар мен жасөспірімдердің сөйлесу тілінде ағылшын сөздерін жиі кездестіреміз. Осы жан-жағымыздағы ағылшын сөздері бізге ағылшын тілін үйренуге көмектеседі.

Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тілді жетік меңгеруді, қастерлей білуді мақсат етіп қою керек. Бірақ, бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты болуға, тіл үйренуге талпыну керек. Бұл жастардың болашағының ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі.

Орта ғасырдағы әрбір сауатты адам сөзсіз латын тілінде сөйлеуге мәжбүр болды, ал қазіргі әлемде латын тілінің рөлін ағылшын тіліне бөліп қарауға болады. Ағылшын тілін үйреніңіз және өмірлік көкжиегіңізді кеңейтіңіз.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі – байланыс тілі. Ағылшын тілі қазіргі заман талабына сай, кең ауқымда қолданылатын тіл. Жаһандық экономикадағы тіл десек, кем түспес едік. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Халықаралық сипаттағы ағылшын тілінің рөлі, қазіргі ХХІ ғасырда тереңдетілген, маңызды рөл болып саналуда.



Ғабит Мүсірепов: *«Тілін білмеген – түбін білмейді». «Тіл – ұлттың жаны». «Тіл – идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі».*

Шыңғыс Айтматов: *«Халықтың тіліне қиянат жасау – оның жүрегін жаралау» – деп жазған, сол себепті өз тілімізді мақтан тұтып, өзге тілді құрметтеуді әдетке айналдыру керек.*



1-тапсырма. Ана тілінің адам өміріндегі маңызын «Кубизм» әдісімен талдаңдар.

Суретте: «Қазақ тілінің қазіргі жай-күйі».

Салыстыр: «Басқа тілдермен салыстырыңдар».

Болжа: «Ана тілдің болашағы қандай болмақ?»

Талқыла: «Ана тілін білмейтін ұрпақ өсіп жатыр».

Жарияла: «Қазақ тілінің болашағы зор».

Қорытындыла: «Ана тілің – арың бұл».



2-тапсырма. Берілген көсемшелерді жеке, көпше түрде жіктендер: көріп, оқып, біле, сұрай, айта.



3-тапсырма. Мәтіннен көсемшелер байланысқан сөздермен бірге теріп жазып, оларға тұлғалық талдау жасаңыздар, қай жақта жіктелгенін айтыңдар. Қосымшаларын дефиспен ажыратыңдар.

Үлгі: Жыламайсың – түбірі – жыла, – ма – болымсыз етістік. Жұрнағы й – көсемше жұрнағы. Сың – ж.ж. II жағы, келемін – түбірі – кел, е – көсемше жұрнағы, мін – ж.ж. I ж.



Бүгінгі таңда көптеген мамандықтар ағылшын тілінде оқытуды қажет етеді: *хатшы, заңгер, менеджер, маркетинг және т.б.* Ең жоғары ақы төленетін жұмыстардың бірі – *гид-аудармашы, әдеби және синхронды аудармашы.*



4-тапсырма. Есімше және көсемшенің ортақ белгілерін, айырмашылықтарын мына сызбаға түсіріп жаз.

Есімше

Көсемше



5-тапсырма. Бұқаралық ақпарат құралдарынан, энциклопедия, ғаламтордан көп тіл білген тарихи тұлғалар туралы мәлімет жина. Жинаған ақпараттарыңа сәйкес сұрақтар құрастыр. Оларды пайдаланып, ойбөліс өткізіңдер.



6-тапсырма. «Ана тілім 50 жылдан соң» тақырыбында шығармашылық мәтін жарату (ана тілінің интернет тіліне айналуы туралы).

Пысықтау сабағы
Бақылау жұмысы және талдау



VIII БӨЛІМ. ТАРИХ ҚАЗЫНАЛАРЫ

МҰЗ ДӘУІРІ

(мұз дәуірінің климаты, жануарлар)

Тұйық етістіктер немесе етістік атаулары, олардың айтылуы мен жазылуы. Берілген мәтіннен етістік түбіріне тұйық етістіктің – у жұрнағы қосылуы арқылы жасалатындығы, есімдерше септелуі мен тәуелденуіне арналған жаттығулар мен тапсырмалар.

Тақырып бойынша қысқаша бейнеролик негізінде сипаттау мәтінін дайындау (пейзажды сурет салу).

«**Ауа райы**» мәтіні бойынша тапсырмалар орындау.



Тұйық етістік – шақпен, жақпен байланысы болмай, қимылдың атауын ғана білдіретін етістіктің түрі. *Тұйық етістік – у жұрнағы арқылы жасалады.*

Негізгі етістік	-у, қара-у
Туынды етістік	ойна-у
Болымсыз етістік	алма-у
Етіс	оқыт-у



1-тапсырма. Берілген басым сөздерді тыңдаңдар.

Табиғат, ауа райы, шың, тау, төбе, шөл, құм, дала, өзен, құс мекені, атамекен, тоғай, орман, жан-жануар, өсімдік әлемі, аласа төбе, тал, самал жел, қар аралас жаңбыр, тұман, бұршақ, дауыл, шөл дала, орманды дала, мұнайлы жер, астықты өлке.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

- Қазақстанның ғажайып табиғаты.
- Қазақстанның құмды және шөлді жерлері.
- Қазақстанның шыңдары мен төбелері.

Қоршаған орта

Қазақстан – кең байтақ ел. Қазақстан жерінде биік шыңдар көп. Ақ қарлы, көк мұзды Алтай мен Алатау бар. Алтай мен Атырау өңірлері орманды жерлерге, шөл далаларға, таулар мен төбелерге бай. Сондықтан мұндай жерлерді орманды дала, шөл дала, астықты дала, кең дала, мұнайлы дала деп атайды.



Қазақстанның көп жері құмды болып келеді. Соның ерекше кең дала – Сарыарқа. Сарыарқа – дөңге де, малға да, кеңге де бай жер.


Қазақстанның ең ірі өзендері – Ертіс, Сырдария, Іле және Тобыл. Ертіс – ең ірі және терең өзен.

Қазақстанда ең биік шың Тянь-Шань тауындағы Хан тәңірі шыңы (6995 м) болып табылады. Биік таулардың қатарына қарлы Алатау шыңы да жатады. Ол – өте көрікті шың.

Қазақстанның жер-су атаулары табиғат туралы ұғымды білдіреді. Мысалы, Бурабай, Арқарлы жерлері жан-жануарлардың атымен аталған. Құстардың мекені болған Қайыңды, Талды жерлеріне ағаш атаулары берілген. Ал, Жезқазған, Теміртау, Кентау қалалары еліміздің түрлі металдар мен кендерге бай екенін білдіреді.



3-тапсырма. Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріңдер.



4-тапсырма. Мәтінге дейінгі ой ашылды ма?



5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер?

- 1) Қазақстанның табиғаты қандай?
- 2) Қазақстанда қандай шыңдар бар?
- 3) Қазақстанның ең ірі өзендері қандай?
- 4) «Дала» сөзімен байланысты қандай тіркестерді білесіңдер?



14-тапсырма. Ауа райы болжамын тыңдаңдар. Кестені толтырыңдар.

Ауа райы

Синоптиктердің болжамы бойынша ақпанның 21-күні Өзбекстанның таулы жерлерінде ауа температурасы 10°C -қа дейін төмендейді. Қалың қар жауады. Қарақалпақстан Республикасында да аяз болуы ықтимал. Ауаның температурасы -7°C -қа дейін суытады.

Өзбекстанның Солтүстік облысында сынып бағанасы -6°C -қа дейін төмендейді. Боран болады. Хорезм облысында да аяз болып, боран соғуы ықтимал. Ауа райы -7°C суықтықты көрсетеді.

Ферғана облысында қара аралас жаңбыр жауады. Ауа райы -2°C суықтық пен $+1^{\circ}\text{C}$ жылылық аралығында.

Науаи облысында ауа температурасы -5°C . Күн ашық болады. Өзбекстанның Батыс өңірінде -8°C -қа дейін суық болады деп күтілуде.

Оңтүстік Өзбекстанда ауаның температурасы күндіз 2°C , түнде -6°C суықтықты көрсетеді. Қар жаууы ықтимал.

1. Қар аралас жаңбыр жауады.



2. Жауын шашын жауады.

3. Боран болады.





4. Аяз.



5. Тұман түседі.

6. Жел соғады.



7. Дауыл тұрады.

8. Күн ашық



бұлтты

суық





ЖЫЛЫ



15-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Өзбекстанның таулы жерлерінде ауа райы қандай?
- 2) Қарақалпақстан Республикасында ауаның температурасы қандай?
- 3) Өзбекстанның Солтүстік облысында боран бола ма?
- 4) Қай өңірде қар аралас жаңбыр жауады?
- 5) Қай аймақта боран болады?
- 6) Өзбекстанның қай өңірінде -8°C суық болады?
- 7) Қай жерлерде күн ашық болады?



16-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңдар.

- 1) Еліміздің солтүстігінде соғады.
- 2) Оңтүстік өңірлерде күн жылы
- 3) Батыс аймақтарда түседі.
- 4) Шығыс Өзбекстанда ауа райы күндіз –
- 5) Орталық Өзбекстанда аралас жауады.



17-тапсырма. Теледидардан ауа райы туралы мәліметті тыңдап, ертеңгі ауа райына болжам жасаңдар.

Сөйлеуге үйренеміз



18-тапсырма. «Өзбекстан табиғаты» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрыңдар.





19-тапсырма. Өз пікірімізді айтайық.

Сенің құрбың, Италияда тұрады. Ол, Өзбекстанның әлемге әйгілі Самарқант қаласы және көрікті жерлерімен интернет арқылы танысты. Ол Өзбекстанның астықты және мұнайлы жерлері, табиғаты туралы көбірек білгісі келеді. Менің құрбым «National geographic» сияқты Өзбекстанның табиғаты туралы мәлімет беретін бағдарлама көргісі келеді.

Сен оған «Дунё бұйлаб» бағдарламасын ұсын.



20-тапсырма. Мәтінді толықтырыңдар.

Менің кеңесім

- 1) Мен құрбыма бағдарламасын көруді ұсындым.
- 2) Ол Өзбекстанның әлемге әйгілі Самарқанты туралы
.....
- 3) бағдарламасы тілінде жүргізіледі.
- 4) телеарнасынан Өзбекстанның тари-
хи жерлері туралы фильмдер көрсетіледі.

21-тапсырма. Кестені толықтырыңдар.

Демалыс күндері түстен кейін көргім келетін бағдарламалар:

Уақыты	Бағдарламаның аты
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....



1-тапсырма. Жауапқа сұрақ жазыңдар.

- Аққу:** –
- Бірлік:** – Өзбекстан жерінде биік шыңдар көп.
- Аққу:** –
- Бірлік:** – Ангрэн және Ахангаран өңірлері орманды жерлерге, далаларға, таулар мен төбелерге бай.
- Аққу:** –
- Бірлік:** – Өзбекстандағы ең биік шың – Сұрхандария облысында орналасқан Хәзірет Сұлтан шыңы.

Аққу: –

Бірлік: – Ол – өте көрікті шың.

Аққу: –

Бірлік: – Биік таулардың қатарына қарлы Шымған шыңы да жатады.

Аққу: –

Бірлік: – Өзбекстанның ормандары мен шыңдары, көлдері мен өзендері табиғатқа көрік береді.



2-тапсырма. Жан-жануарлардың атымен берілген жер атауларын жазыңдар.



3-тапсырма. «Мекен» сөзімен сөз тіркесін құрып жазыңдар.



4-тапсырма. Монологті оқып, диалог құрыңдар.

Мен өзбек елінде туғанымна қуанамын. Біздің еліміз жерге бай. Оңтүстік өңір наурыз айында көктемгі егіске дайындалды. Ал солтүстікте қар жатады. Егер солтүстікте егін сеуіп жатса, оңтүстікте көкөніс өнімдерін жинап жатады. Науаи облысы – әртүрлі жан-жануарлар, құстардың мекені. Кең далада самал жел соғып тұрады. Мен үшін туған жерімнің тауы да, шыңы да, төбесі де ыстық.



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Өзбекстанда қандай көрікті жерлер бар?
2. Қандай пайдалы қазбаларды білесіңдер?
3. Жеміс-жидектер қай өңірде көп өсіріледі?
4. Қандай ірі көлдерді білесіңдер?
5. Науаи облысы ненің мекені?
6. Солтүстік өңірінің ауа райы қандай?



6-тапсырма. Сөйлемдегі асты сызылған сөздердің антонимін табыңдар.

1. Өзбекстанның кейбір жерлері құрғақ болса, кейбір жерлері ылғалды болып келеді.
2. Күн кеше салқын болды, ал бүгін жылы болып тұр.
3. Былтыр көктем ерте түссе, биыл кеш түсті.
4. Өзбекстан жерінде ірі, ұсақ өзендер көп.
5. Өзбекстан жерінде биік шыңдар, аласа төбелер көп.



7-тапсырма. Тұйық етістіктерді үлгі бойынша септеңдер.



Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
Өндіру	Өндірудің	Өндіруге	Өндіруді	Өндіруде	Өндіруден	Өндірумен
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

Тұйық етістіктер: зерттеу, еңбектену, қорғау, сақтау, аялау, өмір сүру.

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ – АТА ДӘСТҮР

Үстеу туралы түсінік. Үстеудің құрамдық түрлері. Негізгі үстеулер, туынды үстеулер және күрделі үстеулерге байланысты тапсырмалар, жаттығулар.

Берілген материалды жүйелеу және қорытындылау, егжей-тегжейлі дәлелдерге негізделген, идеялар мен дәлелдер жазу үшін жаттығулар мен тапсырмалар.

«Ою-өрнек – бабалар хаты» мәтінін оқып, үстеудің құрамдық түрлеріне талдау жасау, (негізгі үстеулер, туынды үстеулер және күрделі үстеулерге).

Сұрақ:

1. Әлемде қандай ұлттар бар екенін білесің бе?
2. Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Қалай ойлайсың?
3. Әлемнің бар халқына ортақ қандай салт-дәстүрлер бар?



1-тапсырма. Тыңдалым мәтінінің тақырыбына көңіл аудар. Мәтін не туралы болуы мүмкін? Болжап, ой бөлісіңдер.



2-тапсырма. Мәтіннің алғашқы бөлігін тыңда.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Автордың қазақ халқы туралы айтқан пікірі сен үшін бағалы ма? Неліктен?

2. Мәтін авторы қазақ халқына тән қандай ерекшеліктерге көңіл аудартады? Өз пікіріңді дәлелде.

3. Мәтіндегі ақпараттарды есіңе түсіре отырып, оның қалай жалғасатындығын болжа. Ғалымдар қазақ халқына тән тағы қандай мінез-құлықтарды сипаттауы мүмкін. Пікіріңді айт.

4. Мәтінді толық тыңда. Өз пікіріңмен салыстыр. Не байқадың?



4-тапсырма. Мәтін не туралы? Бір нұсқаны таңдап, ойынды дәлелде.

1. Қымыз туралы
2. Салт-дәстүр жөнінде
3. Қару-жарақтар туралы
4. Қазақ халқының өмір салты жөнінде



ҮСТЕУ

Қимылдың, іс-әрекеттің түрлі белгісін: жай-күйін, амалын, тәсілін, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын білдіретін сөз табы **үстеу** деп аталады. Үстеу: *мезгіл үстеуі, мекен үстеуі, мөлшер үстеуі, сын-қимыл (бейнелік) үстеуі, күшейткіш (ұлғайту) үстеуі, мақсат үстеуі, себеп-салдар үстеуі* болып бөлінеді.

Үстеулер *қалай? қанша? қашан? қайда? қайдан?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: *қашан? – кеше, күндіз, баяғыда, оқта текте; қайда? – төменде, жоғарыда, артта, әрмен, бермен; қайдан? – алдан, әріден; қалай? – жалма-жан, қолма-қол, бетпе-бет; қанша? – сонша, талай, бірталай.*

Үстеудің құрамына қарай бөлінуі

<p>Негізгі үстеу – морфологиялық құрамына қарай бөлшектеуге келмейтін, қимылдық, сындық белгіні көрсететін сөздер. Мысалы: <i>кеше, бұрын, қазір, ақырын т.б.</i></p>	<p>Туынды үстеу – қосымшалар арқылы жасалған сөздер. Мысалы: <i>қазақша, орысша, қыстай, жаздай т.б.</i></p>	<p>Күрделі үстеу – Екі не одан да көп сөздің бірігіп, тіркесіп немесе қосарланып тұрақтануы арқылы жасалады. Мысалы: <i>қыстыгүні, жаздыгүні, бірте-бірте, әлсін-әлсін т.б.</i></p>
--	---	--

Үстеудің жасалу жолдары

<p>Негізгі үстеудің көпшілігіне сын есімнің <i>-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу</i> сияқты шырай жұрнақтарын жалғап, мағыналарын күшейтуге болады.</p>	<p>Туынды үстеулер түбірге <i>-ша, -ше, -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей, -шалық, (-ша, -лық), -шама, (-ша, -ма), -шылап, -шілеп, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін, -ын, -ін</i> жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.</p>	<p>Күрделі үстеулер – сөзді біріктіру арқылы жасалған үстеулер: <i>бүгін, биыл, таңертең, қыстыгүні т.б.</i>; – сөзді қосарлау арқылы жасалған үстеулер: <i>бетпе-бет, ауызба-ауыз, бостан босқа т.б.</i>; – сөздердің тіркесуі арқылы жасалған үстеулер: <i>күні ертең, демнің арасында, таң ата т.б.</i></p>
<p>Ілгері-ілгерірек-ілгерілеу, бұрын-бұрын-ырақ-бұрындау</p>	<p>Қазақша, ақшалай, соншама, соншалық, итшілеп, қасқырдайын, түлкідейін, астыртын, үстіртін т.б.</p>	



5-тапсырма. Сөйлемдерден үстеу сөздерді тап.

1. Біз жұмысқа таңертеңгі сағат 11-де асығыс барсақ, ол күннің нормасы түгел орындалып, еңбек екінші норманың есебіне атқарылып жатыр екен. (С. Мұқанов)

2. Биыл мұз қатарда қатты дауыл соғып, өзенде сең жүріп, балықшылар үлкен апатқа ұшыраған. (Ф. Сланов)

3. Денем қатты соққыдан ауырып, жер тартып, көзім қарауытып, бұлдырай түсті. (Д.Т.)

4. Мұрнының ұшы тершіп, алдынан, басынан күн өтіп, Бақанастың ыстығына наразы боп, асығып келеді. (М. Әуезов)



6-тапсырма. Үстеудің қандай тәсіл арқылы жасалғанын ажыратып түсіндіріңдер.

Ең алдымен ойлан, онан кейін істе. Досыңды алдынан, жауыңды соңынан көр. Жұмсақ төсеп, қатты ұйықта. Ақылдың арзаны жоқ, ақылдының бүгінгі ісі кешке тынған. Ақыл ауыздан, мерей көзден. Атадан жаман Ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер. Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла. Естіге екі сөз де жетіп жатыр. Адамды еңбек асырар, жалқаулық құтын қашырар. Айырылмастай досыңа, қайырылмастай сөз айтпа. Ғылым кітаптың ішінде де бар, тысында да бар. Білім – бақтың жібермейтін қызығы, тілімсіз бақ – әлдекімнің азығы.



7-тапсырма. Мәтінді оқып, үстеуді табыңдар.

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін автомобиль құрастырушы ретінде 1996 жылы Алматыда құрылған «Іскер-ГАЗ» кәсіпорны белгілі. Мұнда жүк тасымалдайтын машиналарды, кішігірім автобустарды құрастырады. Бұрынғы №1 Алматы автожөндеу кәсіпорнында «Газель» микроавтобусы мен «КамАЗ»-дың үш түрін құрастыру қолға алынды. «КамАЗ» машинасы Көкшетауда да шығарылуда Татарстанның Набережный Челный қаласындағы ауыр жүк тасымалдайтын «КамАЗ» автомобиль зауытынан екі ел арасындағы өзара келісім бойынша, оңтүстік астанаға машина жасау бөлшектері әкелінеді. 2001 жылдан бері 100-ден аса жүк машиналары құрастырылып, олар шаруашылыққа тапсырылды. «Іскер-ГАЗ» кәсіпорны мұнайшылар мен геологтер үшін арнайы автомобиль техникаларын (автокрандар) отандық зауыттармен бірлесіп шығаруда. Бұдан басқа келешекте жол машиналарын шығаратын зауыттармен бірлесіп қызмет көрсету нұсқалары талқылануда. Бұл жүзеге асқан жағдайда «КамАЗ» автомобиль базасының негізінде Қазақстанда бензин және су тасымалдайтын машиналар құрастырылады деп күтілуде.



8-тапсырма. Төмендегі үстеулерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар. Үстеулердің емлесін есте сақтаңдар.

Жаздыгүні, таңертең, ендігәрі, әлдекімше, әрең-әрең, ауызбауыз, алды-алдына, бірте-бірте, жол-жөнекей, біртін-біртін.



9-тапсырма. Мәтінді оқы.

Қонақжайлылық – ата дәстүр

Халқымызда әр адамға кең дастарқан жайып, танысын-танымасын қонақжайлылық танытатын әдет-ғұрып қалыптасқан. Демек, бұл қасиет біздің халыққа ертеден ұлы бабамыздан қалған ізгі жол екен, – дейді бұрынғы қариялар. Аталарымыздың осы ұлағаты күні бүгінге дейін, бұлжымастан сақталып келеді. Қонақжайлылық танытып, дәм-тұз ұсынғанда, туыс-туған, бай-кедей, әйел-еркек, жарлы жақыбай деп бөлмей, бірдей дәм ұсынады, төріне отырғызып, үйіне қондырып, қолынан келгенше риза етіп аттандыруға күш салады. Қазақ үйлері дәмді, жақсы тағамдарын өздері жемей, қонаққа деп әдейі сақтап отырады. Ел ішінде «кісі түсетін үй» деген жақсы сөз бар. Бұл дастарқаны кең, берекелі, қонақжай, тәлім-тәрбиелі үй деген сөз.

Қонақты қазақтар арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ деп үшке бөледі. **Арнайы қонақ** – әдейі сәлем беруге келген немесе арнайы шақырылған; **құдайы қонақ** – алыстан келе жатқан, танымаса да демалып, ат шалдыруға тоқтаған; **қыдырма қонақ** – сол үйдің семіз соғымын, дәмді тамағын аңдып келген қонақ. Бұрынырақта қонақасы беру мен қонақ күтудің айтарлықтай үлгілері болған. XVIII ғасырдың орта кезінде Қытайдан келе жатқан Абылайды Саңқай төре қонақ етіп, 115 тай сойған. Қазір ол жер, Тайсойған деп аталады. Қонағына жалғыз атын сойған Атымтай жомарт, қонақасы берудің үлгісі ретінде қазір аңыз әңгіме арқауына айналған.

(«Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан)



- Мәтін бойынша топқа немесе парталасыңа сұрақ қой.
- Мәтін бөліктерін төмендегі кестеге салып талқыла.



+	–	?
Түсіндім	Түсінбедім	Талқылау қажет

- Мәтіндегі деректер мәтінді оқымай тұрып өзің ойлаған мазмұнмен сәйкес келеді ме? Пікірлеріңмен бөлісіңдер.
- Мәтін бөліктеріне өздерің тағы қандай мәлімет қосар едіңдер?
- «Төр», «төрге отырғызу» ұғымдарында қандай мән бар?



10-тапсырма. Оқылым мәтінінен үстеу сөздерді теріп жаз.



11-тапсырма. Оқылым мәтінде қолданылған төмендегі сөздер мен сөз тіркестеріне сөздікті пайдалана отырып, анықтама жаз.

жарлы-жақыбай	
кісі түсетін үй	
Атымтай жомарт	
қонақасы беру	



12-тапсырма. Тыныс белгілерін дұрыс қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қазақ халқында үйге қонақ келсе қонақ шақырса, төрге келген адамдардың жолы үлкені және алыстан келгені отырады. Оларға жасы үлкен болса да, ауыл адамдары үй иелері жол береді. Егер қонақтар ауыл ақсақалдарына жол беріп төрге шығарып алса, ол әбестік болмайды. Адамдардың жолы, жасы, білімі және ақыл-парасатына қарамай, барған жердің барлығында төрден түспей немесе өз төріне өзі отырып алуы тексіздік, тәрбиесіздік деп есептеледі.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан)



13-тапсырма. Мәтінді оқып, өзге халықтар мен қазақ халқының қонақ күту дәстүрін салыстыр. Ұқастықтарын анықта.

Егер сізді Жапонияда қонаққа шақыратын болса, сіз үлкен құрметке ие болдым деп есептеңіз, өйткені жапондықтар өз үйлеріне қонақ шақыра бермейді. Дегенмен, сіз қонаққа келсеңіз, дәл кіреберісте сізге «гэта» деп аталатын ағаш аяқкиім ұсынады: өз аяқкиіміңізді шешіп, бас жағын есікке қаратып қоюыңыз қажет. Егер сырт киіммен келсеңіз, сізге қожайын есікті ашқанға дейін

оны шешіп алыңыз. Киіміңізді үйден шығып бара жатқанда ғана ала аласыз. Қонаққа келгенде, міндетті түрде сыйлық алып 155 барыңыз. Жапондықтардың жазылмаған заңы бойынша адамдарға қол сыйлық беру үшін берілген деп есептеледі. Сыйлық өте жақсы және әдемі оралып, дұрыс таңдалуы қажет. Сыйлықты: «Бұл сізге азырақ сый, сонда да...» – деп ұсыныңыз. Жапондықтар қонақ ретінде сізге де, сыйлық беруі мүмкін. Сіз сыпайы бас тартыңыз, бұл – қонақ күту этикетіндегі маңызды нәрсе. Егер қожайын сыйлықты алуыңызды өтінсе, онда одан бас тартпаңыз.

(«Ақпараттық қала» журналынан)



14-тапсырма. «Біздің отбасымыздағы қонақ күту дәстүрі» тақырыбына ойтолғау жаз. Өз сөзіңде тыңдалым және оқылым мәтініндегі мәліметтерді пайдалан.



15-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жаз-баша жауап бер.

1. «Қонақжайлылық – ата дәстүр» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

«ОЮ-ӨРНЕК – БАБАЛАР ХАТЫ»



1-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлем құрыңдар.



Қажетті сөздер:

1. Киіз. Шебер. Қызыл.
2. Текемет. Түскиіз. Бөлме.
3. Ою-өрнек. Көгілдір. Алтын түсті.



2-тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркесін жасаңдар.

Кілем, кітап, текемет, көрпе, жастық, шымылдық, білезік, сақина, шапан, сандық.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті (ж-ш) әріптерін қойып, тапсырманы орындаңдар.

...ебер, қо...амет, ке...кілік, ке...ірім, қа...қар, ма...ақат, ма...ықтау, мы...ғылау, мы..., өр...іл, ө...пес, тә...ірибе, те...жеуіш, тұ...ырым, тіл...елеу, тір...ілік, уә...демелік, ұран...ыл, үстем...іл, ...ақырым, ...аңырақ, ...амалас, ...ежіре, ...ешім, ...олпы, ...ұрайлы, ...ынайылық, ы...қындыру.



4-тапсырма. Сөздерді оқып, дауыссыз дыбыстарды тауып астын сыз.

Қолөнер, түйетабан, кемпірқосақ, төртбұрыш, құстұмсық, бейнежазу, тілашар, әуежай, қолөнер, жанкүйер, халықаралық, қолтаңба, жеделхат, қонақжай, мерейтой, баспасөз, көзқарас, ақорда, бірқалыпты, бір күнде, жанкүйер, жас буын, жасжеткіншек.

Оюшы – әртүрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою-өрнегінің шебері.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына жақша ішінде берілген есімдікті қойып, көшіріңдер (*маған, сен, сол, мен, оның, біздің, біз, осында, сол, бұл, бізге, бұдан*).

Осы кең дала, байтақ дала, көктемде қандай жасанғанмен, жазғы шілдеде сап-сары болып күйіп кетеді. ... дала келе жатсаң, әбден шаршағанда алдыңнан көл жағалай көк құрақты талдар көрінеді. Барсаң – түк жоқ, сағым болып шығады. Баз-баяғы сары дала болып бедірейіп, сазарып жатып алады. Күн төбеде шақырайып тұрады. ...кезде ештеңе сезбегендей, жер бетіне құлқайыр шығады. Күнге өртеніп күйіп кетудің орнына одан әрі нәр алып, түрленіп өсе бастайды. Өне-міне дегенше ... ақ, қызыл, жасыл гүлдері далаға өзгеше рең беріп өзгертіп жібереді. Апталап соққан аңызақ жел, күн ыстығы қысқан сайын бүршіктері бірінен соң бірі шешек жарып, көріктене түседі. ... маған «Ұлы адамдарды шөпке теңейсің» деп күлесің ғой, күлсең күле бер, имандай шыным. ... осы Абай атамыз заманның тар кезіндегі көктеген құлқайыр сияқты болып көрінеді.


(Ә. Шілтерханов)



6-тапсырма. Грамматикалық ережеге сүйеніп, тақырыпқа байланысты мысалдар жаз.



7-тапсырма. Тақырыптарды оқы. Онда не туралы айтылады деп ойлайсың?




8-тапсырма. Төменде берілген мәтіндерді оқып шығындар. Тақырыптар мен мәтінді мазмұны бойынша сәйкестендіріңдер.



Арпабас, көбелек, су өрнегі. Қазақ қолөнерінде ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан дәстүрлі бояу түрлері бар. Олар: қызыл, көк, жасыл, сары, ақ, қара. Бұл бояулардың символдық мәні де бар. Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл-парасаттың, қайғы-мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. «Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.



«Түйетабан» – түйенің басқан ізін көрсететін күрделі ою-өрнек. Ол кейде «карта», «қарға», «қызыл айыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою.



«Кемпірқосақ» ою-өрнегі бірнеше түстерден жолақтар жасап алма-кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің символдық мәні бар. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түсті белгілі тәртіппен кемпірқосақ көркіне лайықтап орналас-тырады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланылады.



«Құстұмсық» – бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Құс бейнесі – халық түсінігінде азаттықтың белгісі.



	<p>«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, түскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.</p>
	<p>«Құсқанаты» ою-өрнегі – мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды.</p>
	<p>«Қошқармүйіз» – ою-өрнегі, қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлатын, тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Оны байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрінде кездеседі. «Ашатұяқ» өрнегі, кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.</p>
	<p>Гүл, дөңгелек, мүйіз, таңба. Мүйіз – қазақ оюының негізі және ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады.</p>



Қазақтың кесте тігу техникасының негізі – «біз кесте». «Біз кесте» көбіне бастырмамен жарасым тауып, шыралжынмен

тігіледі. Қазақтың кесте өнерінің тағы бір ерекше түрі – шалма кесте. Оның шалып тігілген ирек жібі кестеге өзіндік көрік береді. Ал жөрмеме түрі, негізінен, әйелдердің әшекейлі бас киімдері мен әсемдік бұйымдарында қолданылған. Жөрмеме қазақтың кесте өнеріне ХХ ғасырдағы орыс келімсектері арқылы келгендіктен, оны кейде «орыс кесте» деп те атайды. Қазақтың ісмер әйелдері алтындап тігу өнеріне де шебер болған. Ірі кестелі бұйымдардағы ою-өрнектің ортаңғы элементтері кейде бүкіл бұйым тұтастай алтындап кестеленген. Қазақтың көркем безендірілген үйінде сәндік кестелердің алатын орны ерекше. Қабырға, кілем-тұскиіздер төрге ілінеді. Кестеленген шағын дүниелер есікке жақын тұрған шаруашылық жағына ілінеді. Кестеленген жалпақ тегеріш үйдің күмбез тұсын, айнала көмкеріп тұрған. Әсіресе, той шымылдығы ерекше кестеленетін болған. Олар, моншақтармен төгіліп, асыл тастармен зерленген. Өйткені, жас жұбайлардың неке қию салтында той шымылдығының маңызы ерекше болған. Той күні, әсіресе, «қол ұстатар» салты кезінде шымылдық жастарды жат көзден жасырып тұрған. Кейінірек осы шымылдық артында жастардың төсегі болады. Қымбат матадан жасалған шымылдықтың жоғарғы жағы кестеленіп, жиектері шашақталып келеді. Жастардың төсек бұйымдары – «төсек жапқыш», «жастық қаптары» да көркем кестеленіп отырған. Қазақстанның солтүстік және оңтүстік шығыс аудандарында арнайы кестеленген мерекелік дастарқан болған. Бұрынғы кезде дәулетті адамдардың үйінде құрметті қонақтар отыратын кестеленген кілемшелер тігілген. Жайнамазды кестелеу, негізінен, Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігінде кезедеседі.

Ағашқа ою салу өрнегі, әсіресе, солтүстік аудандардан бастап, бүкіл Қазақстан аумағына кеңінен таралған. Қазақтардың ағашты өңдеп, пайдалануы ең алдымен, оның көшпенді өмір салтының қажетін өтеуге байланысты болған. Киіз үйдің сүйегі мен есігі, босағасы, керегесі ағаштан жасалған. Киіз үйдің сүйегіне әдетте ою салынбаған, ал есік пен жиналмалы босағаларға ою ойылып, олар түрлі бояулармен әшекейленіп отырған. Кейде, әсіресе, салтантты ордалардың ағаштары сүйекпен, алтын, күміс, мыс-жезбен оюлап безендірілген. Көшпенді өмір салтына қарамастан қазақтардың ағаштан жасалған үй жиһазы болған. Ағашқа ойылған оюлардың композициясы мен үлгісі де қазақтың халықтық қолданбалы қолөнеріндегі тәрізді қарапайымдылығы және көрнектілігімен ерекшеленеді. Жалпы түс пен өрнектердің теңдігі, жекелеген бөлшектердің жиі-жиі қайталанып отыруы да қазақи үлгі. Солардың арасында ең көбірек кездесетіні – қошқар мүйіз, екі басы тұйықталып келетін иір қайырма, S образды белгілер мен шеңберлер, төртбұрыштар, ромбтар, жапырақ формалы иірме орамдар, т.с.с. Ою салынған бұйымдардың әшекейлік шешімі олардың үлкен-кішілі көлеміне қарамастан, оюдың



жекелеген бөліктері мен элементтерінің бәрі жалпы сәннің жарасым тұтастығына бағынған.

Қазақ шеберлері қайыңның қатты безінен қымыз ішетін тостаған, саптаяқтар ойған. Қымыз құятын ожаулардың өзі де әр алуан қалыпта жасалған. Салтанатқа ұсталатын ыдыс-аяқтарға күмістелген өрнектермен қоса ірі асыл тастар салынып зерленетін болған.

Қымыз құятын үлкен шаралар мен ет тартатын табақтар әдетте әшекейленбеген. Оның тек, сирек қолданылатын, кейбір түрлері ғана томпақ бедерлі немесе түймебасты күміс шегелермен әшекейленген. Күмістің өзі кейде қарайтылып, безендірілген.

Ою салынған дүниелермен қатар станокта жонылған ыдыс-аяқтар кеңінен қолданылған. Оларға әдетте әшекей, ою салынбайтын болған.

Ағаштан түйін түйіп, ою ойған қазақ шеберлері қолөнер туындыларының ең басты құндылығы олардың алуан түрлі ою-өрнек үлгілерін кеңінен қолдану арқылы сол көркем шығармаларында көшпенділер өмір-тіршілігінің мәні, дүниенің жұмбақ сырлы жаратылысы жөнінде ой түйген халық түйсігін поэтикалық тұрғыда тұлғаландырып отырғандығында.



Жаңа сөздер

Ақиқат – шындық, дұрыстық.

Өрнек – оюлы бедер, әшекей, нақыш.

Қолөнер – қарапайым еңбек құралдарының көмегімен қолдан жасалған бұйым, зат.

Мегзе – бағыттау, нұсқау.

Мәнер – әшекейлеп, оюлап салынған өрнек.

Күмбез – үлкен құрылыстың әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі, мұнара.



9-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақта қандай ою түрлері бар?
2. Кесте дегеніміз не?
3. Сырмақ дегеніміз не?
4. Киіз дегеніміз не?



10-тапсырма. Мәтіннен берілген сөйлемдерге сұрақ қойыңдар.

Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл – парасаттың, қайғы – мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы.

Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түс тәртіппен кемпірқосақ көркіне лайықтап орналастырылады.	
Жастардың төсек бұйымдары – «төсек жапқыш», «жастық қаптары» да көркем кестеленіп отырған.	

АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН...

Үстеудің мағыналық түрлері. Мезгіл және мекен үстеулері туралы түсінік және олардың жасалу жолдары. Мезгіл және мекен үстеулеріне тиісті тапсырмалар мен жаттығулар.

Берілген мәтінге, суреттерге, аудиоматериалға сүйене отырып, орфографиялық және стильдік ережелерді сақтаған түрде, өз пікірін дәл және дәйекті түрде жеткізу, 12–14 сөйлемнен тұратын мәтін жазу.

«Адамның бір қызығы бала деген...» туралы мәтін жарату. Сурет бойынша өз пікірлеріңді айтып, ой бөлісіңдер.



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы әлпештейді ана деген.
Тырыштап қу дүние жинағанмен,
Бір күні артта шіркін қалады екен.

Бай да өткен, патшада өткен, батырда өткен,
Өмірдің ең түбіне өлім жеткен.
Қашанғы өлмейміз деп шаттанамыз,
Өлмесе ата-бабам қайда кеткен.



Өлімнен құтылмассың қашсаң дағы,
Өкеңнен арыстандай ассаң дағы.
Алладан шыныменде жарлық келсе,
Жұлдызда жерге түсер аспандағы.

Қартайса жақсы адам дана болар,
Қосылған жеті өзеннің сағасындай.
Қартайса жаман адам зар-жақ болар,
Ағаштың жанбай қалған шаласындай.

Тоқтар Серіков

1. Неліктен кәрістер балаларды «төзімділікке», қытайлар «қанағатшыл болуға», американдықтар «өз бетінше өмір сүруге», еврейлер «көп шағым айтуға жол бермеуге» баулиды деп ойлайсың?

2. «Бұзықтық жасаған балаларды жазалайды» деген пікірмен келісесің бе? Өз ойларыңды ортаға салыңдар.

3. Ата-анаң сенің қандай адам болуыңды қалайды? Ал сен өзіңді қандай баламын деп ойлайсың?



2-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша 5 сұрақ қойып, жұпта/топта диалог құрыңдар.

Мезгіл үстеуі

Қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін және дәл уақытын білдіретін үстеудің түрі **мезгіл үстеуі** деп аталады. Мезгіл үстеулері *қашан? қашаннан? сұрақтарының біріне жауап береді. Оларға кеше, бүгін, ертең, күздігүні, жуырда, әуелде, жаздай, қыстай т.б. үстеу сөздер жатады. Мысалы:* Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым (Абай). Бүгінгі жастар шетінен сауатты (Ғ. Мұстафин). Мен бүгін сонша шаршадым (Ғ. Мұстафин). Ертең олардың жатақханасына барып, өз алдына әңгімелесерміз («Қазақ әдебиеті»).



3-тапсырма. Сөйлемдерден мезгіл үстеулерді тауып жаз.

1. Ол Дәуленді шығарып салғаннан кейін ертең болатын сабағына ұзақ әзірленіп, кеш жатты (С. Мәуленов). 2. Күздігүні жерді жыртып тастауға қол босамады (Ғ. Мұстафин). 3. Әуелде ұзын бойлы, ашаң жүзді аққұба әйел еді (М. Әуезов). 4. Ертеңіне Бораш Москва консерваториясына жүріп кетті де, мен баяғы шаштаразға келдім (Ғ. Мүсірепов). 5. Жуырда болып өткен ақындар айтысында бірнеше жас талапкер есімі белгілі болды. 6. Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай (Абай).



4-тапсырма. Үстеулерді тауып, оларды мағыналық топтарына жіктеп жазыңдар.

Толассыз екі күн соққан бораннан соң, ептеп саябырлаған секілді болып еді, бір тәулік өтпей қайта басталды. Бірақ енді алай-түлей боран емес, баяу ғана үлбіреп түсіп жатқан ақша қар жерді көме берді, көме берді. Алдындағы боранда нығыздалып қалған қабыршақтың үстіне мына түскен қар үлбіреп, борпылдақ болып жатыр. Қардың үстіңгі қабаты қоян ізін көтере алмаса, астындағы қабаты қой тұяғын бірде көтеріп, бірде одан сықырлап ойылып кетеді. Оны бұрын жылқы тұяғы жасайтын. Қырандарым таудан төңкерілген судай ағындап, менен озып, айналамнан алға қарай ағылып жатты. Қалай дегенмен де, алғы шеп кейін лықсығанда, мен едәуір сасқалақтап қалдым.



5-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той. Оған көбінесе жастар жиналады. Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтау айтылады. Қонақтар таң атқанша домбыра тартып, ән салады. Түрлі ойын-сауық ұйымдастырады. Жаңылтпаш, жұмбақтар айтады. Жеңгендері отбасының сыйына бөленеді.

Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесіктой жасайды. Ағаштан жасалған бесікті нағашылары немесе жасы үлкен, қадірлі аналардың бірі әкеп, сыйға береді. Бесіктің үстіне алдымен көрпе жабылады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабылады, ат жалын тартып мінсін деп қамшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады. Тойға келгендер шашу шашып, балаға батасын береді.

Туғанына қырық күн толғанда баланы қырқынан шығарады. Қазақ халқының ұғымында қырық саны – қасиетті сандардың бірі. Қырқынан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған тегешке шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз





омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп, баланың үстіне қырық қасық су құяды. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады.

Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Ала жіппен тұсаудың негізінде «Болашақта бала ешкімнің ала жібін аттамасын!» деген тілек бар. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)

- Қазақ халқының балаға қатысты салт-дәстүрлерінің маңызы неде?
- Балаға қатысты осы салт-дәстүрлер қазір қалай сақталған?
- Өзің көрген немесе естіген бала өміріне қатысты салттарды әңгімелеп бер.



6-тапсырма. Төмендегі құттықтау хатты салыстырып оқы, стилін ажырат. Жауабыңды дәлелде. Кімге жазылған? Кім жазған?

Құттықтау	
<p>Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Бала – өміріміздің мәні мен сәні, әрбір адамның ең қымбат қазынасы. Біздің ұрпағымыздың балалық бал дәурені қандай болатыны тек өзімізге байланысты. Оларға ең керегі – бақытты отбасы. Жергілікті билік өз тарапынан отбасы мен отбасылық құндылықтарды сақтап, нығайту үшін, ана мен баланы қорғау үшін, балалардың құқықтарын сақтау бағытында тиісті жұмыстар атқаруда. Ал әрбір ата-анаға «Бала бақыты үшін!» деген ұран өмірлік ұстанымға айналуы тиіс. Балаларымызға ашық аспан, татутәтті отбасы мен ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін.</p>	<p>Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз, ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Сені тек биіктерден көрейік. Қадамыңа – гүл, келбетіңе – нұр, қиялыңа қанат бітсін, жасыңа – жас, басыңа бас қосылсын! Шаңырағыңа құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңа амандық, деніңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманың асқақ, шығар биігің асқаралы болсын! Әрдайым құшағың гүлге, қадамың нұрға тола берсін! Бақытты өмір сүруіңе шын жүректен тілектеспіз!</p>

Құттықтау мерейтойларда, үкімет наградасымен марапатталғанда, әр алуан мейрамдарға байланысты түрлі деңгейдегі (отбасылық, құрбы-достар т.б.) адамдарға жазылады, айтылады.



7-тапсырма. Оқып шығып, үстеулерді табыңыздар. Олардың қай сөздерге қатысты екенін айтыңдар.

Бұлтсыз ашық түнде аспаннан жыпырлаған сансыз көп жұлдыздарды көресің. Олардың кейбірі солғын жарық нүктеге ұқсайды. Енді біреулері бірде күшейіп, бірде әлсіреген алыстағы отты елестеді. Жұлдыздар жерден өте алыс қашықтықта орналасқан. Сондықтан олар біздің көзімізге кішкене жылтыраған ноқат сияқты болып көрінеді. Шынында, олардың әрқайсысы күнге ұқсас жанып тұрған, орасан зор газ шарлар. Ең ірілері Күннен ондаған, тіпті жүздеген есе үлкен. Мөлшері Жермен қарайлас шағындары да бар. Жай көзбен қарағанда аспан әлемінен 3 мыңға тарта жұлдыз көрінеді. Ал қазіргі замандағы ең жаңа құралдармен есепке алынғандарының саны бірнеше миллион. Ғалымдардың болжауынша, жұлдыздардың жалпы саны әлденеше миллиардтан асып кетеді.

Жерге ең жақын жұлдыз – Күн. Оның төңірегінде Жерді қоса есептегенде 9 ірі аспан денесі айналып жүреді. Олар планета деп аталады (планета – грекше адасушы жұлдыз деген сөз). Планеталар – өзінен жарық шығармайтын салқын денелер. Дегенмен түнгі аспанда олар да жұлдыз сияқты жылтырап көрінеді. Планетаның олай көрінуі бетіне түскен күн сәулесінің шағылысуынан. Өз кезегінде планеталардың төңірегінде олардың серіктері айналып жүреді. Жердің серігі – Ай. Күн және оны айналып жүретін планеталар мен олардың серіктері Күн жүйесін құрайды. Күн жүйесі – Әлем кеңістігінің немесе Ғарыштың бір кішкене шағын жүйесі ғана. Ол Галактика деп аталатын жұлдыздар жүйесіне кіреді. Әлемде ондай галактикалар тым көп – миллиондап саналады.



8-тапсырма. Кестедегі құттықтау сөздер қандай дәстүрде қолданылатынын жаз.

Құттықтау сөз	Шілде-хана	Бесік-той	Қырқынан шығару	Тұсау кесу
Ешкімнің ала жібін аттамасын!				
Отыз омыртқаң жылдам бекісін!				
Ат жалын тартып мінсін!				



Халықшыл болсын!				
Балаңыздың бауы берік болсын!				
Қырандай көреген болсын!				



9-тапсырма. Оқылым мәтіндегі деректерді қолдана отырып, «Тұсау кесу» рәсіміне арналған құттықтау жаз. Құттықтау сөзде есімдіктер мен мезгіл үстеулерін ұтымды қолдан.



10-тапсырма. Төмендегі суреттер бойынша мезгіл үстеулерін қолдана отырып, сөйлем құра.



Жаздыгүні



Күздігүні



Қысқы суық



Көктем



11-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, үстеулердің мағыналық түрлерін ажырат.

Ертеректе Э.С. Вульсон деген саяхатшы қазақ балалары жөнінде былай деп жазады: «Қазақ балалары кең-байтақ дала төсінде емін еркін өседі. Атқа мінуге жастайынан үйренеді. Емшектегі бала көш кезінде түйе үстінде тербелсе, аяғымен нық тұруға жараған соң-ақ атқа мінеді. Қазақтарда жас бала құламайтындай

етіп жасалған арнайы ер-тоқым (ашамай) болады. Олар қалған өмірінің көбін ат үстінде өткізеді».

(«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан)



12-тапсырма. «Тұсау кесу» жырын мәнерлеп оқып, ауызекі сөйлеу тіліне тән етістіктердің түрін ажыратып жаз.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам.
Тақымыңды жаз балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой...
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып, бәйге ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.



13-тапсырма. Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты қалыптасқан «сүндет той», «тілашар» салт-дәстүрлері бойынша пікір алмасындар. Неліктен осы дәстүр қалыптасқан, қаншалықты оның маңызы бар деген ой тұрғысында сұхбат құрындар.



14-тапсырма. Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым мәтініндегі әр абзақты немесе сөйлемді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

	–	+	?
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

1. Ата-анаң, ата-әжең саған қандай ақыл-кеңес береді?
2. Сен олардың тілін алмай, ренжітсең не болады?
3. Егер сен бір қате іс жасап қойсаң, қалай ақталар едің?



4. Саған олар үнемі кешіріммен қарайды деп ойлайсың ба? Неліктен?

5. «Тәрбие тал бесіктен» деген ұғымға қалай қарайсың?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрындар.

– Анасымен сөйлескеннен кейінгі баласының іс-әрекеті қандай болады деп ойлайсыңдар?

– Ана мен бала екеуінің қайсысын жақтар едіңдер? Неліктен солай ойлайсыңдар?

– Анасы дұрыс жасады ма? Неліктен?

– Баласы дұрыс жасады ма? Неліктен?

– Мәтіндегі негізгі ой неде деп ойлайсыңдар?



Мекен үстеуі

Қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіретін үстеудің түрі **мекен үстеуі** деп аталады. Мекен үстеулері қайда? қайдан? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Оларға *жоғары, төмен, әрі, бері, алда, тұс-тұстан, асты-үстінен, әлдеқайдан, осылай* т.б. үстеу сөздер жатады.



3-тапсырма. Мекен үстеулерді қолдана отырып, сурет бойынша сөйлем құра.



4-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, ат қой.

Қазақ салтында өздеріне қойдың басын тартқан ақсақалдар мен үлкен кісілер балаларға игі мақсатпен құлақ, көз, таңдай, тіл береді.

Құлақ беру. Бата жасап, бас ұстаған қариялар, алдымен, бастың езуінен бір кесіп алып өзі ауыз тиген соң, бастың оң жақ құлағын кесіп, үйдегі жасы ең кіші балалардың біріне: «Мә, балам, құймақұлақ бол, сөз тыңда, үлкендердің лебізін жерге тастамайтын азамат бол», – деп береді. Міне, бұл «құлақ беру» деп аталады.

Көз жегізу. Әдетте білікті, тәрбиелі үлкен кісілер «көреген болсын, әділ болсын» деген ниетпен, бастың екі көзін алып, өзі қалаған балалардың біріне: «Көреген бол, қара қылды қақ жарар әділ бол, халқыңа алаламай тең қара» деп ұсынады. Қазақ халқы екі көзді бір адамға береді. Екі көзді екі адамға берсе, алакөз болады немесе әділдіктен тайып, бұра тартады деп қарайды.

Тіл жегізу. Әдетте көреген қариялар мен тәлімгер әжелер көмекейін тілден бөліп алып, тілді-жақты болсын деген бір балаға: «Мә, балам, үлкендердің тілін ал, жезтаңдай шешен бол!» деп тілді беріп жегізеді. Міне, бұл «тіл жегізу» деп аталады. Тіл жеген бала ата-ана мен үлкендерге, халыққа жағуға, жақындауға тырысады. Өзгелермен оңай тіл табысып, қоғамдық қарым-қатынасын нығайтып, досын көбейтіп, өрісін кеңейтеді.

Таңдай беру. Қазақ салтында қойдың басын мұжып отырған үлкен кісілер бастың таңдайын алып, қатты қабыршағын аршып, оны өзі қалаған бір баланың алақанын аштырып қойып: «Шешен бол! Бұлбұл көмей, жезтаңдай әнші бол!» деп таңдайды алақанына ұрып береді. Таңдай берудің өзіндік мән-мағынасы бар. Ол балалардың тіл өнері – ән-жырға деген ынта-ықыластарын арттырып, олардың көкіректеріне жастайынан «әнші болсам, жыршы болсам, ақын болсам екен» дейтін арман-тілектерін ұялатып, шешен, әнші, жыршы, ақын болып шығуына үлкен мүмкіндік жасайды.

(«Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан)

- Қазақ халқының салт-дәстүрлері бұрынғы тұрмыс-тіршілікпен байланысты ма? Оны неден аңғарамыз? Қазақ халқының бұрынғы тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік малдың маңызы қандай болды?

- Төрт түліктің ішінде не себепті қой-ешкінің мүшелері балаларға ырымдап беріледі?

- Мәтінді оқи отырып, қазақ халқына тән қандай ерекше қасиеттерді байқай аламыз?

- Мәтінде аталған салт-дәстүрлер қазір сақталған ба?



5-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша өз пікіріңді төмендегі кестеге сәйкес жүйелеп айт.



Қазақтың салт-дәстүрі	Мән-мағынасы	Дәстүр туралы өз пікірім
Құлақ беру		
Көз жегізу		
Тіл жегізу		
Таңдай беру		



6-тапсырма. Оқылым мәтінінің көркем сөйлеу стилінде жазылғанын дәлелде. Мәтінде кездесетін ауызекі сөйлеу үлгілерін анықта.



7-тапсырма. Оқылым мәтініндегі негізгі ойды есте сақтай отырып, төмендегі үлгі бойынша ой қорыт. Өз сөзінде мекен, мезгіл үстеулерін қолдан.

Менің ... бала болуым үшін	Ата-анам не істейді?	Мен не істеймін?
тілалғыш		
адал		
шешен		
әнші, жыршы		



8-тапсырма. Тыныс белгілерін дұрыс қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Өнер алды қызыл тіл. 2. Шешеннің тілі шебердің бізі. 3. Ақпа құлаққа айтсаң ағып кетер құймақұлаққа айтсаң құйып алар. 4. Су атасы бұлақ, сөз атасы құлақ. 5. Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді. 6. Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала.



9-тапсырма. Рөлдерге бөлініп, сұхбат құрыңдар.

Р – рөл: журналист

А – аудитория: оқушылар

Ф – форма: сұхбат

Т – тақырып: Отбасымыздағы салт-дәстүрлер



10-тапсырма. Төмендегі мекен үстеулерін қолдана отырып, сөз тіркестерін құра.

Үстеулер: ілгері, жоғары, төмен, алды-артынан, әрі-бері, тауға қарай, алға қарай, ілгері-кейін, жоғарыдан.

Қажетті етістіктер: өрмеледі, түсті, жылжыды, қозғалды, жүр, орады, түсті, жүгірді, тартты.



11-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?



12-тапсырма. Өздеріңе ұнаған табиғат, ою-өрнек туралы шағын мәтін құраңдар



13-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және талдау





IX БӨЛІМ. ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ



Мөлшер үстеуі

Қимылдың немесе сынның теңдік не көлемдік мөлшерін, шамасын білдіретін үстеудің түрін **мөлшер үстеуі** дейді. Мөлшер үстеулері қанша? қаншалық? қаншама? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: *мұнша, сонша, онша, соншалық, соншама, осынша, осыншама, анағұрлым, соғұрлым, әжептәуір, бірден-саран, талай, бірталай, бірқатар, қыруар, едәуір, азғантай, осыншалық, мұндайлық т.б.* Мысалы: *Өміртайдың жылағаны да онша білінбейді.*

(С. Мұқанов).

1. Сәулет өнері туралы не білесің?
2. Ғимарат деп нені айтады?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда.



2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, оны заманауи сәулет өнерімен байланыстырып айтып бер.



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша есте қалған ақпаратты жаз. Оған өз ойыңды қосып толықтыр. Мәтінді қайта тыңдап, салыстыр.



4-тапсырма. Оқылым мәтінінен үстеу сөздерді теріп жаз.

Халқымыздай айбарлы, рухымыздай заңғар

Бүйір тұғыр тас үстіне қанатты барысқа мінген жас баһадүр Алатаудың ақ бас шыңдарынан көз айырмай одан да биікке самғап бара жатқандай.

Діңгек тас жалғыз емес, төмендегі тұғырда құлыншаққа мінген ұл мен қыз біздің зор болашағымыздың куәсіндей. Олардың артында «Ана-Жер-Ананың», «Жырау абыздың» мүсіндері тұр. Тас діңгекті домалана қоршаған он екі құлпытас бар (жылдың он екі айына сәйкес жасалған), арасында бедерлі-мүсінді қабырғалар.

Бұл панноларда қазақ халқының тағдырына әсер еткен оқиғалардың сүбелілері ғана өнер тілімен баяндалып, әлемге паш етілген. Негізгілері: сақ дәуірі, әл-Фараби дәуірі, Қазақ хандығының

құрылуы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», қалмақтармен соғыс, қазақ-орыс қарым-қатынастары, ұлт-азаттық қозғалысы, дүниежүзілік соғыс, аштық, репрессия, атомдық сынақ жылдары, тағы басқа тарихи көріністер.

Халық шежіресін ұрпағына жеткізген шеберлер еңбегінің қадірін білу, құрмет тұту – келешекке парыз!

(Шота-Аман Уәлихан)



5-тапсырма. Мәтіннің үшінші абзацын екпін түрлерін сақтай отырып оқы.



6-тапсырма. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, мәтіннен қажетті сөйлемдерді тауып, ретімен толықтырып жаз.

биікке, әлемге, тұғырда

мүсіндері тұр, халық шежіресін



7-тапсырма. Сәулет өнері туындыларын салыстыр. Төмендегі мөлшер үстеулерін қолданып, «Кешегі және бүгінгі Ташкент» тақырыбына сипаттама бер. Нақты және қосымша мәліметтер арқылы негізгі ойды анықтап айт.

Соншама әдемі, бірқатар қыздар, осыншама тартымды, біршама биік үйлер, мұнша тағамдар, соғұрлым әсерлі, едәуір үлкен, қыруар қаржы.



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі



Күшейткіш үстеу

Заттың сынын, мөлшерін, көлемін, қимылдың сапасын не аса күшейтіп, не солғындатып көрсету үшін қолданылатын үстеудің түрі **күшейткіш үстеу** деп аталады. Күшейткіш үстеулер қалай? қандай? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы, *ең, тым, өте, тіпті, аса, әбден, мүлде, нақ, қақ, орасан, нағыз, ылғи, кілең, сәл, дәл, өңкей* т.б.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
2. Өзбекстанда қандай тарихи кесенелер бар еді? Екеуін салыстыр.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан 1396–1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темірдің өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – Қожа Ахмет Яссауи құлпытасы.



XIX ғасырдың соңына қарай кесене тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусым да Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында кесене дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



2-тапсырма. «Әлемдегі және еліміздегі тарихи мұражайлар» тақырыбында күшейткіш үстеулерді қатыстыра отырып таныстырылым жаса.



3-тапсырма. Күшейткіш үстеулерді қолдана отырып, «Тарихи кесенелер» тақырыбына 5 сөйлем құрап жаз.



4-тапсырма. Тілдік бағдардағы күшейткіш үстеулерді қолданып, «Сәулет өнері ескерткіштері» тақырыбында шағын мәтін жаз.



5-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ҰЛТТЫҚ САЗ АСПАПТАРЫ

(домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз)



Сын-қимыл (бейнелік) үстеуі

Қимыл-амалдың сапалық белгілерін, өту тәсілін, жай-күйін, амалын білдіретін үстеудің түрі **СЫН-ҚИМЫЛ (БЕЙНЕЛІК) ҮСТЕУІ** деп аталады. Сын-қимыл үстеулері *қалай? қалайша? кімше?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: *әрең, азар, дереу, шапшаң, жылдам, тез, дәл, әншейін, әскерше, қазақша, адамша, бірге, тікелей, біржола, қолма-қол, ауызба-ауыз, емін-еркін, зорға, қапыда, етпетінен, жүресінен, кезекпен, бекер, бет алды, жатпай-тұрмай, бостан-босқа, емін-еркін, шама-шарқынша* т.б.



Қазақтың ерте заманнан бері келе жатқан музыкалық аспаптарының түрлері өте көп. Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан т.б. дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасаған еліміздің әртүрлі музейлерінің қорларында 400-ден астам музыкалық аспаптар сақталуда. Қазақ халқының музыкалық аспаптар құрамын белгілі ғалымдар К. Вертковпен Б. Сарыбаевтардың ұсынған классификациясына сүйенсек аспаптар негізі 5 топтан құрылады.



1-тапсырма. Мәтінді оқы.



2-тапсырма. Ал енді ойланып көр. Қандай ұлттық аспаптар бар екен?



3-тапсырма. Төмендегі сөздерді қазақтың ұлттық аспаптарымен байланыстырып сөйлем құра.

Еркін, әскерше, тез, жылдам, бірге, шапшаң.



4-тапсырма. Мәтінді оқы. Парталасыңмен бірге 5 минутта мәтіннен үстеудің мағыналық түрлерін немесе етіс жұрнақтарын табыңдар. Өр жұп келесі жұпқа өздері терген мысалдарды дәлелдеп түсіндірсін.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол-қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма-күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен.




Қобыз – таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап. Ысқышпен ойналатын 4 ішекті музыка аспабы. Дыбыс ішекті тырнақпен басу арқылы шығады. Бұл қобыз халық аспаптар откесерлерінде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі кездерде жоғарғы оқу орындарында қобызшылар дайындайтын арнаулы сынып бар.

Сыбызғы – үрлемелі көне аспап. Қурайдан, ағаштан және күмістен жасалады. Сыбызғының үні жұмсақ, құлаққа жағымды. Өзінің қарапайымдылығына қарамастан, дыбыс шығару тәсілі өте қиын. Орындаушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Қамыс сырнай-тілшесі бар қамыстан жасалған үрлемелі аспап.






Шаңқобыз – темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап. Шаңқобыз басқа атаулармен көптеген халықтарда кездеседі. Оның сирек кездесетін бір түрі – ағаш шаңқобыз-ағашқа бекітілген жіпті тербеу арқылы дыбыс шығарылады.


 **5-тапсырма.** Берілген қанатты сөздерді негізге алып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымын жасаңдар.


Өзінің байсалдылығынан айырылған адамдарды түзетуге, қызба адамды қалпына түсіруге, байсалды адамды ылғи да бір қалыпта ұстауға музыканың құдіреті әбден жетеді (*Әбу Насыр әл-Фараби*).

Музыка жас адамның ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі (*Ахмет Жұбанов*).



 **6-тапсырма.** Көп нүктенің орнына сын-қимыл үстеулерін дұрыс қолданып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

- | | |
|-------------------------------|------------------------|
| ... (қалай?) жүгірді | ... (қалайша?) шүйілді |
| ... (кімше?) мез-мейрам болды | ... (қалай?) сөйлесті |
| ... (қалайша?) қаңқылдады | ... (кімше?) сап түзді |
| ... (қалай?) тигізді | ... (қалайша?) құлады |
| ... (кімше?) сыйласты | |

 **7-тапсырма.** Энциклопедия немесе «Қазақтың ұлттық аспаптары», «Қазақтың салт-дәстүрлері» кітаптарынан қазақ ұлттық аспаптары туралы деректер жина. Тұсаукесер дайында.

 **8-тапсырма.** Өткен сабақтарды есіңе түсір, тапсырманы орында.

Үстеу түрлері	Сұрақтары	Мысал
Мезгіл үстеуі		
Мекен үстеуі		
Мөлшер үстеуі		
Сын-қимыл үстеуі		

  **9-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және талдау



Х БӨЛІМ. БІЗДІҢ ҚҰҚЫҚЫМЫЗ

КОНСТИТУЦИЯ – АТА ЗАҢЫМЫЗ

(заңдар жиынтығы туралы мәлімет)



Тарихи күндер мен мерекелердің атауларымен, емлесімен танысу. «**Біздің еліміздегі мерекелер**» тақырыбында шағын мақала дайындау. Емле атауларына назар аударыңдар.

Өзбекстан Республикасы Конституциясының кейбір баптарына түсініктеме беріңдер.

Мақсат үстеу мен себеп-салдар үстеуімен танысу. Үстеудің емлесі. Тақырып негізінде жаттығулар мен тапсырмалар орындау.

Суреттерді мұқият зерттеп, өз ойларыңмен бөлісіңдер.





1-тапсырма. Мәтінді зейін қойып тыңда.



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен Жаңа жылды қалай қарсы аласың?
2. Жаңа жылда қандай сыйлықтар аласың?
3. Сен үшін Жаңа жылдың ерекшелігі неде?
4. Жаңа жылды басқа халықтар қалай атап өтеді?
5. Мұсылман халықтарының Жаңа жылды тойлау ерекшелігі неде деп ойлайсың?

Мөлшер үстеуі

Қимылдың немесе сынның теңдік не көлемдік мөлшерін, шамасын білдіретін үстеудің түрін **мөлшер үстеуі** дейді. Мөлшер үстеулері қанша? қаншалық? қаншама? деген сұрақтардың біріне жауап береді. *Мысалы:* мұнша, сонша, онша, соншалық, соншама, осынша, осыншама, анағұрлым, соғұрлым, әжептәуір, бірен-саран, талай, бірталай, бірқатар, қыруар, едәуір, азғантай, осыншалық, мұндайлық т.б. *Мысалы:* Өміртайдың жылағаны да онша білінбейді (С. Мұқанов).



3-тапсырма. Мәтіннен үстеу сөздерді анықтап жаз.

Ғалымдардың айтуынша, кітап оқу рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да әжептәуір пайдалы екен. Бүгінде медицина ілімінде үлкен мидың жұмысы бүкіл ағзаға тікелей әсер етеді делінген. Кітап оқу ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетін жоғарылатады. Тұлғаның өзін-өзі дамытуына ерекше ықпал етуші құрал – кітап, ал оның әлемі – кітапхана. Кітапхана – білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы, қасиетті орда. Кітаптың иісі мен тыныштық жайлаған осындай кітапханалар кітапсүйер қауымның сүйікті мекені болып қала бермек.



4-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Наурыз мейрамы

Наурыз – шығыс халықтарының мейрамы. Ол күн мен түн теңесетін 22 наурызға сәйкес келеді. Ұлыстың ұлы күні аталатын осы сәт жыл басы саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ер адамдар бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер бірбірімен құшақтасып, игі тілектер



айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап жеті түрлі дәмнен пісірген наурыз көжеге шақырады. Әдетте осы күні адамдар өкпеніштерін кешіріп, татуласады, өшпенділіктен арылып, ынтымақтасуға ұмтылады. Жастар алтыбақан басында ән шырқап, күй тартады. Дәстүрлі көкпар, аударыспақ, қыз қуу, күрес сияқты ұлттық ойындар ойналады. Таң ата жұртшылық биік төбенің басында шыққан күнді қарсы алады. Жарықтың қараңғыдан, жылудың суықтан, жұмсақтың қаттыдан басым түскен осы жасампаздықтың мерекесінде ауыл тұрғындары бұлақ көздері мен арық-тоғандарды тазалап, аула ішіне, көше бойына тал егуді парыз санайды.

Наурыз мерекесі күні кәрі-жас, ер-әйел, бала-шаға үй-үйді қыдырып жүріп «наурыzkөже» ішіп, бір-бірімен кездескенде, «Жасыңыз құтты болсын! Өмір-жасың ұзақ болсын! Ұрпақтар өмірлі болсын! Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін» деген сияқты игі тілектер айтады. Наурызнама өткізілгенде осы күнге арнап наурыzkөжеге шақырғандарға, тойда өнер көрсеткен ақын, әнші, палуандарға тағы да басқа өнерпаздарға, жас талапкерлерге ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Мысалы, «Өркенің өссін! Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын! Ұлың ойға, қызың қырға қонсын! Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!» деген бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл қауымға, ауылға да беріледі.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан)



5-тапсырма. Өз аймақтарыңда жарық көретін газет, журнал беттерінен «Наурыз» мейрамына арналған ақпаратты жина. Оқылым мәтіндегі деректермен салыстыр.



6-тапсырма. Наурыз батасын оқып, көркем стильдің ерекшеліктерін талда.

Басымызға бас қосылсын, Жасымызға жас қосылсын, Жанымызға жан қосылсын, Малымызға мал қосылсын! Ұлыс шуақ болсын, Құдай қуат берсін, Маңайымыз суат болсын! Жылымыз қызырлы болсын, Мерекеміз дүбірлі болсын!



7-тапсырма. Төмендегі мөлшер үстеулерін қолданып, «Наурыз» мерекесіне қатысты сөйлем құрап жаз.

Соншама әдемі, бірқатар қыздар, осыншама тартымды, біршама қазақ үйлер, мұнша тағамдар, соғұрлым әсерлі, едәуір үлкен, қыруар қаржы.



8-тапсырма. Наурыз мерекесінде жасалатын ұлттық тағам туралы автордың ойын жалғастыр. Өлеңде көтерілген мәселені талда. Наурыз көженің жасалуын диаграммаға түсіріп көрсет.

Бидай көже

Бидай көже қайнаған қазан қандай!
 Наурызда бусанған далам қандай!
 Аппақ-аппақ ұлпа бұлт таранғандай,
 Бунақ-бунақ тіршілік жаралғандай.
 Жеті дәннен жаралған сенің дәмің,
 Жеті үнмен таралған менің әнім.
 Жеті атадан сақталған сыйдай көне,
 Наурыздың ырысы – бидай көже.

(А. Ахметбекұлы)



9-тапсырма. Жұптық жұмыс. Наурыз мерекесіне арнайы жасалатын ұлттық тағамдарға жарнама жасаңдар. Өз сөздеріңде үстеу сөздердің түрлерін қолданыңдар. Бір сөйлемде үстеу сөздерді ең көп орынды қолданған жұптарды анықтаңдар.



10-тапсырма. Екі бағандағы сөйлемдерді сәйкестендіріп жаз.

Наурыз мерекесі –	Өйткені ...
Ынтымақ, татулық, достық мереке	21 наурызда күн мен түн теңеседі, тіршілік жанданады, жан-жануар төлдейді, көктем келеді.
Тазалық мерекесі	Ағаштар отырғызылады, бұлақтардың көздері ашылады, өзендердің арнасы тазартылады.
Табиғатқа қамқорлық мерекесі	Араздасқан адамдар өкпе-реніштерін ұмытып, бірін-бірі кешіріседі, бір-бірінің үйіне барып көріседі.
Жылдың ауысуы, жаңару мерекесі	Үйдің іші-тысы тазартылып, күлқоқыс шығарылып, ескі-құсқы нәрселер аластатылады.



11-тапсырма. Сөйлемдегі үстеу түрлерін анықта.

Таң ата жұртшылық биік төбенің басында шыққан күнді қарсы алады.



12-тапсырма. Мәтіннен үстеу түрлерін тап. Тез әрі нақты жауап берген сыныптасыңды анықта.

Ауыл әйелдеріне тән ибалылықты Әлиман берік ұстайды. Жаулықты кіршіксіз аппақ етіп киеді, бір тал шашын сыртқа



шығармайды. Қолына күміс білезік, жүзік салады. Көйлекті мол киеді. Қарашы, шай ұрттауының өзінде қаншама әдептілік жатыр! Ұрттағаны ернінің ұшын ғана тигізгені тәрізді – түк естілмейді. (Б. Соқпақбаев)



Сын-қимыл (бейнелік) үстеуі

Қимыл-амалдың сапалық белгілерін, өту тәсілін, жай-күйін, амалын білдіретін үстеудің түрі *сын-қимыл (бейнелік) үстеуі* деп аталады. Сын-қимыл үстеулері қалай? қалайша? кімше? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: *әрең, азар, дереу, шапшаң, жылдам, тез, дәл, әншейін, әскерше, қазақша, адамша, бірге, тікелей, біржола, қолма-қол, ауызба-ауыз, емін-еркін, зорға, қапыда, етпетінен, жүресінен, кезекпен, бекер, бет алды, жатпай-тұрмай, бостан-босқа, емін-еркін, шамашарқынша т.б.*



Суреттерге назар аударыңдар. Өз пікірлеріңді айтыңдар.



13-тапсырма. Төмендегі сөздерді қазақтың ұлттық ойындарымен байланыстырып сөйлем құра.

Еркін, әскерше, тез, жылдам, бірге, шапшаң.



14-тапсырма. Сын-қимыл үстеуі қолданылған сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Қайрекең миығынан күліп, қомақталып алды. (*Ф. Сланов*)
2. Оспанмен оңаша сөйлесті. (*М. Әуезов*)
3. Бұл әншейін жол-жөнекей айтылған сөз. (*С. Мұқанов*)
4. Қасына қайта отырғызды. (*Ф. Мүсірепов*)
5. Шу дегенде болатын тосырқаулық та, салқын сыпайыгершілікпен амандасу да біржола жойылды. (*М. Иманжанов*)



15-тапсырма. Мәтінді оқы. Парталасыңмен бірге 5 минутта мәтіннен үстеудің мағыналық түрлерін немесе етіс жұрнақтарын табыңдар. Әр жұп келесі жұпқа өздері терген мысалдарды дәлелдеп түсіндірсін.

Асық ойыны



Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық үй ішінде де, далада да, күндіз де, түнде де ойналады. Ойынға тегіс немесе тақыр жерлер таңдалып алынады. Асық ойындарының ежелден қалыптасқан дәстүрі бойынша үй ішіндегі ойындар және дала ойындары болып екі топқа бөлінеді. Үй ішіндегі ойындарға 4-5 баладан артық қатыса алмайды. Үйде қағу,

қаржу, қарпу, шерту ойындары ғана, ал далада атыс ойындары ойналады. Бұған 5–10 және одан да көп бала қатыса алады.

«Хан» («Ханталапай»). Ойынға екі және одан да көп бала қатыса алады. Әр бала кемінде 5–10 асықтан шығарады, яғни 5 бала қатысатын болса, барлығы 25–50 асық қосылады. Мұның сыртында бір бояулы (қызыл не көк) асық «хан» болып белгіленеді. Ойынға тегіс орын алынады.

Балалардың әрқайсысы бір асықтан алып қосып, оны біреуі шашады. Ойын шарты бойынша кімнің асығы бірінші «тәйке» немесе «алшы» түссе, ол бірінші, екінші түскені екінші, үшінші түскені үшінші, тағы солай кезектесіп ойынды бастайды. Алғаш кезек алған бала барлық асықты қос уысына жинап алып шашып жібереді. Егер «хан» басқа бір асықпен жанасып (тиіп) жатса, «ханталапай» болады. Бұл жерде бір бала «ханталапай!» деп қалуы керек. Сол сәтте, балалар асықты талап алады да, санайды. Алған асық санымен ұпай шығады. «Хан» кімнің қолында болса, келесі ойынды сол бастайды. Мұнда, біреуі ұтып, біреуі ұтылып отырады. Ұтыс ойын аяғында шығады. Әрине, оны әр бала өздері санап отырады.

(*Балалар энциклопедиясынан*)



16-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Тағы қандай қазақтың ұлттық ойындарын білесің?
- Асық ойынының қандай ерекшеліктері бар екен?



17-тапсырма. Көп нүктенің орнына сын-қимыл үстеулерін дұрыс қолданып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

... (қалай?) жүгірді	... (қалайша?) шүйілді	... (кімше?) мәз-мейрам болды
... (қалай?) сөйлесті	... (қалайша?) қаңқылдады	... (кімше?) сап түзді
... (қалай?) тигізді	... (қалайша?) құлады	... (кімше?) сыйласты



18-тапсырма. Суреттерді байланыстырып әңгіме құрап жаз. Өз сөзінде сын-қимыл үстеуін қолдан.



19-тапсырма. Сөйлемдерде кездесетін орфографиялық қателерді емле ережелерге сүйеніп түзетіп, көшіріп жаз.

Қазақтың ұлттық ойындары – ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жеріне біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықта қалыптасқан. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен

алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әртүрлі жаттығу жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Қазақ ұлты негізінен, ортақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына зор мән берген.

(Балалар энциклопедиясынан)



20-тапсырма. Кестедегі ақпаратпен таныс, ойды жалғастырып жаз. Қазақ ұлттық ойындары қандай іс-қимылдар мен қасиеттерді дамытуға баулитынын айтып бер.

Ойын атауы	Шарты	Менің ойымша, бұл ойын ...
Бөрікпен ұру	Ескі бөрік домалақтап буылады. Бөрікті ұстаған адам келесі ойыншыны бөрікпен ұрып дәл тигізсе, ол қашуға айналады. Ойын солай жалғаса береді.	
Тобық жасыру	Екі ойыншының біреуі тобықты жасырады, екіншісі қай уақытта және қандай жағдайда сұрайтынына уәделеседі. Белгілі бір мерзімде тобықты сұрағанда, жасырушы өз бойынан (қалтасынан, саусақ арасынан) алып берсе ұтқаны, тауып бермесе, бәсекеге тігілген затын алады.	



21-тапсырма. Энциклопедия немесе «Қазақтың ұлттық ойындары», «Қазақтың салт-дәстүрлері» кітаптарынан қазақ ұлттық ойындары туралы деректер жина. Тұсаукесер дайында.



22-тапсырма. Өткен сабақтарды есіңе түсір, тапсырманы орында.

Үстеу түрлері	Сұрақтары	Мысал
Мезгіл үстеу		
Мекен үстеуі		
Мөлшер үстеуі		
Сын-қимыл үстеуі		



23-тапсырма. Үстеудің мағыналық түрлерін ажыратып, сөйлемдерді көшіріп жаз. Үстеу сөздерге сұрақ қой.

1. Әрқашан да осылай, ешкім сенбейді маған.
2. Кеше жауабын беремін деп уәде еткен едім.
3. Хадиша киініп те үлгерген, қайтуға әзір тұр екен.
4. Ертең, бүрсігүні не бітіресіз?
5. Міне, бүгін келді.
6. Зорға шыдап, қиналып жатқан адамның кейпі бар.



7. «Кейін, кейін» деп қабылдамайды. 8. Манадан бері неге айтпадың? 9. Бұл әншейін жол-жөнекей айтылған сөз. 10. Қасына қайта отырғызды. 11. Ыза кернеп зорға тұрмын.



24-тапсырма. Автордың кітап туралы ойларын мұқият оқы. Үстеу сөз қолданылған сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген. Бүгінде кітапты таңдай білу, оны зейінді зеректікпен мұқият талдап оқи білу – нағыз өнер. Соншама сөздің, ойдың құдіретін түсініп, одан алған керемет әсерлерді кейінгі өмірлік қажетіңе шама-шарқынша жарата білу қажет. Көз жетпейтін жерге ұшқыр ой жетеді. Ал, сол ойдың жүйріктігін жетілдіретін де, сөзге шешендігін шынықтыратын да – кітап екені ақиқат. Сондай-ақ, оқыған кітабыңдағы айтулы кейіпкерге еліктеудің өзі, тіпті автордың өзі сияқты тұлға болуға құлшыну, бұл – теңдесі жоқ құбылыс. Демек, кітап оқу, бұл – текті кісілікке, адамгершілікке, кемеңгер көрегендік пен мәдениеттілікке қол жеткізу.

(М. Матқан)



25-тапсырма. «Семантикалық карта» стратегиясы бойынша үстеу сөздердің түрлерін талда.

Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар
Мекен үстеуі	Қандай сөздер жатады?	
Мезгіл үстеуі	Мезгіл үстеуіне мысал жаз.	
Мөлшер үстеуі	Анықтамасын жаз.	
Сын-қимыл үстеуі	Мысал келтір.	
Мақсат үстеуі	Синонимдерін жаз	
Себеп-салдар үстеуі	Мысал келтір.	
Топтау үстеуі	Қандай сұрақтарға жауап береді?	
Күшейткіш үстеуі	Синонимдерін жаз.	



26-тапсырма. Сабақта алған біліміңді түстер арқылы айтып бер.

Жасыл: Түсіндім.

Сары: Сұрағым бар.

Қызыл: Түсініксіз.



27-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

(Тарих қойнауында, Ұлы дала ұлағаттары,
Қазақтың үш биі)

Қандай тарихи тұлғаларды білесің? Олардың ел тарихындағы рөлі қандай?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, астарлы ойды анықта.



2-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды анықтап, сұрақтарға жауап бер.

Елбасының «Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ» деген сөзін қалай түсіндірер едің?

- Кімдерді ұлы тұлғалар дейміз?
- Ата-баба мұралары туралы не айтар едің?
- Біз үшін ең маңызды мұра деп нені бағалайсың?



3-тапсырма. Бірінші бағандағы сөйлемді өз сөзіңмен алмастырып жазып, көтерілген мәселені болжап айт.

Мәтін мазмұны	Өз ойы
Демек, жас өскінді ұлан байтақ жерімізді білектің күші, найзаның ұшы, ақылдың амалымен сақтап, бізге жеткізуге үлес қосқан ата-бабаларымыздың өміршең үлгі-өнегесін сіңіру арқылы тәрбиелеу ең абыройлы міндетіміз болып қала бермек.	



4-тапсырма. Мәтінді түсіндіріп оқып, стилін анықтаңдар.

Төле би мен Тайкелтір

Төле бабамыз өзінен кейінгі талай **би-шешендерді** тәрбиелеген ұстаз болыпты. Бұған Тайкелтір шешенді қалай баулығанын дәлел етсек те жеткілікті. Тайкелтір **шешен** жас кезінде жоғалған бір тайлағын іздеп, кездейсоқ Төле бидің үйіне тап болады.



- Ассалаумағалейкүм!
- Уағалейкүмассалам! Кімнің баласы боласың?
- Айдаболдың баласымын.
- Балам, атың кім?
- Тайкелтір.
- Әкең саған болмас ат қойғаны қалай?
- **Тақсыр**, әкем мен жақсы болсам, ата-бабаға атақ-абырой, ат келтірсін, жаман болсам, тай келтірсін деп қойған болар.

Төле би он екі жастағы баладан мұндай жауап күтпеген еді. Баланың тайсалмай жауап беріп тұрғанын ұнатып, қалың қабағын көтеріп тесіле қарапты.

– Балам, бір шаруамен жүрсің бе? Жай ел қыдырып, бел жазуға шықтың ба?

– Бір тайлағым ауа жайылып, желдеп кетіпті, соны іздеп, Шу бойындағы қалың елді сүзіп келемін.

– Балам, тайлағың табылар. Құдай айдап, ойда жоқ жерде біздің үйге кез болдың. Осында қонып, әкеңнің **сыбағасын** жеп кет. Әкең досым еді, ол Шудың аяғын, мен Шудың басын жайлап жатушы едік. Көптен қатыса алмай жүрміз.

– Шүкір, ата, сіз ұйғарсаңыз, қонайын, – дейді бала.

Төле бидің **бәйбішесі** қымызын сапырып, алдын Төлеге ұсынып, екінші **тостағанды** балаға бергізеді, одан соң қымыз төрде жағалай отырған ақсақалдарға беріледі. Төле бидің жас балаға сонша ілтипат көрсеткені, адам тіл қата алмайтын Төлеге баланың тақылдап жауап беруі шалдарға шаншудай тиіпті. Бірақ, Төледен батып ешкім ештеңе айта алмайды. Қымыз ішіліп, дастарқан жиналған соң қонақтарды күтіп жүрген орта бойлы дембелше жігіт бір **сарбасты** босағадан көлденеңдетіп: «**Бата беріңіздер**», – дегенде, төрде күнімен қымыз алып отырған **ақсақалдар** ыңғайланып қолдарын көтере береді. Қонақ бала батаға қол көтермейді.

– Балам, неге қолыңды жаймайсың?

– Мен бұл қойдың батасына қол көтермеймін, – дейді, Тайкелтір байыппен.

Шалдар «неге, неге» десіп қалады. Тайкелтір күле сөйлеп, былай жауап береді:

– Қой сіздерге арналса, баталарыңызды беріп, сойғыза беріңіздер. Ал егер маған арнап әкелінген мал болса, батасын өзім беремін. Әлгінде Төле атамның «әкеңнің сыбағасын жеп кет» деген сөзі бар еді, мен бұл қойдың кімнің сыбағасы екенін түсінбей отырмын.

Төрде отырған қаба сақал қара шал не айтарын білмей, сасқалақтап біресе Төлеге, біресе жанындағыларға жалтақтап қарай береді.

– Өзің бір тақылдаған пәле екенсің!

– Ата, мен пәле емес, баламын.

Бағанадан үндемей сөз сарынын байқап отырған Төле Тайкелтірдің мына сөзінен тосылып, былай дейді:

– Иә, Тайкелтір балам дұрыс айтады. «Әкеңнің сыбағасын жеп кет», – дегенім рас. Айдаболдың осы дастарқаннан жылда жеп жүргені **тоқты-торым** емес, қыста – бие, жазда құлын, тай болатын. Бар! Қойды қоя бер де, жылқыдан бір құлын алып кел!..

(wikipedia.org/wiki)

1. Мәтіннен қандай салт-дәстүрлерді аңғардыңдар?
2. Тайкелтір неге батаға қолын жаймады?
3. Тайкелтірдің қабілеті байқалатын жуық жауапты көрсетіңдер.
А) Сыйлылығы Б) Жалқаулығы В) Даналығы Г) Еркелігі



Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамдағы әртүрлі өзгерістер тілдің сөздік құрамына да әсерін тигізеді. Өндіріс үдерісінде жаңа сөздер пайда болып жатса, кейде кейбір сөздер қолданыстан шығып қалып жатады.



Қолданыстан шығып қалып, тарихи шығармаларда ғана кездесетін, мағынасы көмескі сөздерді **көнерген сөздер** дейміз. Көнерген сөздер екі топқа бөлінеді:

- 1) архаизмдер;
- 2) тарихи сөздер (историзмдер).

Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отыратын, ескіріп, пайдаланудан біржола шығып қалған сөздер **архаизмдер** деп аталады. Мысалы: *отарба (пойыз), аэроплан (ұшақ), жасақ немесе қол (әскер), жатақ (отырықшы), қосын (ұйым)* т.б.

Кейбір сөздер өздері атайтын заттар мен құбылыстардың ескіріп жоғалуымен байланысты сирек қолданылады немесе қолданылудан мүлдем шығып қалады. Көнерген сөздердің бұл түрі **тарихи сөздер** (историзмдер) деп аталады. Мысалы: *қорамсақ, шабарман, сауын айту, сұлтан, ояз, барымта, малай, күң, құл, бай, болыс* т.б.

Көнерген сөздер көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылады. Көнерген сөздердің кейбіреуі тілден мүлдем шығып, қолданудан қалып жатса, кейбіреуі тілімізге қайта оралып жатуы да мүмкін. Мәселен, *бесік құда, жарыс қазан, сәукеле, шапан, мырза, ханым, сарбаз, қазы, бикеш* сияқты сөздер тілімізге қайта оралып, қолданылып жүр.



1-тапсырма. Оқылым мәтініндегі қою әріппен берілген сөздер көнерген сөзге жата ма? Егер көнерген сөз болса, оның қай түрі?



2-тапсырма. Оқылым мәтініне қарапайым жоспар құрыңдар.



3-тапсырма. Ғаламтор мен газет-журналдардан Төле би туралы ақпарат жинап, авторына сілтеме жасаңдар.



4-тапсырма. «Би-шешендердің сөздері – халықтық тәлім-тәрбие құралы» деген тақырыпқа дәлелдемелік эссе (сөз саны – 90) жазыңдар. Эссенің құрамында көнерген сөздердің қай түрінің көбірек қолданылғанына назар аударыңдар



5-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, көнерген сөздердің мағынасын түсіндір.

Аңшы Мүсіреп Есеней байға жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтатпай, киіп кетті:

– Тоқта деген соң, сүйреңдемей тоқта, бала! Ауылыңа сәлем айт, Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жерге таласып әуре болмасын! – деді (*Ғ. Мүсірепов*). Аламандардың киім үлгісі, сауыт-сайман, қару-жарағы да ала-құла. Біреу көбе, біреу бадана, енді біреулері тот басқан ескі кіреуке киіп алыпты (*Қ. Жұмаділов*).



6-тапсырма. Суреттердегі тарихи тұлғалар туралы энциклопедия, газет-журналдардан ақпарат тауып, диалог құрыңдар. Алынған материалдың авторына сілтеме жасап, өз ойларыңмен жалғастырыңдар.



Абылай хан



Әбілқайыр хан



Қасым хан



7-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден көнерген сөздерді тауып жаз. Олардың тарихи сөз немесе архаизм екенін анықта.

Хан енді шетелдерден келген елшілерді қабылдайтын болды. Әр елшіні екі қарынан екі сарай төрешісі қолтықтап ханға қарай

алып жүрді. Елшілер он шақты адым қалғанда оң тізелерін бүгіп, қол қусырып, бастарын иіп тағзым етті. Қапталда отырған уәзірлер орындарынан тұрып, шетелдік меймандарды қолтықтарынан демеп, ханға беттеді, төрт-бес аттаған соң, тағы да кідіріп, тағзым етті. Елшілер уәзірлер отырған сәкіге қарама-қарсы қойылған биік сәкіге барып жайғасты.

(Ә. Кекілбаев)



8-тапсырма. Мәтінді оқы. Жүсіп Баласағұн туралы қосымша мәлімет ізде.

Жүсіп Баласағұн

Қазақ даласынан шыққан ойшылдардың көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны қазақтың тарихы, мәдениетімен сабақтасып, өмір шындығын баяндауымен дараланады.

«Құтты білік» дастаны – өзінің тарихи мәнін еш уақытта жоймайтын рухани мұра. Әділетті басшы басқарған, ізгілік орнаған қоғамда өмір сүру қай кезеңде болмасын, адам баласының ізгі арман-мұраты болған. Әр халықтың өзге жұртқа ұқсамайтын бітім-болмысы, өзіндік тағдырын айқындайтын басты ерекшелігі болады.

Жүсіп Баласағұн өзінің құнды мұрасында адамгершілікті, адалдықты, адамды сүюді жырлайды. Дастандағы негізгі идея – ел мүддесін ойлайтын адал басшының бейнесін көрсету арқылы әділетті қоғам орнату, мемлекетті дұрыс басқару, білімді игеру, ақылды, қанағатшыл және ізгілік, кісілік қасиеті бар тұлға тәрбиелеу. Дастанға тән ерекшелік – адамгершілікті насихаттау.

Ұрпақтан ұрпаққа мұра боп қалған бұл дастанда қоғам туралы, адам баласының асыл қасиеті – ізгілік туралы айрықша жырланады. Ұлттық тәрбие құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіруде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны үлкен рөл атқарады. Өз заманынан озық туған ұлы тұлғаның «Құтты білік» дастаны – тәлім-тәрбиелік құндылықтың қайнар көзі. Бұл дастан адам баласын ізгілікке, имандылыққа үндейді, рухани тазалыққа шақырады.

(Н. Келімбетов)



9-тапсырма. «Құтты білік» дастаны – тарихи мұра» тақырыбына жоба дайында. Жоба мәтінінде көнерген сөздерді пайдаланып, олардың мағынасын түсіндір.

Үлгі:

- Жобаның мақсаты мен міндеттері
- Мәселенің өзектілігі
- Орындалу әдісі және нәтижесі



10-тапсырма. Қазақ халқынан шыққан бір тарихи тұлғаның өмірбаянын жаз. Сөйлем ішінде көнерген сөздердің орынды қолданылуын қадағала.



11-тапсырма. Көнерген сөздерді мағынасына қарай орналастыр. Ережеге сүйеніп дәлелде.

Хан, патша, дүрия, сауын айту, уәзір, би, аға сұлтан, болыс, торқа, биқасап, садақ, жебе, найза, адырна, бесік құда, сауыт, айбалта, барымта, патсайы, лашық, жаппа, шидем, күпі, сәукеле, саптыаяқ, кебеже.

Тарихи сөздер

Архаизмдер



12-тапсырма. Екі мәтінді салыстыра оқыңдар, қолданылған тілдік құралдар арқылы стилін анықтаңдар.

I

Қазақтың ұлы ханы Абылайдың арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Әз Жәнібек, одан соң Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда, інісі Уәли бақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәли бақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жау шақ келтірмейтін батыр болып, «Қанішер Абылай» атаныпты. Осы Абылайдан Көркем Уәли, одан Әбілмансұр туады.

Әбілмансұр «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Жаман тымақ, жалбыр шапанына, өсіп кеткен шашына қарап, Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет сұлтанның жылқысын да бағады. Бұл, Шоқан Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек.

Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, қазақтың ұлы ханы 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. 1730–1733 жылдар аралығында болған бір ұрыста жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың батыры Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» ат қойған Әбілмансұр ұрыстан соң «Орта жүздің сұлтаны» деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды. Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанды.

Әбілмәмбет хан өлген соң, Абылай таққа отырып, қазақтың ханы атанады.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

II

Жиырмаға жетпеген жас Әбілмансұр Есіл бойындағы Атығай-Қарауыл деген елге келіп, Дәулет келді байға жылқышы болып жүріпті. Бай бәйбішесіне айтыпты:

– Өзге жалшыдай көрме, мұны күте гөр! Бойында қасиеті бар екен.

– Қалайша?

– Алты күн, алты түн аш жүрсе де, өз қолымен бір ас құйып ішпейді. Жарты аяқ ас ішсе де, сарқытын біреуге бермей, ішпейді. Жерге бір отыр майды. Дәнеме таба алмаса, киімін шешіп, астына салып отырады... Өзі ұйықтап жатқанда, үсті жап-жарық болып тұрады, жанып тұрған шамшырағы болса керек, – дейді екен.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

1. Абылай хан туралы бұрыннан білетіндеріңді айтыңдар.
2. Мәтіндерде қазір сирек қолданылатын, тек көркем шығармаларда кездесетін сөздер бар ма?



13-тапсырма. Мәтіндердегі көнерген сөздерді қатыстырып 5–6 сөйлем құрастырыңдар. Үстеулердің түрлерін ажыратыңдар.

Абылай қаһарлы хан болумен қатар, дарынды күйші ретінде де белгілі. Абылай хан – «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Майда жел», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы.



14-тапсырма. «Артық болмас білгенің» айдарындағы мәліметті пайдаланып, «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбында сұхбаттасыңдар. Шынайы өмірмен байланыстырыңдар.



15-тапсырма. Берілген ақпараттарды негізге алып, Абылай ханға мінез де, мақал да жазыңдар.



16-тапсырма. Құрамында көнерген сөздері бар мақал-мәтелдер мен өлең жолдарын тауып жазыңдар.



17-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыптық, мазмұндық, тілдік, жанрлық айырмашылығын анықтаңдар.

Бала Абай

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей уезі) Абай ауданында (бұрынғы Шыңғыстау облысы) дүниеге келеді. Ауыл молдасынан оқып жүрген кезінде-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін Семей қаласындағы 3 жылдық медреседен білім алады. Медресенің үшінші жылында «Приходская школаға» түсіп, орысша сауатын ашады.



Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбиесінде болды. Шешесі Ұлжан да ақылды ананың бірі болған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы балаларының ішінде Абайдан көп үміт күтеді. Билікке баулу мақсатында оны оқудан ерте шығарып алады. Ел ісіне, ел билігіне жастай араласқан Абай тез есейеді. Әке тапсырмасымен ел аралап, ел ішіндегі әңгімелер мен билердің шешендік сөздеріне құлақ салып, жадына тоқып өседі.

Абай араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары – Низами, Қожа Хафиз, Науаи, Физули т.б. ақындардың өлеңдерін жаттап өседі. Кейін ол орыс тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Некрасов т.б. шығармаларымен танысады. Соның арқасында дүниетанымын кеңейтіп, білімін шыңдайды. Оқи жүріп, білімін толықтыра жүріп, қырықтан асқан шағында ақындыққа біржола бет бұрды.

Ұлы ақын 1904 жылы қайтыс болды. Сүйегі Жидебай деген жерге қойылды. Қазір сол Жидебайда ақынның өзі тұрған үйде әдеби-мемориалдық мұражайы бар.

(«Абай Құнанбаев» библиографиялық көрсеткішінен)

1. Абай өзге тілдерді неліктен үйренді деп ойлайсыңдар?
2. Абайдың өміріне қатысты басқа қандай дерек айта аласыңдар?



18-тапсырма. Абай Құнанбайұлының қанатты сөздерінен өздеріңе ұнағанын жаттап алыңдар.

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, білгені, көргені көп болған адам білімді болады.

- Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
- Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – ақыл...
- Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...
- Адам баласына адам баласының бәрі – дос.



19-тапсырма. Абай туралы пікірлерді, Абайдың даналық сөздерін негізге алып, екі тапсырманың бірін орындандар.

1. «Мен таныған Абай» тақырыбында хабарламалық эссе (сөз саны – 70) жазыңдар. Эссе жазу барысында көнерген сөздердің қолданылуына мән беріңдер.

2. Абайға қатысты мәліметтер жинап, тек қана көнерген сөздерден тұратын «Кластер» құрыңдар.

Күй атасы – Құрманғазы

Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар.

Құрманғазының бала кезінен-ақ ең айтқыш тілі, ең сезімтал тілі қос ішекті домбыра көмейінен шығатын күй тілі еді. Сондықтанда ол сахараның дәулескер күйшісі, Соқыр Есжанды алғаш көргенде, домбырасының тілі мен ділін түсініп, ұйып тыңдайды. Оның күйлерінен уақыттың ең шыншыл сырын ұғады. Ал Құрманғазыны күй өнеріне баулыған ұстазы Ұзақ болатын. 1830 жылы Исатай Тайманұлы және оның жан досы, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы бастаған Жәңгір ханға қарсы шаруалар көтерілісіне Құрманғазы да қатысады. Сол жылдары, «Кішкентай» деген күй шығарады. 1857 жылы оны түрмеге отырғызады. Сібірге айдатайын деп жатқан жерінен қашып құтылады. Екінші рет, Құрманғазыны Орынбор түрмесіне қамайды, бірақ генерал-губернатор Перовскийдің қолдауы мен құтқарылады. Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң-солын танып, тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейілінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық тауқыметі, ең алдымен, еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Сұм тағдыр Құрманғазыны да от-жалынымен шарпымай өтпеді. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, белгі қалдырып отырған.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан)

1. Құрманғазы өмір сүрген кезең қандай кез еді?
2. Құрманғазы күйлерінің атауларынан нені аңғардыңдар?



20-тапсырма. Екі топқа бөлініңдер. Төмендегі Абайдың өмірбаянын үлгі ретінде алып, Абылай хан мен Құрманғазының өмірбаянын жазыңдар.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы

Туған жері: қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы.

Тұлғалық даралығы: қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ойшыл, жазба әдебиетінің негізін салушы, аудармашы, ағартушы ұстаз, әділ би, заңгер, қоғам қайраткері.

Өмір жолы: Абай медреседе 3 жыл, Семейдегі «Приходская школада» 3 ай оқиды. 13 жасынан бастап әке



ықпалы мен оқудан қол үзіп, ел басқару ісіне араласады... Шығармашылығы: Абай қазақ өлеңі үлгісін жаңаша тұрғыдан байытты. Поэмалар мен қарасөздер жазды. Аудармамен айналысты. Абай поэзиясы өзінен кейінгі ақындарға жаңа серпін әкелді.

Ұлы ақын 1904 жылы қайтыс болды.



21-тапсырма. Берілген сұрақтарға сәйкес «Тарих қойнауында» тақырыбына мәтін жаз, оған қарапайым жоспар құр.

1. Қазақ тарихындағы тарихи тұлғалар туралы қандай ақпарат білесің?
2. Қазақ халқының ұлы тұлғалары туралы қандай шығармаларды оқыдың?
3. Өз еліңді құрметтеу неден бастау алады?



22-тапсырма. Суреттегі тарихи тұлғалар туралы әңгімеле. Мәлімет жинап, мәтін құра. Жетекші сұрақтар арқылы мәтіннің құрылымына назар аудар.



23-тапсырма. «Абай – ұлы тұлға» тақырыбына эссе жаз. Оған қарапайым жоспар құр.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Ұлы Дала» дегенді қалай түсінесің?
2. «Ұлағат» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. Тарихи тұлғалардың өмірі сені несімен қызықтырады?
4. «Өшпестей із қалдырған» дегенді қалай түсінесің?
5. Ұлылықтың мәні неде деп ойлайсың?
6. Отанды сүю деген не?
7. Туған елге пайда әкелу дегенді қалай түсінесің?
8. Тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен еңбектері туралы диалог құрыңдар.
9. Бұқаралық ақпарат құралдарынан, энциклопедия, ғаламтордан тарихи тұлғалар туралы мәлімет жина. Жинаған ақ-

параттарыңа сәйкес сұрақтар құрастыр. Оларды пайдаланып, ойбөліс өткізңдер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығына мән беру;
- фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өз көзқарасын дәлелді жеткізу;
- ақпараттардың шынайылығын тексеру.



24-тапсырма. Әр тұлғаны өзі өмір сүрген замандағы ең маңызды тарихи оқиғамен байланыстырып, сипаттап жаз. Тұлғаларды тарихи оқиғаға орай, ретімен орналастыр. Сөйлемдеріңде үстеулердің түрлері болса, астын сыз. Оларды түсіндір.

Тарихи тұлға	Өмір сүрген дәуіріндегі тарихи оқиға
Абай Құнанбайұлы	
Бауыржан Момышұлы	
Әлихан Бөкейхан	
Құрманғазы Сағырбайұлы	



25-тапсырма. Мәтінді оқы.

Иә, атам шексіз бай адам! Өзінің алып жүрегімен, қара қылды қақ жарған шыншылдығымен, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып сақталатын інжу-меруерт сөздерімен, қайталанбас қайшылықты өмірімен бай болатын. Атамның әділет пен шындық жолындағы шайқасы әлі де жалғаса береді, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді. Мансапқорлық, екіжүзділік, тоғышар көлгірліктерге қарсы ұстанар әділеттің алмас қылышы болып таныла береді.

Атам суретті жақсы салатын, өзінің автопортретінің бірнеше түрі бар, бәрі тамаша шыққан. Әр дәптерінің бетінен сурет кездестірмей қоймайсыз. Оны былай қойғанда эскиз, сюжетті суреттері де біршама, маман суретшілердің өздері көңіл бөлуге тұрарлық дүниелер.

Атамның ана тілі, домбыра жайында мынадай айтқаны бар: «Өзге тілді білу сенің артықшылығың, ана тілін білу – міндетің. Домбыра – қазақтың қасиетті дүниесі. Өздерің тарта алмасаңдар да, қадірлей біліңдер».

Атам өзгенің бойындағы жақсы қасиеттерді көре білетін, соны өзінің жетістігінен артық бағалайтын. Атам Ұлы Отан соғысының



сұрапыл жылдарында ерліктің отты тұлпарымен даңқтың шыңына шықты. Кейін қаруын қаламға айырбастап, азаматтық өмірге ауысқанда, халық қорына қосылатын әдеби шығармаларымен өз биігіне тағы көтерілді.

Қазір арамызда атам жоқ, бірақ «артында баласы қалса, көзі қалады да, сөзі қалса, өзі қалады да» дегендей, атамның өзі де, сөзі де арамызда. Сондықтан, бұлар әкеміздің бар кезіндегідей үйімізден кісі үзілмейді. Ырым әлі жалғасып жатыр.

(3. Ахметова. «Шуақты күндер» кітабынан)



26-тапсырма. Тарихи тұлғалар туралы көрген кинофильм, драмалық қойылым немесе әдеби шығармадан алған әсеріңді баяндап жаз.

27-тапсырма. Тарихи тұлғамен кездесуің жайлы қиялыңды ой елегінен өткізе отырып, кестені толтыр.

Тұлғамен кездесу			
Кіммен сөйлесемін?	Не жайлы сөйлесемін?	Қандай сөз тіркестерін қолданамын?	Қандай нәтижеге жетемін?



28-тапсырма. Абайдың сегізінші қарасөзін оқы. Ондағы үстеулердің түрлерін тауып жаз. Мағынасына қарай, тарихи сөздер мен архаизмдерге ажыратып түсіндір.

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығынданып, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? – деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, Құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, Құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді

қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ – солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алып келіп мақтанға орналастырғанша қашан? Қолы тимейді. Енді ұры-залым, сұм-сұрқия өздері де тыңдамайды.

Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қыласың? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» – дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек.

Қазақтың үш биі

Сұрақ:

1. Қазақтың үш биі деп кімдерді айтамыз?
2. Қазіргі заманның билері деп кімдерді атауға болады?



29-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Ақпаратты есте сақтауға тырыс.



30-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша дұрыс жауабы бар үш сұрақ және дұрыс жауабы жоқ бір сұрақ дайында. Сұрақтарды сарала.



31-тапсырма. Мәтінді оқы.

Төле би – қазақ халқының мемлекет қайраткері, атақты шешен. Ол қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Он бес жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады. Ол Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлармен халық майданын құрып, қазақ жерін басқыншылардан азат етуге көп күш жұмсаған.

Төле би Орта жүздің биі Қазыбек, Кіші жүздің биі Әйтекемен бірге өз Тәуке ханның кеңесшісі болып, «Жеті жарғы» әділет заңын шығарды. Халық оны көзі тірісінде «Қарлығаш Әулие» деп атаған. Төле би өзі 12 жыл билеген Ташкент қаласында жерленген. Алматыда бидің атында көше бар. Ал, Астанада оған ескерткіш орнатылған.

Қазыбек Келдібекұлы – XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақтың атақты биі, қоғам және мемлекет қайраткері. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі етіп сайлаған. Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған. Қазыбек ел арасында «Қаздауысты Қазыбек би» атанған. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер, биден жеткен шешендік сөздер, оның өз заманында білімді, жетелі, халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін мол меңгерген озық ойлы, батыл адам болғанын көрсетеді.



Әйтеке би – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әйтеке бес жасында молдадан оқып, сауатын ашқан. Одан соң, медреседе оқыған. Медресені аяқтаған соң, ел басқару ісіне араласа бастайды, жасында Бұхара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болды. Ал, 25 жасында оны Кіші жүз халқы, бас би етіп сайлады. Әйтеке би орталықтандырылған біртұтас Қазақ хандығын құру ісіне белсене атсалысты. Қазақ елінің тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршысы болды.

(«Елтұтқа» кітабынан)

32-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрап айтып бер.



33-тапсырма. Оқылым мәтінінің үш бөлігінен бір жинақы мәтін құрап жаз. Үстеудің түрлерін тауып, оларға анықтама бер.



34-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді ретімен орналастыр.

Әйтеке би орталықтандырылған біртұтас Қазақ хандығын құру ісіне белсене атсалысты.	
Төле би он бес жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады.	
Қазыбек ел арасында «Қаздауысты Қазыбек би» атанған.	
Қазақ елінің бірлікте тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршысы болды.	
Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі етіп сайлаған.	



35-тапсырма. Өлеңді көшіріп жаз. Оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырып, басқа топқа беріңдер. Мәтіннің бөліктерін мазмұнына қарай ретімен орналастырып, көтерілген мәселені болжаңдар.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат.
Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат.

(Қазыбек би)



36-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріп жаз. Бұл кімнің сөзі екенін тап.

Біз қазақ деген	қашпасын деп,
Ешкімге соқтықпай,	ешбір жау баспасын деп,
Елімізден құт-береке	мал баққан елміз,
Жерімізді	үкі таққан елміз.
Найзаға	жай жатқан елміз.



37-тапсырма. Төмендегі нақыл сөздердің авторын тауып жаз.

1. Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса,
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса.
2. Би екеу болса, дау төртеу болады.
3. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ.
4. Бірлік бар жерде тірлік бар.



38-тапсырма. Ташкент қаласында қазақтың бас биі Төле би кесені орнатылған. Кесене алдында тұрып, бабалар аманатына адал елдің ұрпағы екендігіңді ой-қиялыңмен қалай жеткізер едің? Монолог құрастыр.



39-тапсырма. Алаш арыстары туралы алған білімдеріңді «ББТЗО» кестесіне түсіріңдер.

Б (білемін)	Олар туралы мен не білемін?
Б (білгім келеді)	Нені білгім келеді?
Т (табу)	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?
З (зерделеу)	Нені зерделеу керек?
О (одан кейінгі іс-әрекет)	Одан әрі не істеу керек?



40-тапсырма. Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым бөлігіндегі әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

✓	–	+	?
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

(Жеті ата – елтанудың бастауы, сүйінші, сәлем беру – салтымыз, жолашар мен тоқымқағар, қауышу күні)

Көмекші етістік туралы түсінік. Мәтін құрамында берілген көмекші етістіктерді (еді, емес, екен, деп, десе, деген, дер) анықтау, олардың мағыналарымен танысу.

«Мен Президент болсам» тақырыбында ауызша/жазбаша мәтін құрау.



Көмекші етістік – толық лексикалық мағынасы жоқ, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қолданылатын етістіктер. Қазақ тілінде 4 көмекші етістік бар: е (еді, екен, емес), жазда, ет, де (деді, деген, десе, дейді). Мыс., Жаманға жүзің салма малды екен деп, жақсыдан күдер үзбе жарлы екен деп (ел аузынан). Жеке тұрып лексик. мағына білдіре алмайтын, сөзге әр түрлі грамм. мағыналар үстейтін мұндай көмекші етістіктер *мәнсіз көмекші етістіктер* деп аталады. Қазақ тілінде толық лексик. мағынасы бар бірқатар етістіктер әрі негізгі, әрі көмекші етістіктер мәнінде жұмсалады. Қазақ тілінде мұндай отызға тарта етістік бар: ал, бар, бер, бол, жібер, кел, кет, т.б. Мыс., қал (*негізгі етістік*) – айтып (К. е.), қой (*негізгі етістік*) – айтып (К. е.), жөнел (*негізгі етістік*) – жүгіре (К. е.). Лексик. мағынасынан айырылып, көмекші етістік мәнінде жұмсалған мұндай етістіктерді мәнді көмекші етістіктер дейді. Мыс., Бір күні ел көшкенде, қыр астында ойнап жүріп, екеуі жұртта қалып қойыпты (Ы. Алтынсарин). Көмекші етістік негізгі етістікке есімше, көсемше тұлғалары арқылы тіркеседі: айтып қой, жаза сал, бара жатыр.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, әңгіме авторының кім екеніне болжам жасаңдар.

Әкем маған ата-тегімізді үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.

– Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш

– Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ, ең алдымен, атымды сұрайтын.

Содан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Елтанудың басы осылай басталатынын ол кезде кім білген.

1. Бас кейіпкерге жеті атасын кім үйретті?

2. Қонақтар неге баланың жеті атасын сұрайды?

Жеті атаның өз атаулары бар. Төменнен жоғары қарай: бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата деп аталады. Ал жоғарыдан төмен қарай: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Өрі қарай жүрежат, жегжат, жұрағат, қаймана деп кетеді. Қазақта туыстықтың шегі жоғарыдағы «жеті атамен» аяқталады.

(Зейнеп Ахметова)

❖ **Қаймана** – еш қатысы жоқ, көлденең, бөгде. Мысалы, қаймана қазақ.

❖ **Туажат** – бір атадан тараған жетінші ұрпақ, неменеден туған бала.

❖ **Аманат** – 1. Біреуге уақытша сақтауға я екінші біреуге тапсыруға берілген зат. 2. Орындауға, істеуге тапсырылған міндет.



2-тапсырма. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Өз жеті аталарыңды жазыңдар.

2-деңгей. Мәтіндегі «елтану» сөзіне «Кластер» құраңдар.

3-деңгей. «Жеті атаны білу қажет пе?» деген тақырыпта өз ойларыңды ортаға салып сұхбаттасыңдар.



3-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтел дердің мағынасын түсіндіріңдер.

- Жеті атасын білмеген жетесіз.
- Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары.
- Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер.
- Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елді білер.



4-тапсырма. «Жеті ата» туралы ата-анаңмен әңгіме жүргізіндер, мақал-мәтелдерді қатыстырып, диалог түрінде жазыңдар.

СӘЛЕМ БЕРУ – САЛТЫМЫЗ



5-тапсырма. Мәтіннен көмекші етістіктерді табыңдар.

Таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты аттарын қан сорпа қылған қалпында кешкі екінті кезінде Көкқайнардағы Құнанбай ауылына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған ауылына кеп жетіп еді.

– Қалашылар, қалашылар келеді!

– Анау Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деп тағы бірі үлкен үйге қарай ұмтылысқан.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде, алдарында, үлкен үй мен қонақ-үйдің арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр. Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ-үйдің сыртында әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықтан қысылып қалған бала әкесіне қарай тез бұрылды.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады...

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді. Абайдың күткені де сол еді...

Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын, Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді...

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді.

Кәрі әжесі – Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде:

– Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсең-деп, жылауға айналып кетті.

(Мұхтар Әуезов)

- ❖ **Екінті** – түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл. Бес намаздың бірі.
- ❖ **Соқталдай** – үлкен, дәу, еңгезердей.
- ❖ **Қан сорпа қылды** – әбден титықтатты, терлетті.

1. Өңгімеден сәлемдесудің қандай жөн-жосығын байқадыңдар?
2. Абайды «Телғара» деп атауынан қазақтың қандай әдет-ғұрпы байқалады? Неге оны өз атымен атамаған?
3. Зере әжесінің «жаман неме» деуі неліктен? Немересін қандай сөздермен, қалай еркелеткен?

Жолашар, тоқымқағар



6-тапсырма. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Стилін анықтаңдар.

Қазақ атам қашанда қара жолды қадірлеп, жолаушыны құрметтеген. Жолмен жолаушыға байланысты ырым-жоралғыларды, дәстүрлерді қалыптастырған. Сол ырым-ты йымдардың, жоралғы-дәстүрлердің әрқайсының ізгі тілеуі, ақ ниеті бар. «Жолы болсын», «сапары сәтті болсын», «жолы ашық болсын» деп, алыс жолға жүретін адамға «жолашар», «жолаяқ» деп аталатын дәстүрді жасап, шығарып салады. Адамы жолаушы жүретін отбасы бір малын сойып, ауылдағы үлкен-кішіге дастарқан жаяды. Қариялар жолаушыға арнап, бата береді. Бата адамға рухани күш-қуат береді, көңілге – медеу, жүрекке – сенім. Ал сенім – ұлы күш.

Жас адамның қара шаңырағына, үлкен үйлеріне кіріп, тізе бүгіп, дәм ауыз тиіп шығатын салт және бар. Жолаушының анасы не апа-қарындасы бір жапырақ нанның шетінен тістетіп алып қояды. Бұл «дәм тартып, отбасына есен-сау оралсын» деген ниеттен шыққан. Кейін жолаушы келгенде сол нанды қатып қалса да жейді. Сонымен, жолаушыны бүкіл ауыл аттандырып салады.

Сапар барысында жолаушының межелеген жеріне жетуі, одан ойға алған ісін орындап, сау-сәлемет үйіне оралуы – өзіне де, айналасына да зор қуаныш. Сол мерейлі күнге үмітпен қараған отбасы «ай жүрсе де, аман оралсын, ел-жұртына қайта қауышуға жазсын» деп, «тоқым қағар» дәстүрін жасайды.

Жолаушының келер мезгілі таяғанда не кешіге бастағанда әйелдер жағы дастарқан әзірлеп, ауылдастарын шайға шақырады. Үйден тоқым алып шығып, «жолда ұзақ жүріп, тоқымың шаң болып қалыпты ғой» деп, қағып-сілкіп ырымдайды. Жолаушы сапардан келгенде үлкен-кіші алдынан шығып, атын ұстап, сәлемдесу ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз. Қазір көбінесе «келуіңізбен» деп жатады. Бұл да тұжырымды, қысқа сөз. Ең бастысы, дәстүр жалғасып жатыр.

(Зейнеп Ахметова)



1. Жол мен жолаушыға қатысты ырым-жоралғылар сендерге қандай ой салды?
2. Жолашар, жолаяқ дәстүрлері қандай тілектен туған?
3. Тоқым қағар деген не? Ол қалай жасалады?



7-тапсырма. Жолаушыға айтылатын тілектерді бөліп жазыңдар.

Шығарып салғанда	Күтіп алғанда

Қауышу күні



8-тапсырма. Мәтінді оқыңдар, осы мейрам туралы бұрын оқыған мәліметтеріңмен бөлісіңдер. Авторына сілтеме жасаңдар.

Көрісу («амал мерекесі» деп те аталады) – Қазақстанның батыс өңірі мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында сақталған ежелгі дәстүр. Осы аймақ тұрғындары 14-наурызды «Көрісу күні» деп атайды. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Ағайын-туыс, көрші-қолаң бір-біріне «жасың, жылың құтты болсын!», «жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, бір-бірін асқа шақырып, амандық-саулық, құт-береке тілейді.



Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені, көрісу салты бір күннің аясы мен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептер мен 14-наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс.

(«Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясынан)

1. Көрісудің қандай мәні бар?
2. Көрісу мейрамының бүкіл Қазақстанда тойлануына қалай қарайсыңдар?

3. Амал мерекесінің Қазақстанның батыс өңірінде ғана сақталуының себебі неде деп ойлайсыңдар?
4. Ата-анаң мен ата-әжеңе, ұстазыңа Наурыз мейрамына орай құттықтау хат жазыңдар.
5. Көрісу мерекесі өзің тұратын өңірде тойлана ма? Бұл мерекенің маңызы бар ма, әлде тойламай-ақ қойса да бола ма? Екі топқа бөлініп, пікір таласыңдар.
6. «Наурыз мейрамы қай елдерде тойланады?» деген тақырыпта мәтін дайындаңдар.



9-тапсырма. Мәтінді оқып, ауызекі сөйлеуге тән сөз қолданыстарын табыңдар.

Сарқыт

Күздің қоңыр салқын кеші. Есік алдында кітап оқып отыр едім, телефон шылдырлады. Жүгіріп ішке еніп, тұтқаны құлағыма тостым. – Мамытбек, – деген Баукеңнің таныс, қоңыр дауысын есітіп, тұла бойым шымырлап, жүрегім дүрсілдеп кетті. – Халің қалай? – Шүкіршілік. – Ертең жексенбі, қолың тие ме? – Тиеді. – Онда, тыңдағын. Өнеу күнгі мерекелік ақсақал: «Жолымыз болмай, балаларымыз оқуға түсе алмай жүрді. Сіз бата берген соң оқуға түсті», – деп, мана таңертең үйіме кеп, 50 сом ұсынса бола ма? «Ақсақал, бата еш уақытта сатылмайды. Мен бар болғаны тілектес сөзімді ғана айттым. Ақшаңызды алмаймын. Бізде мұндай әдет жоқ», – десем: «Қолымызды қақпаңыз. Бұл – біздің ықыласымыз. Алмаймын, дегеніңізге келіспейміз. Біз, сол ілгергі бабаның жолын қуғандықтан, сізге ат не түйе мінгізуіміз керек еді. Ауыл іргесі алыс. Ырымымызды қабыл алыңыз», – деп, қоштасарда әлгі ақшаны кітаптың арасына салып, үстел үстіне тастап кетті. ...Сен қалам, қағаз сатып алып жүрсің. Жазғаныңды ақша төлеп, тасқа бастырасың. Оның бәрі – шығын. Ақсақалдарда «сарқыт» деген ырым бар. Соның 20 сомын саған сыйлағым келіп отыр. Баяғыда шалдар бір жерден екі-үш сом тапса, дүкенге барып майдалап, балаларға бес, он тиыннан бөліп беріп: «Бұл – үлкен адамдардың сарқыты. Бұдан ешкім байып та, жарлы боп та қалмайды», – дейтін. Уақыт тапсаң, ертең келгін. Жақсылық жасау қолымнан келмесе де, ешкімге зияндық жасамау керек деген ұстанымымды білесің, – деп, Баукең әңгімесін аяқтады. Ертеңінде Баукең екеуміз кездестік. – Мынау – саған деген сарқытым, – деп, қарсы болғанымға қарамай, 20 сомды жан қалтама салды...

(Мамытбек Қалдыбай)

1. Ақсақалдың батырға ықылас білдіруінің себебі неде?
2. Сарқыт қандай жағдайларда беріледі?
3. Батыр Бауыржанның ұстанымы туралы не айтасыңдар?



10-тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндегі *еді, емес, екен, деп, десе, деген, дер* сөздерді теріп жазып, көмекші етістіктерді ажыратыңдар.

2-деңгей. «Ата-бабаның жолы» дегенді қалай түсінесіңдер? Пікір білдіріңдер.

3-деңгей. «Көгентүп», «Байғазы» дәстүрлері туралы мәлімет тауып, диалог құрастырыңдар.

Қазақтың дастарқаны

Мәтінді оқып, стильдік ерекшелігіне мән беріңдер.

Дәм таттыру

Қазақтар асты «дәм» деп атайды. Халық арасында біреуді еске алғанда «дәмдес болып едік», «үйінен дәм татып едік» деп, ренжігенде, өкпелегенде «дәмтұзым атсын», «дәм-тұзыма салдым» дейді. Бұл сөздердің ұлт тұрмысы мен өмір жолында, таным түсінігінде, наным-сенімінде өзіндік дара орны бар.



Өйткені, әр қазақ өздерінің жақын-жуығы мен ілік-жегжаттарына ғана емес, ел сыйлаған белгілі, құрметті азаматтарға, қадірлі ақсақалдарға, ана-әжелерге өз үйінен арнайы дәм татқызуды үлкен мұрат, адамдық парыз деп санаған және ол жолдан күні бүгінге дейін тайған жоқ. Тек таныстар емес, кез келген жолаушыға, бейтаныс кісіге де дәм татқызбай жібермеген. Себебі, ұлт ұғымында дәм де, ас та, тамақ та кие, қадір-қасиет, ырыс-береке, тірлік бар деген, терең түсінік тым ертеден-ақ қалыптасқан. Дәм таттырудың қоғамдық, әлеуметтік, елдік істерде қызметі өте зор болған. Ең алдымен, әдейі шақырып дастарқаннан дәм татқызу – ата салт, қазақи тәртіп әрі жол-жоралғы, әдеп. Екіншіден, ол – сыйлаудың, аса құрметтеудің, жақсы көңілдің айғағы. Үшіншіден, қай жерде де, қандай күнде де сыйласып, қорған, қамқор, тілектес бола жүрудің кілті. Дәмдес болған адамдар, бір-біріне ел дәстүрі бойынша қиянат жасамайды, жоғалғанын іздеседі, табысына қуанады. Қуаныш, қайғысына да ортақтас болады. Бұл – ғасырлар бойы, санаға сіңген салиқалы салт, бұлжымас әдет. Демек, дәм татқызу, дәм тату – таза адамгершілік, достық, бірлік белгісі және куәсі. Бұл жақсы үрдіс халықпен бірге жасайды.

(«Қазақтың дарқан дастарқаны»)

1. Дәм таттырудың қандай мәні, маңызы бар?
2. «Ғасырлар бойы санаға сіңген салт» дегенді қалай түсінесіңдер?

«Артық болмас білгенің» мәтінін негізге алып, «қонақасы», «сыбаға» дәстүрлеріне анықтама беріңдер.

11-тапсырмаларды орындандар.

1-деңгей. Мәтіндердегі ақпаратты негізге алып, көмекші етістікке 4 сөйлем жазыңдар.

2-деңгей. Мәтіндердегі негізгі ойды білдіретін мақал-мәтелдер тауып жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

3-деңгей. «Қазақтың дастарқаны» тақырыбында ой толғау жазыңдар.



12-тапсырма. Жағдаяттық тапсырманы орындандар. Үйде үлкендер жоқта аяқ астынан алыстан қонақтар келді делік. Қонақтарды қалай қарсы алып, қалай күтесіңдер?

Дастарқанға берілетін бата түрлерін жазып, жаттап алыңдар.

Наурыздағы бата-тілектер



13-тапсырма. Мәтінді оқып, көркем сөйлеу мен ауызекі сөйлеуге тән ерекшеліктерге назар аударыңдар.

Жұрт көктемгі егіске қамдана бастады. Ағам балта-балғасы қолынан түспей, соқа-саймандарын жөндеумен жүр.

Әр үйдің алдында үлкен қара қазан асылып, наурыз көженің иісі шығады. Ырыс алды, кеңшілік басы, молшылық жолы осы наурыз көжеден басталатындай, бұл күні еш әйел қазанына таршылық жасаған емес. Қайда барсаң да, қатығы мол бидай көжеге қарық боласың. Ел жаңа жылын, жарқын кезеңін осылайша ашық пейіл, ақ жарқын көңілмен қарсы алады екен.

Онсыз да қонақжай халқымыз, әсіресе наурыз күні қабақ шытқан емес. Қай үйге болсын қаймықпай кіріп, қалаулы қонағындай төрінен орын аласың. Ел топ-тобымен қыдырыстап, дастарқан үстінде ортақ тілектерін тоғыстырады.

– Аман-есен Наурызға жеткізгеніңе шүкір, Алла. Көрер күніміз, еститін жырымыз бар екен де. Келесі Наурызға да төрт көзіміз түгел жетейік, – десетін.

Келген қонақтар наурыз көжені салт бойынша түгелдей тауысып шығуы керек. Кейбір әзілқой әйелдер осындайда құрбы-құрдастарын аспен «жазалауға» тырысатын. Өзінің қалжыңдасып жүрген адамына наурыз көжені үлкен шараға құйып әкеледі. Әлгі құрдасы азаптанып отырып, шарадағы көжені әрең тауысар еді. Өзгелері күлкіге қарық болатын. Оның үстіне дастарқан иесі құрбысына тілек айтқан болып әзіл дейді.





– Ише ғой, көк жалым, іше ғой. Тілегімнің зор екенін көрдің ғой. Өзгелерден артық деп, жөнің бөлек деп, сыбағанды асырып отырмын. Несібең алдыңдағы шарадағы дәннің санынан да артық болсын, – деп күледі.

– Ниетіңе рақмет, айналайыным. Бұл жақсылығыңды ұмытпаспын, – деп, міңгірлейді. Қасындағы кісілер одан сайын күлкіге мез.

– Тезірек алсаңшы, суып қалады ғой. Бағың суымасын десең, наурыз көжені ыстықтай ішер болар, – деп қоймайды әйел.

Жігіт көжені ұрттай береді, ұрттай береді. Ол осылайша, көжемен арпалысып отырғанда, өзгелері күлкілі әңгіме айтып, қызықты шежіре қозғап, ән салатын. Салтанат алды басталғанын сезіп, бала-шаға шексіз қуанушы едік.

(Бауыржан Момышұлы)

1. Наурыз мерекесінде қандай ас әзірлейді?
2. Наурыз мерекесінің басты нышаны деп нені айтуға болады?



14-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындандар.

1-деңгей: Әңгімеде кездесетін бата-тілектерді теріп жазыңдар.

2-деңгей: Мәтінге ат қойып, жоспар құрыңдар.

3-деңгей: Қазіргі Наурыз мейрамы туралы шағын мәтін жазыңдар.



15-тапсырма. 1. Достарыңды Наурыз мерекесімен құттықтап, құттықтау хат жазыңдар. 2. Наурыз мерекесімен бірге жүретін нышандары – Қыдыр түні, наурыз көже, наурыз төлі, наурызкөк (құс), наурызша (қар), наурызшешек (гүл) туралы мәліметтер қарастырып, таныстырылым жасаңдар.

ӨЗ ДЕПУТАТЫҢДЫ ТАНИСЫҢ БА?

(депутаттың міндеттері, аудандық депутаттар)

Берілген тақырып бойынша депутатқа жеке хат жазу, тақырыпқа сәйкес тілдік құрылымдарды қолдану ережелерін сақтау, жеке хаттың мазмұны мен сыртқы түріне сыни, шығармашылық көзқараспен қарау.

«Егер мен депутат болсам...» тақырыбында диалог құру. (Тіл мәдениеті негізінде).

Депутаттың міндеттері

Депутат – Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасына сайланған және «Өзбекстан Республикасына сайлау туралы» Өзбекстан Республикасының Заңына сәйкес

Өзбекстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы тіркеген Өзбекстан Республикасының азаматы. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі».

Депутат Заң шығару палатасының өкілеттік мерзіміне сайланады.

Депутат Заң шығару палатасында тұрақты негізде жұмыс істеуге міндетті және өз өкілеттігі кезеңінде ғылыми-педагогикалық қызметтен басқа ақы төленетін өзге де қызметпен айналыса алмайды.

Депутат, тиісінше, Заң шығару палатасының отырысында қаралатын барлық мәселелер бойынша шешуші дауысқа ие.

Депутат:

- палата органдарына сайлауға және сайлануға;
- палата отырысында қарауға мәселелерді ұсынуға;
- палата отырысының күн тәртібіне, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен осы мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар мен ескертулер жасауға;
- қаулылардың жобалары мен оларға түзетулер;
- палата құратын органдардың құрамы және сайланатын, тағайындалатын немесе бекітілген лауазымды тұлғаларға кандидаттар туралы түсініктеме беру;
- талқылауға қатысу, баяндамашы мен төрағаға сұрақтар қою;
- парламентке жүгіну;
- өз ұсыныстарын негіздеу және дауыс беру себептерін түсіндіру үшін сөз сөйлеу;
- палата төрағасына өз сөзінің мәтінін, палата жиналысында талқыланған мәселе бойынша ұсынысын немесе түсіндірмелерін беруге;
- өзі палатаның мүшесі болып табылатын, тиісті органның шешімімен келіспеген жағдайда, палата жиналысында өз ұстанымын білдіруге немесе бұл туралы Заң шығару палатасының Төрағасына, Сенат Төрағасына жазбаша хабарлауға;
- палата жиналысында есепшінің немесе оның бақылауындағы кез келген органның немесе лауазымды адамның есебін немесе ақпаратын тыңдау туралы ұсынысты Палатаға енгізуге;
- Өзбекстан Республикасы заңдарының орындалуын, сондай-ақ Палата шешімдерінің орындалуын қарауға мәселелер ұсыну;
- палата мәжілістерінің стенограммаларымен танысу;
- азаматтардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған немесе заңнаманы өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, олар тиісті органдар мен лауазымды тұлғаларға оларды тоқтату үшін дереу шаралар қолдануды өтініп, жүгінуге құқылы.



1. Ой ўшқындары

Тақырып: Депутат – халық таңдаушысы

сайлау
депутаттық
бағдарлама
халықпен
кездесу



сайлаушылар
шешу жолдары
әлеуметтік мәселелер

• **Жоспар:**

I. Кіріспе

Депутат тұлғасы және оның бағдарламасы

II. Негізгі бөлім

1. Халық және депутат
2. Денсаулық саласындағы өзекті мәселелер

III. Қорытынды

Елге беделді депутат қажет

Тақырып мазмұны:

1-бөлім	<p>Кіріспе Депутат – білімді, шешен адам. Ол өзінің депутаттық бағдарламасын ұсынады. Бағдарламаның басым бағыттары: 1. 2.</p>
2-бөлім	<p>Негізгі бөлім: Депутат – халық таңдаушысы. Оны халық Өйткені Депутаттар денсаулық сақтау мәселесін ең басты орынға қойып отыр. Әсіресе, ана мен баланың денсаулығын сақтау, Денсаулық сақтау саласына қомақты қаржы бөлініп жатыр. Біріншіден, Екіншіден,</p>
3-бөлім	<p>Меніңше, Қортынды. Депутат болу оңай емес. Себебі, Елімізге халықтың жағдайын ойлайтын, беделді депутат қажет. Қорытындылай келе</p>





2-тапсырма. Сабақта алған білімді түстер арқылы айтып бер.

Жасыл: Түсіндім.

Сары: Сұрағым бар.

Қызыл: Түсініксіз.



3-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Төмендегі үлгі бойынша эссені аяқтаңдар.

«Ой ұшқындары» және оның құрылымы (5 мин)	– белгілі бір тақырып бойынша ойын тарату (тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестері)
Жоспар (5 мин)	1. 2. 3.
Эссе мазмұны (40 мин) Сөз саны – 250	– мәселенің өзектілігі – өз ойын дәлелдеу – ой түйінін жазу



Үй тапсырмасы:

1. Жазған эссе бойынша полилог құрыңдар.
2. «Депутат – халық таңдаушысы» тақырыбында шағын мәтін жаратыңдар.

Пысықтау сабағы
Бақылау жұмысы және талдау



XI БӨЛІМ. ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДА ҚАЙТАЛАУ

Бұл сағаттар бойынша жыл бойы оқушылардың оқу, тыңдау, сөйлеу және сөйлеу дағдыларын тексереді. Тест нәтижесі бойынша қосымша тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

«Қазаққа қонақ келсе құт қонады»



1-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлем құра.



2-тапсырма. Берілген сөздерден сөз тіркесін жаса.

Қонақ, қымыз, бойжеткен, ас иесі, ниет, өнер, жолаушы, құда, бұйымтай, дәстүр, ел, нақыл, ой-пікір, ұрпақ, дүниетаным.



3-тапсырма. Оқы, қайтала.

Ас, бата, әке-шеше, ғұрып, гүл, денсаулық, ерулік, жілік, инабат, көріскенше, қонақжай, мейман, ниет, ой, пікір, рас, рәсім, той, ұзату, шашу.



4-тапсырма. Төмендегі берілген әріптерден комбинация әдісімен қанша сөз жасауға болатынын жазып көр.

Д, Ү, Р, Б, А, Е, Қ, Ә, Ғ, Ң, І



5-тапсырма. Жақша ішінде берілген буындарды қатыстыра отырып, әрқайсысына екі сөзден құра.

(-шы, -мы, -жы, -ры, -сы, -бы, -ты)

ГРАММАТИКА

Мысалы:

❖ Қазақ арнайы қонақ шақырып, той жасағанда келуші кісілер саны оннан аспаса – бір семіз марқа, жиырма болса – тоқтылы қой не екі үлкен ту қой, отыздан асса – бір құлын не тай сойылады.

❖ Құда түсу үшін көз салу осындайдан басталады.

❖ «Адам болар бала қонаққа үйір» деп халық тегін айтпаған.

❖ Осындай үлкен-кішілердің арасындағы қарым-қатынастарға қатысу арқылы бала әңгіме тыңдап, ән айтудың, демалудың бір түріне, оның дәстүрлі әдеттеріне жастайынан үйренген.



6-тапсырма. Грамматика бойынша тақырыпқа қатысты мысалдар жаса.

Жүйелі сөз



7-тапсырма. Тақырыптарды оқы, онда не туралы айтылады деп ойлайсың?

Қонақтың сыбағасы.

Қонақ күту әдебі.

Адам болар бала қонаққа үйір.



8-тапсырма. Төменде берілген мәтіндерді оқып шық. Тақырыптар мен мәтінді мазмұны бойынша сәйкестендір.

Ата-бабамыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі – қонақжайлылық. Қазақ арнайы қонақ шақырып, той жасағанда келуші кісілер саны оннан аспаса – бір семіз марқа, жиырма болса – тоқтылы қой не екі үлкен ту қой, отыздан асса – бір құлын не тай сойылған.

Арнайы келіп қонған сыйлы қонаққа мал соймай, өлі етпен жөнелту немесе көже, құрт, май, шай, айран беру үлкен айып.


Қазақта сыйлы қонаққа бас тарту – ежелгі ел дәстүрі.

Әр қонақтың өзіндік сый-сапты, мүше ұстау рәсімдері бар. Мысалы, жасы үлкен ақсақалға, алыстан келген сыйлы



қонаққа бас ұсынылса, онан кейінгі отырған қонаққа асықты жілік ұстатады. Ал, күйеу бала мен келінге төс тартады. Балаға құлақ беру үлкеннің ақыл кеңесін ұғып жүр дегенді, қызға таңдай беру ісмер, кестеші бол деуді білдіреді.

Қонақ шөлдеп келсе, қымыз беріп, одан кейін шәй әзірлейді. Әдетте, шайды бойжеткен қызға құйдырады. Оның себебі, қыз бала ас иесі болғандықтан, жастайынан қонақ күтуді үйрене берсін деген ниет болған. Екіншіден, бойжеткен қызға шай құйғыза отырып, қыздың аспазшылық өнерін елге паш ету. Бір үй толы қонаққа кесені ауыстырмай, шайды қызыл күрең етіп баптап беру – үлкен өнер. Осыны көрген жолаушы, әсіресе қариялар ойына түйіп, барған жерінде «бәленшенің үйінде бәлен деген бойжеткен қыз бар екен, шіркіннің шай құйысы, қонақ күтісі-ай» – деп мақтайтын болған. Құда түсу үшін қыз салу осындайдан басталған.



Келген қонақтың әңгімесіне балалар құмар болады. «Адам болар бала қонаққа үйір» деп халық тегін айтпаған. Себебі, қонақ жат ортадан келумен байланысты, ол ел арасындағы жаңалықтар, көптеген нақыл сөздер, ой-пікірлер айтып, қаскелең ұрпақтың ақыл-ойына, дүниетанымына, қарым-қатынасының кеңеюіне ықпалын тигізген. Осындай үлкен-кішілердің арасындағы қарым-қанытастарға қатысу арқылы, бала әңгіме тыңдап, ән айтудың, демалудың бір түріне, оның дәстүрлі әдеттеріне жастайынан үйренген.

Қонағын аттандырар кезде отағасы қонағынан «бұйымтайын» сұрайды. Қалыптасқан дәстүр бойынша қонақ-үй иесінің атын, мылтығы мен итінен басқа кез келген затты сұрауына болады. Үй иесі қонағының көңілін жықпай, қалауын беріп, «көріскенше күн жақсы, қош, сау болыңыз!» деп қоштасып аттандырып салған.



9-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қонақжайлылық қандай дәстүр?
2. Арнайы қонақ шақырғанда кісі саны оннан аспаса қандай мал сояды?

3. Қонақ күтуде айып деп не саналған?
4. Әр қонақтың өзіндік сыйы мен мүше ұстау рәсімі бар, жасы үлкен, алыстан келген сыйлы қонақтарға қандай мүше ұстатады?
5. Қонағын аттандырар кезде отағасы қонағынан не сұрайды?



10-тапсырма. Мәтіннен берілген сөйлемдерге сұрақ қой.

Сөйлем	Сұрақ
Арнайы келіп қонған сыйлы қонаққа мал соймай, өлі етпен жөнелту немесе көже, құрт, май, шай, айран беру үлкен айып.	
Әр қонақтың өзіндік сый-сияпаты, мүше ұстау рәсімдері бар.	
Күйеу бала мен келінге төс тартады.	
Қалыптасқан дәстүр бойынша қонақ-үй иесінің атын, мылтығы мен итінен басқа кез келген затты сұрауына болады.	
Бір үй толы қонаққа кесені ауыстырмай, шайды қызыл күрең етіп бастап беру – үлкен өнер.	

Сұлу саз



11-тапсырма. Кейіпкерлердің пікірлерін тыңдап, өз ойыңды айт.

Тойға шақыру



Қайрат: – Нұрлан, Майра, сәлеметсіздерме ме! Мен сіздерді қонаққа шақырамын.

Нұрлан: – Майра, бізді Қайрат қонаққа шақырып жатыр. Біз қандай сыйлық алып барамыз?

Майра: – Қашанға шақырып жатыр?

Нұрлан: – Ертеңге шақырып жатыр. Жаңа үйге кіріпті.

Майра: – Құтты болсын! Қоныс той жасайын деп жатыр ма?

Нұрлан: – Иә. Барлық туған-туыс, құда-құдағи, дос-жарандарды шақырып жатыр. Үйлері өте кең екен, кеше мен бардым.

Майра: – Иә, бала-шағасының несібесіне кең үй алыпты. Ертең шашу шашайық, жаңа үйлеріне таңдап кілем сатып алайық! Қуаныштарында шек жоқ шығар.

Асқар: – Сәлеметсіздер ме!



Нұрлан: – Асқар, Қайрат пен Айгүл жаңа үйге кіріпті. Ертең қоныс той жасамақшы, соған құрдастарын шақырып жатыр екен. Барлық құрдастарға хабарласып, ұйымдастырайық.

Асқар: – Жақсы жаңалық екен. Көрімдік берейік. Қай ауданнан алыпты?

Майра: – Сол жағалаудан алыпты. Бүгін көрішелерін ерулікке шақырып жатыр екен.

Асқар: – Той көбейді. Сенбі күні Мақсаттың қызы ұзатылады.

Майра: – Мақсаттың қызы Фатима тұрмысқа шығайын деп жатыр ма?

Асқар: – Иә, мен хабаршымын. Сендерге айтуға мені жіберген. Ертең кешке қонақасы, арғы күні той болады.

Нұрлан: – Қуанышты тойлар көбейді.

Майра: – Мақсат пен Нұргүлдің үйінде үлкен той болайын деп жатыр екен ғой. Қалың мал келеді, ілу іледі, киітін береді, құда шақырады, жасау жасайды.

Асқар: – Иә, қыздың ұзатылуы барлық тойдың бастауы ғой.

Майра: – Біз ертерек барып көмек берейік.

Нұрлан: – Лайым шаршасақ, тойдан шаршайық! Ұзағынан болсын бәрі!



12-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қой.

Бала-шаға ... несібе ... кең үй алыпты.

Ертең шашу шашайық, жаңа үй ... таңдап кілем сатып алайық!

Қуанышта ... шек жоқ шығар.

Мақсат пен Нұргүл ... үй ... үлкен той болайын деп жатыр екен ғой. Қалың мал келе ... , ілу іле ... , киіт ... бере ... , құда шақыра ... , жасау жасай Мен хабаршы сен ... айту ... мен ... жіберген. Ертең кеш ... қонақасы, арғы күн ... той болады.



13-тапсырма. Тақырыпқа байланысты оқыған мақала немесе көрген телебағдарлама туралы айт.

Алтын қалам



14-тапсырма. Мәтіндер бойынша берілген сөйлемдерді толықтыр.

1. Ата-бабамыздың ежелден келе жатқан
2. Қазақ арнайы қонақ шақырып, той жасағанда келуші кісілер саны оннан аспаса – бір семіз марқа,
3. Қонағын аттандырар кезде,
4. Қалыптасқан дәстүр бойынша қонақ-үй иесінің атын,
5. Қалың мал келеді, ілу іледі, киітін береді.



15-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құра.

- ❖ қалың мал, отағасы, қыдыру
- ❖ киіт, сый-сияпат, мүше
- ❖ той, өлең, ас
- ❖ жігіт, бәйге
- ❖ қуаныш



16-тапсырма. Үлгіге қарап, әрекет пен жағдаят ойлап жазыңдар.

Мен	Әрекет	өйткені	Қонақ күтуге байланысты жағдаят жазыңдар

Ой өрісі



17-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.

Д	Ә	С	Т	Ү	Р

1. Қонақ түрі.
2. Сый.
3. Туған күнде берілетін зат.
4. Үйленгенде не болады?
5. «Арман» сөзіне синоним.
6. Алғаш келінді көргенде не бересің?

Дұрыс жауабы: қыдырма, кәде, сыйлық, той, үміт, көрімдік



18-тапсырма. Желімен А.В.С бөліктеріндегі сөздер мен сөз тіркестерін байланыстырып сөйлем құрастыр.

А	В	С
Әр қонақтың өзіндік	мен келінге	«қонаққа үйір»
Қонағын аттандырар кезде	болар бала	шай әзірлейді
Қонақ шөлдеп келсе	мал соймай, өлі етпен жөнелту немесе көже, құр, май, шай айран	«бұйымтайын сұрады»
Ал күйеу бала	отағасы қонағынан	ұстау рәсімдері бар
Арнайы келіп қонған сыйлы қонаққа беру	қымыз беріп, одан кейін	үлкен айып
Адам	сый-сияпаты, мүше	төс тартады



19-тапсырма. Оқы. Ойыңды қос.

«Арнай қонақ» – мал сойып шақырған сыйлы қонақ.

«Құдайы қонақ» – кездейсоқ, бір түнеп аттанатын бейтаныс қонақ.

«Қыдырма қонақ» – алыстан ағайын-туғандарын, құда-жежжаттарын іздеп келіп, жатып-жастанып, бір бас мал жеп кететін қонақ.

«Қылғыма қонақ» – тамақтың піскенін аңдып жүріп, шақырусыз келіп, ет жеп кетер сүйкімсіз қонақ.

Қазақтар қандай сыйлық сыйлағанды және қандай сыйлық алғанды ұнатады? Достарың бен әріптестеріңнен сұра.

Сыйлықтар	береді	алады
Жәдігерлер		
Бұйымдар		
Ойыншықтар		
Кітаптар		
Гүлдер		
Аудио/видео		
Тұрмыстық техника		

Жалғасы

Бояулар (қыз-келіншектер)		
Көмпит/шарап		
Ақша		
Кім?	Не алғанды ұнатады?	Не бергенді ұнатады?
Әйел адамдар		
Ер адамдар		
Жастар		
Қарттар		



20-тапсырма. Сандар құпиясымен таныс. Есінде сақта.

Үш жүз

Ұлы жүз, орта, кіші жүз

Үш тәтті

Жан, мал, жар

Үш қауат

Ақыл, жүрек, тіл

Үш жұрт

Өз жұртың – күншіл

Қайын жұртың – міншіл

Нағашы жұртың – сыншыл



21-тапсырма. Қазақтың бір әншісі туралы білгенің бойынша досыңа хат жаз.



22-тапсырма. «Туған күн» әнінің мәтінін оқы, жаттап алыңдар. Өнді айтып үйреніңдер.

Туған жер

Үнімен оның жер еткен,
 Ашылды да, арайланып әлем есігі,
 Сезімдей туған жүректен,
 Тербетілді алтын айдар ұлдың бесігі.
 Қазақпыз ұлым «батыр» дер,
 Сүйіншісін жас сәбиге арнап жатыр ел.
 Қабыл боп елдің батасы,
 «Батыр бол» деп атын қойды оның атасы.

Қ 17 **Қазақ тілі** [Мәтін]: 6-сыныбына арналған оқулық /
У.А. Байқабылов [ва бошқ.]. – Ташкент: Республикалық
білім орталығы, 2022. – 224 б.

ISBN 978-9943-8174-4-9

УЎК 811.512.122(075.3)
КБК 81.2(5Қоз)я72

О'quv nashri

QOZOQ TILI 6

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
6-sinf o'quvchilari uchun darslik

(Qozoq tilida)

Редактор *Д. Байдиллаева*
Суретші *А. Чапленко*
Дизайнер *Ш. Ходжаев*
Техникалық редактор *Е. Степанова*
Корректор *А. Тәжібаева*
Компьютерде беттеген *К. Голдобина*

Басуға 2022 жылы 00 маусымда рұқсат етілді. Пішімі 60×84¹/₈.
Офсеттік қағаз. «Aria!» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 26,04. Баспа табағы 22,84.
Таралымы 0 000. Тапсырыс № 22-27.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.